Егер қол жеткізілетін техникалық нәтижеге ықпалын тигізсе, яғни көрсетілген нәтижемен себеп-салдарлы байланыста болса елеулі белгілерге жататын белгілерді қамтиды.

2) өнертабысты жүзеге асыру кезінде алатын техникалық нәтиже көрсетіліп, шешіміне өтінім берілген өнертабыс бағытталатын міндет;

3) өнертабысты сипаттайтын барлық елеулі белгілер қамтылады.

Неғұрлым жақын аналогтан ерекшеленетін белгілер бөліп көрсетіледі, бұл ретте сұратылып отырған құқықтық қорғау көлемі қолданылатын барлық жағдайда техникалық нәтижені алуды қамтамасыз ететін белгілер жиынтығы және өнертабысты тек жекелеген жағдайларда сипаттайтын, нақтылы орындау нысандарында немесе оны пайдаланудың ерекше жағдайларындағы белгілер көрсетіледі.

Белгі сипаттамасын осы белгі ашылған ақпарат көзіне сілтеме жасап алмастыруға жол берілмейді.

4) өнертабысқа көрсетілген құралдарды жүзеге асыру (дайындау) немесе пайдалану кезінде алынған техникалық әсер, қасиет, құбылыс сипаттамасын білдіретін техникалық нәтиже;

Егер өнертабыс бірнеше техникалық нәтижелер алуды қамтамасыз ететін болса (оның ішінде оны орындаудың нақты нысандары немесе пайдаланудың ерекше жағдайлары кезінде), оларды көрсету ұсынылады.

Техникалық нәтиже айналу кезін азайтуда, үйкеліс коэффициентін төмендетуде, сыналанып қалудың алдын алуда, дірілді төмендетуде, ісікке қарсы белсенділікті арттыруда, дәрілік препараттың әсерін оқшаулауда, құю құрылымының кемістігін жоюда, жұмысшы органның ортамен байланысын жақсартуда, сұйықтықтың іркілуін төмендетуде, дымқылданғыштықты жақсартуда, жарылудың алдын алуда, деректерді жіберу жылдамдығын арттыруда, деректерді өңдеу уақытын қысқартуда және техникалық әсерді ашатын өзге сипаттамаларда байқалады.

Алынатын нәтиже, атап айтқанда, егер:

адамның санасымен қабылдау ерекшелігінің салдарынан көрінсе;

сол немесе өзге қызметті оған қатысушылар арасындағы уағдаластық негізінде жүзеге асыру кезінде белгілі бір тәртіппен немесе белгіленген қағидаларды сақтау арқасында қол жеткізілсе;

сол немесе өзге ақпаратты алудан ғана тұрса;

сол немесе өзге нысанда қандай да бір тасымалдағышта ұсынылған ақпараттың мағыналық мазмұнының ерекшеліктерімен ғана байланысты болса;

ол қызықты және думанды болса, техникалық сипатқа ие емес деп есептеледі.

Егер өнертабыс жасау кезінде тек қана белгілі бір мақсаттағы техникалық құралдар арсеналын кеңейту немесе осындай құралдарды алғаш рет алу міндеті шешілетін болса, техникалық нәтиже осы мақсатты іске асырудан (осы мақсатты іске асыратын құрал жасаудан) тұрады және арнайы оны көрсету талап етілмейді, тек ұсынылып отырған өнертабыс дәл сондай мақсаттағы құралдар арсеналын кеңейтеді деген түсініктеме келтірілсе жеткілікті.

Нуклеотидтер немесе амин қышқылдарының тізбегі өнертабысты сипаттау үшін пайдаланылған жағдайда, ол тізбек тізбесінде "SEQIDNO" түрінде, егер тізбектер тізбесіндегі тізбек сипаттамасы осы мәтін пайдаланылып берілсе, тиісті бос мәтін келтіріліп тізбек нөмірін көрсету арқылы беріледі.

Өнертабыстар тобы үшін көрсетілген мәліметтер, оның ішінде техникалық нәтиже туралы мәліметтер де әрбір өнертабыс үшін жеке келтіріледі.

Әрбір микроорганизмдер штаммын, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсінділерін сипаттау кезінде объект алғашқы немесе тегі жақын штаммдардан ерекшеленетін белгілер қосымша көрсетіледі.

Белгілі өнім немесе тәсілді жаңа мақсат бойынша қолдануға жататын өнертабысты сипаттау кезінде осы белгілі объектінің сипаттамасы және ол сипатталған ақпарат көзінің библиографиялық деректері келтіріледі, оның белгілі және жаңа мақсаты

көрсетіледі; егер өнертабыс жаңа өнімді белгілі бір мақсат бойынша қолдану түрінде сипатталса, қолданылатын объект пен мақсаттан басқа осындай мақсатқа негізделетін оның қасиеттері туралы мәліметтер келтіріледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 26.12.2018 № 1630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Фигуралар тізбесінен басқа, сызбаларды және өзге материалдарды жасау кезінде олардың әрқайсысында не кескінделгеніне қысқаша нұсқау келтіріледі. Егер өнертабыс мәнін түсіндіретін өзге материалдар берілсе, олардың мазмұнына қысқаша түсінік келтіріледі.

12. Өнертабыстың жүзеге асылу мүмкіндігін растайтын мәліметтерде өтінім беруші көрсеткен мақсатта іске асыру мүмкіндігі және өнертабыстың мәнінде көрсетілген техникалық нәтижені алу мүмкіндігі ашып көрсетіледі.

Мәні жалпы түсінікте айтылған белгі пайдаланыла отырып сипатталатын, атап айтқанда функционалдық жинақтау деңгейінде ұсынылған өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігі осы белгіні іске асыру не оны алу әдістеріне арналған құралдардың өтінім материалдарында тікелей сипатталуы немесе осы құралдың белгілігі не оны алу әдістері көрсетілуі арқылы расталады.

Өнертабысты сипаттау үшін мәндердің аралығы түрде көрсетілген сандық белгілерді пайдалану кезінде осы аралықтағы техникалық нәтиже алу мүмкіндігі көрсетіледі.

13. Құрылғыға жататын өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтерде сызба фигураларына сілтемелермен оның конструкциясының статикалық жай-күйдегі сипаттамасы келтіріледі. Сипаттамадағы конструктивтік элементтердің сандық белгілемелері олардың сызба фигурасындағы сандық белгілемелеріне толық көлемде сәйкес келуге тиіс.

Құрылғы конструкциясының сипаттамасынан кейін оның әрекеті (жұмысы) немесе сызбалар фигураларына сілтемемен бірге пайдаланылу тәсілі сипатталады, ал қажет болған кезде - өзге де түсіндіруші материалдар (эпюра, уақытша диаграммалар және басқалар) сипатталады.

Егер құрылғыда функционалды деңгейде сипатталған элемент болса және сипатталатын нысан бағдарламаланған (күйіне келтірілген) көп функциялы құралды пайдалануды болжаса, онда аталған функция құрылғысы құрамында оған нақты телінген осындай құралмен орындау мүмкіндігін растайтын мәліметтер беріледі.

Егер мұндай мәліметтер қатарында алгоритм, атап айтқанда есептеуіш алгоритм келтірілсе, оны блок-схема түрінде немесе егер бұл мүмкін болса, тиісті математикалық өрнекте келтірген дұрыс.

14. Затқа жататын өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер:

Құрылымы белгіленген химиялық қосылысқа жататын өнертабыс үшін белгілі әдістермен дәлелденген құрылымдық формула, физика-химиялық тұрақты шамалар келтіріледі және көрсетілген мақсат бойынша өнертабысты пайдалану мүмкіндігі көрсетіледі.

Биологиялық белсенді қосылыс үшін сандық белсенділік сипаттамаларының көрсеткіштері және улылығы да, ал қажет болған жағдайда - таңдалған әрекеттер мен басқа да көрсеткіштер келтіріледі.

Егер өнертабыс адамдар немесе жануарлардың белгілі бір жай-күйін немесе ауруларын емдеу, диагностикалау немесе алдын алуға арналған құралға жататын болса, сипаттамада осы құралдың физиологиялық немесе патологиялық процестердің белгілі бір бөліміне әсері туралы немесе олармен байланысы туралы мәліметтер келтіріледі.

Егер жаңа химиялық қосылыс микроорганизмдер штаммы, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсіндісі пайдаланылып алынса, осы штаммның, жасушалар өсінділерінің қатысуымен болатын биосинтез тәсілі туралы мәліметтер, олар туралы деректер және оны сақтауға беру туралы мәліметтер келтіріледі.

Егер өнертабыс жалпы құрылымдық формуламен сипатталатын, құрылымы белгіленген химиялық қосылыстар тобына (қатарына) жататын болса, барлық қосылыстар топтарын (қатарын) алу тәсілінің жалпы схемасын, сондай-ақ нақты қосылыстар тобын (қатарын) алу мысалын, ал егер топқа (қатарға) химиялық жаратылысы бойынша түрлі радикалдармен қосылыс кірсе, осы түрлі радикалдармен қосылыстар алу мүмкіндігін растауға жеткілікті мысалдарды келтіру арқылы алу мүмкіндігі расталады.

Алынған қосылыстар үшін белгілі әдістермен расталған олардың құрылымдық формулалары, физика-химиялық тұрақты шамалары, химиялық жаратылысы бойынша әртүрлі радикалдармен кейбір қосылыстарға қатысты мұндай мүмкіндік растала отырып, көрсетілген мақсатты іске асыру мүмкіндігінің дәлелдемелері келтіріледі.

Егер өнертабыс аралық қосылысқа жататын болса, оның белгілі түпкілікті өнімге қайта өңделу мүмкіндігі не одан нақты мақсаттағы немесе биологиялық белсенді жаңа түпкілікті өнім алу мүмкіндігі көрсетіледі.

Құрылымы белгіленбеген жаңа химиялық қосылысқа немесе белгіленбеген құрам қоспасына және (немесе) құрылымға жататын өнертабыстар үшін осы қосылысты немесе қоспаны басқалардан ажыратуға қажетті деректер келтіріледі.

Қосылыстар немесе қоспалар алу үшін бастапқы реагенттер туралы мәліметтер, сондай-ақ өтінім беруші көрсеткен сол қосылыстардың немесе қоспалардың мақсатын іске асыру мүмкіндігін растайтын деректер, атап айтқанда, осы мақсатқа негізделетін қасиеттері туралы мәліметтер келтіріледі.

Егер өнертабыс композицияға (қоспаға, ерітіндіге, қорытпаға, шыныға және сол сияқтыларға) жататын болса, композициялық құрамына кіретін ингредиенттер, олардың сипаттамасы және сандық ара салмағы көрсетілетін мысалдар келтіріледі.

Композицияны алу тәсілі сипатталады, ал егер оның құрамында ингредиент ретінде жаңа зат болса, оны алу тәсілі сипатталады.

Келтірілген мысалдарда әрбір ингредиенттің құрамы өнертабыстың формуласында көрсетілген мәндердің аралығы шегінде болатын (өнертабыс формуласындағы ингредиенттердің сандық ара салмағы пайызбен (массасы немесе көлемі бойынша) көрсетілген кезде мысалда көрсетілген барлық ингредиенттердің жиынтық құрамы 100%-ға теңеледі) жеке-дара мәнде көрсетіледі.

15. Биотехнологиялық өнімге (тірі объектіге) жататын өнертабыстарды жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер:

Өсімдікке немесе жануарға жататын өнертабыс үшін өсімдіктің немесе жануардың шығу тегі мен оларды алу тәсілі ашып көрсетіледі, сондай-ақ оны мәлімделген мақсат бойынша пайдалану мүмкіндігі және өсімдікте немесе жануарда пайдалы қасиет үшін осы өсімдікті немесе жануарды алу жүзеге асырылған, сол пайдалы қасиеттің болуы расталады; өсімдік немесе жануарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін белгілер келтіріледі.

Осындай талаптар өсімдіктің немесе жануардың тұқымына, сондай-ақ олардың жеке бөліктеріне (элементтеріне) қойылады.

Егер өсімдік немесе жануарды жасау кезіндегі міндет оны қандай да бір өнім (зат) көмегімен алу болып табылса, онда мұндай өнім (мұндай зат) шынында алынғанын және белгіленген қасиеттерге ие екендігін растайтын мәліметтер келтіріледі. Қажет болған кезде өнімділік деңгейі туралы мәліметтер келтіріледі.

Микроорганизм штаммасына, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсінділеріне жататын өнертабыс үшін номенклатуралық деректер және штаммның шығу тегі, қоректік орталардың (егіс және ферменттеу) сандық және сапалық құрамдары туралы деректер, өсіру жағдайлары (температурасы, рН, үлестік масса ауысымы, жарықтылығы) ферментация уақыты, биосинтез сипаттамасы, пайдалы (нысаналы) өнімдер, өнімнің шығуы туралы, белсенділік (өнімділік) деңгейі және оны айқындау (тестілеу) тәсілдері туралы деректер көрсетіледі.

Нысаналы өнімдерді бөліп алу және тазарту тәсілі (жаңа нысаналы өнімдер өндірушілері үшін, мысалы, антибиотиктер, ферменттер, моноклональды антиденелер) ашып көрсетіледі.

Микроорганизмдер, өсімдіктер немесе жануарлар жасушалары консорциумдары үшін мынадай деректер көрсетіледі: құрамбөліктердің бар-жоғын тексеру әдісі, бөліну (селекция) әдісі және селекция жүргізілген белгілер, ұзақ өсіру кезіндегі консорциум тұрақтылығы, бөтен микроорганизмдермен зақымдануына төзімділік.

Микроорганизмдер штаммына, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсіндісіне не оның пайдаланылатын тәсіліне жататын өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігі штамм алу тәсілін сипаттаумен, күні өнертабысқа басымдық берілген күннің алдында келетін сақтауға беру туралы (депозитарий-коллекция атауы және

сақтауға берілген объектіге коллекциямен берілген тіркеу нөмірі) мәліметтерді ұсынумен расталады.

Егер микроорганизмдер штаммы, өсімдіктер немесе жануарлар жасушыларының өсінділері, консорциум кем дегенде патент қолданылатын мерзім ішінде объектінің тіршілікке қабілетін қолдауға кепілдік беретін халықаралық немесе қазақстандық коллекцияға орналастырылса, патент рәсімінің мақсаттары үшін сақтауға беру жүзеге асырылды деп есептеледі.

16. Биотехнологиялық өнімге (тірі емес объектіге) жататын өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер

Барлық биотехнологиялық өнімдер үшін олардың жүзеге асыратын функциясы немесе белсенділік түрі, шығу тегі көрсетіледі және ол арқылы осы өнімдер алынған тәсіл ашып көрсетіледі және мәлімделген мақсат бойынша оларды пайдалану мүмкіндігі расталады.

Құрылымы белгіленбеген немесе ішінара белгіленген өнімдер үшін, одан басқа құрылымдық формула немесе құрылу ерекшеліктері, оның ішінде нуклеин қышқылдары үшін нуклеотидтердің тізбегі, ақуыздар, полипептидтер, пептидтер үшін амин қышқылдарының тізбегі және құрама элементтердің, оның ішінде реттеуіш және кодтау салаларының, плазмидалар, векторлар, генетикалық конструкциялар, рекомбинаттық және буданды молекулалар үшін сайттар мен маркерлердің бар болуы және орналасу тәртібі келтіріледі.

Құрылымы белгіленбеген өнімдер үшін оларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, атап айтқанда басқа белгілі өнімдерден ажырататын белгілер жиынтығы келтіріледі.

Моноклондық антиденелер үшін оларды алу тәсілі, атап айтқанда антиденені өңдейтін гибридом туралы мәліметтер келтіріледі, оның ішінде оны сақтауға беру туралы куәлік беріледі. Медициналық және ветеринариялық мақсаттағы өнімдер үшін улылығы, пирогенділігі, жақпауы немесе басқа шектеулер туралы мәліметтер келтіріледі.

Егер өнертабыс жалпы құрылымдық элементі (элементтері) бар жаңа өнімдер тобына жататын болса, оларды алудың жалпы тәсілін ашу арқылы топқа кіретін өнімдерді алу, сондай-ақ топтың нақты қосылыстарын алу мысалдарын ұсыну мүмкіндігі расталады.

Атап айтқанда, егер өнертабыс нуклеотидтер немесе амин қышқылдарының тізбегі белгіленген нуклеин қышқылына немесе ақуызға (полипептидке, пептидке), сондай-ақ қоспа, делеция немесе нуклеотидтерді не амин қышқылдарын алмастыру нәтижесінде пайда болған олардың нұсқаларына жатса, өнімдері көрсетіле отырып осындай қоспалардың, делециялардың және алмастырулардың таралмауы туралы мәліметтер келтіріледі және осындай тәсілмен алынған өнімдер алғашқы өнім сияқты белсенділік пен соған ұқсас функция түрлеріне ие екені расталады.

Нуклеин қышқылдарының будандастырылған тізбектері үшін будандастыру түрі мен будандастыру деңгейі (пайызы) көрсетіледі. Бұл ретте будандастыру дәрежесін бағалау тәсілі ашып көрсетіледі, көрсетілген дәрежеде бастапқымен будандастырылатын нақты тізбектердің мысалдары келтіріледі және осындай тізбектердің функционалдық ерекшеліктерін растайтын мәліметтер келтіріледі.

Нуклеин қышқылдарының, ағзалардың, полипептидтер мен пептидтердің гомологиялық және комплементарлық тізбектері үшін гомологиялық немесе комплементарлық дәрежесі (пайызы) көрсетіледі. Бұл ретте гомологиялық немесе комплементарлық дәрежесін бағалау тәсілі ашып көрсетіледі, көрсетілген дәрежеде бастапқы гомологиялық немесе комплементарлық нақты тізбектердің мысалдары және осындай тізбектердің функционалдық ерекшеліктерін растайтын мәліметтер келтіріледі.

Аралық және түпкілікті өнімді қамтитын өнертабыс тобы үшін көрсетілген аралық өнімнен қасиеттері мен белсенділік түрі белгіленген түпкілікті өнімді алу тәсілі ашып көрсетіледі.

17. Тәсілге жататын өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер:

Тәсілге жататын өнертабыс үшін мысалдарда материалдық объектіге қатысты іс-әрекет тізбегі (амалдар, операциялар), сондай-ақ іс-әрекет жасау жағдайы, нақты режимдер (температура, қысым), егер бұл қажет болса, бұл ретте пайдаланылатын құралдар (құрылғы, заттар және штаммдар) көрсетіледі. Егер тәсіл басымдық берілген күнге дейін белгілі құралдардың пайдаланылумен сипатталса, осы құралдарды көрсету жеткілікті. Белгісіз құралдарды пайдалану кезінде олардың сипаттамасы келтіріледі және қажет болған жағдайда графикалық кескіні қоса беріледі.

Тәсілде жаңа заттарды пайдалану кезінде оларды алу тәсілі ашып көрсетіледі.

Жалпы құрылымдық формуламен сипатталатын химиялық қосылыстар тобын (қатарын) алу тәсіліне жататын өнертабыс үшін осы тәсілмен қосылыстар тобын (қатарын) алу мысалы келтіріледі, ал егер топ (қатар) химиялық жаратылысы бойынша түрлі радикалдармен қосылыстарды қамтыса, осы түрлі радикалдармен қосылыстар алу мүмкіндігін растау үшін жеткілікті мысалдар көлемі келтіріледі.

Топқа (қатарға) кіретін алынған қосылыстар үшін белгілі әдістермен расталған құрылымдық формулалар және физика-химиялық сипаттамалар келтіріледі. Сипаттамада жаңа қосылыстардың мақсаты немесе биологиялық белсенділігі туралы мәліметтер де көрсетіледі.

Құрылымы белгіленбеген химиялық қосылыстар немесе құрылымы белгіленбеген қоспалар алу тәсіліне жататын өнертабыстар үшін осы қосылыстарды басқаларынан ажыратуға қажетті мәліметтер көрсетіледі. Қосылыстар немесе қоспалар алу үшін бастапқы реагенттер туралы мәліметтер, сондай-ақ өтінім беруші көрсеткен осы қосылыстар немесе қоспалар мақсатын іске асыру мүмкіндігін растайтын деректер, атап айтқанда осы мақсатқа негізделетін қасиеттер туралы мәліметтер келтіріледі.

Биотехнологиялық өнімді алу тәсіліне жататын өнертабыс үшін алынған өнім белгіленген қасиеттерге шынында ие екендігі және белгіленген мақсат бойынша пайдаланылатыны расталады, өнімді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін белгілер, тиісті жағдайларда - құрылымдық формуласы, құрылысы мен құрамының ерекшеліктері, сондай-ақ өнім түріне қарай өзге де белгілері беріледі.

Жалпы құрылымдық элемент (элементтері) бар биотехнологиялық өнімдер тобын алу тәсіліне жататын өнертабыс үшін топтың барлық өнімдерін алу мүмкіндігін растау үшін жеткілікті мысалдар саны келтіріледі, бұл ретте алынған барлық биотехнологиялық өнімдер белсенділіктің бір түріне ие екендігі және сол бір функцияны жүзеге асыратыны расталады.

Микроорганизмдердің белгісіз штамдары, өсімдіктер немесе жануарлар жасушасының өсінділері тәсілде пайдаланылған кезде оларды сақтауға беру туралы мәліметтер немесе өнертабысты жүзеге асыруға жеткілікті штамм немесе жасушалар өсіндісін алу тәсілінің сипаттамасы келтіріледі.

Элементі немесе бұйымның өзі құрамы белгіленбеген материалдан және (немесе) құрылымнан жасалған бұйымды алу тәсіліне жататын өнертабыс үшін материал және материалдың қасиеттері және элементтің және (немесе) жалпы бұйымның пайдаланылуы туралы деректемелер келтіріледі.

Адамдар немесе жануарлардың жай-күйін немесе ауруын емдеу, диагностикалау немесе алдын алу тәсіліне жататын өнертабыстар үшін аурудың этиопатогенезіне оның пайдаланылуының ықпалын түсіндіретін анықталған факторлар туралы мәліметтер немесе көрсетілген алдын алуды немесе ауруларды емдеу, диагностикалау немесе алдын алу тәсіліне жарамдылығын растайтын басқа да анық деректер (барабар модельдерге экспериментте немесе басқа жолмен алынған) келтіріледі.

18. Белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсат бойынша және жаңа өнімді белгілі бір мақсат бойынша қолдануға жататын өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтерде олардың осы мақсатта іске асырылу мүмкіндігін растайтын мәліметтер келтіріледі.

19. Өнертабыс формуласының мақсаты және формуланың мазмұны:

1) өнертабыс формуласы патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемін анықтауға арналады;

2) өнертабыс формуласы өнертабыс объектісін айқындауы және өнертабыс мәнін көрсетуі керек;

3) өнертабыс формуласы анық, нақты болуы керек, сипаттамаға негізделеді және өнертабыс сипаттамадағы бар ұғымдармен сипатталуы керек;

4) өнертабыс формуласы, егер ол өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтижеге жетуге жеткілікті елеулі белгілерінің жиынтығы болса, оның мәнін көрсететін болып танылады;

5) өнертабыс белгілері өнертабыс формуласында оларды сәйкестендіру мүмкіндігін, яғни олардың мағыналық мазмұнының техникалық деңгейі негізінде маманның бір мәнді түсінуін қамтамасыз ететіндей етіп көрсетіледі;

6) өнертабыс формуласындағы белгі сипаттамасын осы белгі ашып көрсетілген ақпарат көзіне сілтемемен алмастыруға болмайды. Белгі сипаттамасын сипаттамаға немесе өтінім сызбаларына сілтемемен алмастыруға оның сәйкестігі туралы талаптарды бұзбай, белгіні мұндай сілтемесіз сипаттау мүмкін болмаған жағдайда ғана жол берілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, "фигурада көрсетілгендей", "сипаттама бөлігінде сипатталғандай" деген сөздер пайдаланылуы мүмкін.

Сызбаларға сілтемелер сөзбен немесе математикалық тәсілмен сипатталуға келмейтін, орындалу нысанымен ерекшеленетін объектілерді сипаттау кезінде, сондай-ақ өнертабыс объектісінің қасиеттері графиктер және диаграммалар немесе биотехнологиялық өнімдер көмегімен ғана сипатталуы мүмкін, олардың сөзбен көрсетілген сипаттамасы қиындау және өнертабыс формуласын ыдыратып жіберетін химиялық заттар болып табылатын жағдайларда пайдаланылуы мүмкін.

Атап айтқанда, егер өнертабысты сипаттау үшін нуклеотидтер мен (немесе) амин қышқылдарының тізбегі пайдаланылса, онда өнертабыс формуласында олардың тізбектер тізбесіндегі "SEQIDNO" түріндегі нөмірге немесе тиісті графикалық материалға сілтемесін жасауға жол беріледі.

7) егер ортақ ұғымды қамтитын сипаттамалар өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтиже алудың басқа да белгілер мен жиынтықты қамтамасыз етсе, өнертабыс белгісін оны іске асырудың түрлі жеке нысандарын қамтитын ортақ ұғыммен (функциясын, қасиетін білдіретін) сипаттауорынды;

8) мұндай белгі көрсетілген баламамен жол берілетін кез келген таңдау кезінде өнертабыстың басқа да белгілер жиынтығымен сол бір техникалық нәтиже алуды қамтамасыз еткен жағдайда, белгі баламалы түрде көрсетіледі;

9) осы объектіні сипаттаудың өзге нысаны қиын болса және олар жалпыға белгілі және нақты мәнге ие болған жағдайда, өнертабыс формуласында өнімдердің, заттардың шартты атауларын және сол сияқтыларды пайдалануға жол беріледі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10) егер берілген ұсыныс ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы өнертабыстарға жататын болса, өнертабыс формуласы "тәсіл" және (немесе) "құрылғы" объектісіне Қағидалардың 5-тармағына сәйкес тиісті белгілерді көрсете отырып құрастырылады. Формулаға электронды-есептеу машинасы программасының немесе онда пайдаланатын алгоритмнің сипаттамасын қосуға болмайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 26.12.2018 № 1630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Өнертабыс формуласы бір бөлімді және көп бөлімді түрде беріледі және тиісінше бір немесе бірнеше тармақты қамтиды.

21. Өнертабыстың бір бөлімді формуласы оны орындау немесе пайдаланудың жекелеген жағдайларына қатысты қолданылатын дамытылмаған және (немесе) нақтыланбаған елеулі белгілер жиынтығымен бір өнертабысты сипаттау үшін қолданылады.

22. Көп бөлімді формула өнертабысты орындау немесе пайдаланудың жеке жағдайларына немесе өнертабыстар тобын сипаттауға қатысты оның белгілерінің жиынтығын дамыту және (немесе) анықтаумен бір өнертабысты сипаттау үшін қолданылады.

Бір өнертабысты сипаттайтын көп бөлімді формуланың бір тәуелсіз тармағы және одан кейінгі тәуелді тармағы (тармақтары) болады.

Өнертабыстар тобын сипаттайтын көп бөлімді формуланың бірнеше тәуелсіз тармақтары болады, олардың әрқайсысы топтағы өнертабыстардың біреуін сипаттайды. Бұл ретте топтың әрбір өнертабысы тиісті тәуелсіз тармаққа бағынышты тәуелді тармақтарды тарта отырып сипатталады.

Көп бөлімді формула тармақтары мазмұндалу тәртібімен, "1"-ден бастап тізбектеліп араб цифрларымен нөмірленеді.

23. Өнертабыстар тобын сипаттайтын формулалар былайша ресімделеді:

1) жекелеген өнертабыстарды сипаттайтын тәуелсіз тармақтарда формуланың басқа тармақтарына сілтемелер болмайды (мұндай сілтеме жасауға осы тәуелсіз тармақты ондағы басқа тармақпен толық қайталамаған жағдайда ғана жол беріледі);

2) топтың түрлі өнертабыстарын сипаттау үшін сол бір мазмұндағы тәуелді тармақтар келтірілетін жағдайларды қоса отырып, тәуелді тармақтар өздері бағынышты тәуелсіз тармақтармен бірге топтастырылады.

24. Формула тармақтары былайша құрастырылады:

1) формула тармағы неғұрлым жақын ұқсас белгілеріне сәйкес келетін өнертабыс белгілерін, оның ішінде формуланы жазу басталатын мақсатты көрсететін тектік ұғымды қамтитын шектеу бөлігінен және өнертабысты неғұрлым жақын аналогынан ажырататын белгілерді қамтитын айырмалық бөліктен тұрады;

2) формула тармағын жасау кезінде шектеу бөлімі жазылғаннан кейін ".....мен ерекшеленетін" деген сөз тіркесі енгізіледі, бұдан кейін тікелей айырма бөлімі жазылады;

3) формула тармағы шектеу және айырма бөліміне бөлмей жасалған кезде мақсатын көрсететін тектік ұғымнан кейін "сипатталатын", "тұратын", "қамтитын" деген сөздер енгізіледі, одан кейін өнертабысты сипаттайтын елеулі белгілер жиынтығы келтіріледі.

4) формула тармағы бір сөйлем түрінде жазылады.

25. Өнертабыс формуласы, егер ол:

1) химиялық қосылысты;

2) микроорганизмдер штаммдарын, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсінділерін;

3) белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсат бойынша немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсат бойынша қолдануды;

4) аналогы жоқ өнертабысты сипаттайтын болса, тармақ шектеу бөлігі мен айырмалық бөлікке бөлінбей құрастырылады.

26. Формуланың тәуелсіз тармақтары былайша ресімделеді:

Өнертабыс формуласының тәуелсіз тармағы бір ғана өнертабысқа жатады. Онда өнертабыс сұратылып отырған құқықтық қорғау көлемін айқындайтын оның белгілерінің жиынтығымен сипатталады және өнертабыс объектісін логикалық анықтау түрінде жазылады.

Формуланың тәуелсіз пункті, егер онда қамтылған белгілер жиынтығы:

сол бір техникалық нәтижені алуды қамтамасыз етпейтін балама түрінде көрсетілген белгілер не әрқайсысы бірнеше функционалды дербес белгілерді қамтитын балама түрінде көрсетілген белгілердің тобын (құрылғының торабы немесе бөлшегі; тәсіл операциясы, зат, материал, тәсілде қолданылатын керек-жарақ; композиция ингредиенті), оның ішінде осындай белгілердің қандай да біріне арналған сол немесе өзге баламаны таңдау басқа белгі (белгілер) үшін жүргізілген таңдауға байланысты болса;

әртүрлі объектілерге немесе көрсетілген ортақ мақсаттағы құралдар жиынтығы іске асырылмай, әрқайсысы жеке мақсаттағы құралдар жиынтығына жататын өнертабыстар сипаттамасын қамтыса, бір өнертабысқа жатады деп танылмайды.

27. Формуланың тәуелді тармақтары былайша ресімделеді:

Формуланың тәуелді тармағында тәуелсіз тармақта келтірілген өнертабыс белгілерінің дамуы және (немесе) олардың өнертабысты орындау немесе пайдаланудың жеке жағдайларында ғана оны сипаттайтын белгілерімен қосындысын нақтылау қамтылады.

Формуланың тәуелді тармағының шектеу бөлігі тәуелсіз тармақта келтірілгенмен салыстырғанда қысқаша мазмұндалған өнертабыс мақсатын көрсететін тектік ұғымнан және тәуелсіз тармаққа және (немесе) осы тәуелді тармақ жататын тәуелді тармақтан (тармақтардан) тұрады.

Тәуелді тармақ формуланың бірнеше тармағына бағынысты болғанда оларға сілтемелер баламалар пайдаланыла отырып көрсетіледі.

Егер оны орындау немесе пайдаланудың жеке жағдайында өнертабысты сипаттау үшін тәуелді тармақ белгілерімен қатар тек тәуелсіз тармақ белгілері қажет болса, осы тәуелді тармақтың тікелей тәуелсіз тармаққа бағыныстылығы пайдаланылады.

Егер көрсетілген сипаттама үшін формуланың бір немесе бірнеше тәуелді тармақтарының белгілері де қажет болса, осы тәуелді тармақтың тиісті тәуелді тармақтар арқылы тәуелсіз тармаққа бағыныстылығы пайдаланылады.

Өнертабыс формуласының тәуелді тармағы баяндалған кезде, оны тәуелді ететін формула тармағында сипатталған өнертабыс сипаттамаларын ауыстыруға немесе алып тастауға болмайды, сондай-ақ осы Қағидалардың 26 тармағында көзделген өзгешеліктермен ерекшеленетін сипаттамалар жиынтығын қоспау керек.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 26.12.2018 № 1630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Құрылғыға жататын өнертабыс формуласының ерекшелігі құрылғы белгілері формулада оның статистикалық жай-күйін сипаттайтындай етіп жазылуы болып табылады.

Құрылғының конструкциялық элементін орындауды сипаттау кезінде оның ширақтығын, оның белгілі функцияны іске асыру мүмкіндігін көрсетуге жол беріледі.

29. Затқа жататын өнертабыс формуласының мынадай ерекшеліктері бар:

Кез келген жолмен пайда болған, құрылымы белгіленген химиялық қосылысты сипаттайтын өнертабыс формуласына қосылыстың химияда қабылданған номенклатуралардың бірі бойынша атауы немесе қосылыстың белгілемесі және оның құрылымдық формуласы енгізіледі (қосылыстың мақсаты көрсетілмейді).

Құрылымы анықталмаған қосылыс жағдайында өнертабыс формуласында қосылыс мақсатының сипаттамасын қамтитын, осы қосылысты басқаларынан ажыратуға мүмкіндік беретін физика-химиялық және өзге де сипаттамалары, атап айтқанда оны алудың тәсілі келтіріледі.

Композицияға жататын өнертабыс формуласында мақсаты көрсетіліп оның атауы, композицияға кіретін ингредиенттер және қажет болған кезде ингредиенттердің сандық құрамы келтіріледі; егер композицияны сипаттайтын өнертабыс формуласының ингредиенттердің сандық құрамы жататын белгілері болса, онда олар құрамының (төменгі және жоғарғы) ең аз және ең көп шегін сипаттайтын кез келген бір мәнді, екі мәнді бірлікте көрсетіледі.

Композиция ингредиенттерінің бірінің құрамын бір мәнде, ал қалған ингредиенттер құрамы - осы дара мәнге қатысты мәндер аралығы түрінде көрсетуге жол беріледі.

Композиция құрамындағы антибиотиктердің, ферменттердің, анатоксиндердің сандық құрамын композицияның қалған компоненттер бірлігінен өзге бірліктерде көрсетуге жол беріледі.

Егер композицияға жататын өнертабыс қосымша ингредиент енгізумен сипатталса, формулаға тиісті айырмалық белгілерін көрсетуден бұрын "қосымша қамтиды" деген сөз тіркесі енгізіледі.

Мақсаты белсенді бастаумен ғана айқындалатын, ал басқа компоненттері осы мақсаттағы композицияларда дәстүрлі қолданылатын шеңбердің бейтарап тасымалдаушылары болып табылатын композициялар үшін формулада осы белсенді бастау және композиция құрамындағы оның цифрлық құрамын ғана, оның ішінде " тиімді саны" нысанында көрсетуге жол беріледі.

Белсенді бастаудан басқа, "мақсатты қосымша" жинақталған ұғымы нысанында басқа компоненттерді (бейтарап тасымалдаушылар) көрсету осындай композиция сипаттамасының басқа нұсқасы болып табылады. Мұндай жағдайда белсенді бастау мен мақсатты қосымшаның сандық арақатынасы көрсетіледі.

Егер өнертабыс белгісі ретінде күрделі құрамдағы белгілі зат көрсетілсе, функциясын немесе осы заттың қасиетін және оның негізін көрсетіп оның арнайы атауын пайдалануға жол беріледі. Бұл жағдайда өнертабыс сипаттамасында осы зат сипатталған ақпарат көзі келтіріледі.

30. Биотехнологиялық өнімге жататын өнертабыс формуласының мынадай ерекшеліктері бар:

Құрылымы белгіленген немесе ішінара белгілеген тірі емес объектілерге жататын өнімдерді сипаттайтын өнертабыс формуласына құрылымдық формула немесе осындай өнімдердің құрылысын, атап айтқанда нуклеин қышқылдары (гендер, ген фрагменттері) үшін нуклеотидтердің тізбегін және ақуыздар, полипептидтер мен пептидтер үшін амин қышқылдарының тізбегін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де белгілер енгізіледі.

Құрылымы белгіленбеген тірі емес объектілерге жататын өнімдер үшін өнертабыс формуласына көрсетілген өнімдерді сәйкестендіруге, атап айтқанда оларды басқа белгілі өнімдерден ажыратуға мүмкіндік беретін физика-химиялық және өзге қасиеттерінің жиыны енгізіледі. Осындай белгілерге, мысалы, өнімді алу тәсілінің белгілері жатады.

Осы екі жағдайда да өнімнің жүзеге асыратын функциясы немесе белсенділік түрі және шығу тегі көрсетіледі.

Биотехнологиялық өнімдер бірдей функцияға немесе белсенділік түріне, ортақ шығу тегіне және ортақ елеулі құрылымдық элементке (элементтерге) ие болса, өнертабыс формуласының бір тәуелсіз тармағында бір өнертабыс ретінде бірнеше өнім келтіріледі . Өнімдердің өнертабыс формуласының бір тармағына бір ғана белсенділік негізінде бірігуіне жол берілмейді.

Тірі объектілерге жататын өнімдерді сипаттайтын өнертабыс формуласына көрсетілген өнімдерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін белгілер, оның ішінде өнімді алу тәсілін, оның шығу тегін сипаттайтын белгілер, оның құрамына кіретін генетикалық элементтің сипаттамасы, пайдалы қасиеттер мен басқа белгілерді сипаттайтын белгілер енгізіледі.

Микроорганизм штаммын, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсінділерін сипаттайтын өнертабыс формуласына штамм тегінің және түрінің атауы

халықаралық номенклатура талаптарына сәйкес латын тілінде немесе өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының атауы, сондай-ақ ресми коллекция-депозитарийдің аббревиатурасы, сақтауға берілген объектіге коллекциямен берілген тіркеу нөмірі және оның мақсаты енгізіледі.

31. Тәсілге жататын өнертабыс формуласының ерекшелігі - материалдық объектіге қатысты іс-әрекеттерді сипаттайтын тәсіл белгілерін осы мақсатта сабақты етістегі, ашық рай, үшінші жақтағы, көпше түрдегі (жылытады, дымқылдатады, қыздырады) етістіктер қолданылып жазылатыны болып табылады.

32. Белгілі өнім немесе тәсілді жаңа мақсат бойынша немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсат бойынша қолдану өнертабыс объектісі болып табылатын жағдайларда, мынадай құрылымдағы формула пайдаланылады: "...ретінде (белгілі өнім, тәсіл немесе жаңа өнімнің атауы немесе сипаттамасы келтіріледі) қолдану (қолданылатын объектінің жаңа мақсаты келтіріледі)".

33. Сызбалар және өзге де материалдар, егер олар өнертабыс мәнін түсіну үшін қажет болған жағдайда ұсынылады.

Түсіндіруші материалдар графикалық кескіндер (схема, суреттер, графиктер, эпюра, осциллограмма), фотосуреттер және кестелер түрінде ресімделеді.

Суреттер өнертабысты сызбалармен немесе схемалармен көрсету мүмкін болмаған жағдайда ұсынылады.

Фотосуреттер графикалық кескіндерге қосымша ретінде ұсынылады. Айрықша жағдайларда, мысалы, хирургиялық операциялар жасау кезеңдерін көрсету үшін фотосуреттер түсіндіруші материалдардың негізгі түрі ретінде ұсынылуы мүмкін.

Сызбалар, схемалар және суреттер жеке парақтарда (парақта) ұсынылады, оның оң жақ жоғарғы бұрышында өнертабыстың атауы келтіріледі.

Ұсынылған сызбалар мен өзге де материалдарды сипаттама мәтінімен келіскен жөн. Сызбалардағы барлық белгілемелерде сипаттамаға сілтеме болуға тиіс.

34. Реферат өнертабыстар туралы қысқаша ақпаратты, яғни атауын, өнертабыс жататын техника саласының және (немесе) қолдану саласының сипаттамасын және (немесе) егер бұл атауынан анық болмаса, әрбір тәуелсіз тармақтың барлық елеулі белгілері сақталатын формуланы еркін жазу арқылы сипатталған қол жеткізілетін техникалық нәтиже көрсетіліп, өнертабыс мәнінің сипаттамасын қамтитын өнертабыс сипаттамасының қысқаша жазылған мазмұнын білдіреді.

Қажет болған кезде рефератқа сызба немесе химиялық формула кіреді. Рефератқа кіретін сызба сипаттамада көрсетілген сызбалардың фигуралардың бірімен ұқсас болған жағдайда да реферат мәтінінің даналары мөлшерінде жеке парақта беріледі.

Рефератта қосымша мәліметтер, атап айтқанда формуланың тәуелді тармақтарының бар-жоғы мен саны, графикалық кескіндер, кестелер қамтылады.

Реферат мәтінінің ұсынылатын көлемі - 1000 баспа таңбаға дейін.

35. Өтінімде моральға және қоғамдық тәртіпке қайшы келетін ұғымдар, сызбалар, суреттер, фотосуреттер және өзге де материалдар, өнімге немесе технологиялық процестерге, сондай-ақ басқа тұлғалардың өтінімдеріне немесе қорғау құжаттарына қатысты менсінбеушілік сөздер, өнертабысқа қатысты еместігі анық не өтінім құжаттарын осы Қағидалардың талаптарына сәйкес деп тану үшін қажетті болып табылмайтын сөздер немесе мәліметтер болмауға тиіс.

36. Әдебиетте кеңінен қолданылмайтын терминдер мен белгілерді пайдалану кезінде олардың мәні алғашқы қолданылу кезінде мәтінінде түсіндіріледі.

Өнертабыс формуласында, сипаттамада және оны түсіндіруші материалдарда, сондай-ақ рефератта стандартталған терминдер мен қысқартулар, ал олар болмаған кезде - ғылыми және техникалық әдебиеттерде жалпыға бірдей қабылданған терминдер мен қысқартулар пайдаланылады.

Барлық шартты белгілемелердің мағынасы ашылып жазылады, сипаттамада және формулада терминология бірлігі сақталады, яғни сипаттама мәтініндегі және формуладағы сол бір белгілер бір атаумен аталады. Терминология бірлігінің талабы физикалық бірліктер өлшемділігіне және пайдаланылатын шартты белгілемелерге де қатысты болады.

Қажет болған кезде өнертабыстың атауы латын әліпбиінің символдарын және араб цифрларын қамтиды. Өнертабыс атауында өзге әліпбилерді, арнайы таңбаларды қолдануға жол берілмейді.

Физикалық шамалар қолданыстағы ӨҚ Халықаралық бірліктер жүйесі бірліктерімен көрсетіледі.

37. Өтінім құжаттары былайша ресімделеді:

- 1) барлық құжаттар оларды тікелей көшірмелеуге болатындай етіп ресімделеді;
- 2) әрбір парақ аздау бетіндегі жолдарға параллель күйде бір жағынан ғана пайдаланылады.

38. Екінші беттен бастап парақтар, әрбір құжаттағы өтінімдер араб цифрларымен нөмірленеді.

39. Мәтін былайша ресімделеді:

1) құжаттар қара түсті стандарт қаріппен басылады. Сипаттама, формула және реферат мәтіндері бір аралық қалдырылып басылады;

2) графикалық символдар, латын атаулары, латын және грек әріптері, математикалық және химиялық формулалар немесе символдар қара түсті сиямен, пастамен немесе тушьпен жазылуы мүмкін.

Формулаларды араластырып баспа түрінде және қолмен жазуға жол берілмейді.

40. Өнертабыс сипаттамасында, формуласында және рефератта химиялық формулалар пайдаланылады:

1) құрылымдық химиялық формулаларды жазу кезінде элементтердің жалпыға ортақ қолданылатын символдарын қолданған және элементтер мен радикалдар арасындағы байланысты нақты көрсеткен жөн;

2) формулалар мәтінге оларды енгізу реті бойынша нөмірленеді. Нөмірді әрбір формуладан кейін оң жолақтың шегінде қою ұсынылады.

41. Баспа нысанында берілетін нуклеотидтер және (немесе) амин қышқылдары тізбегінің тізбесі ДЗМҰ ST.26 стандартына сәйкес ресімделеді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Өнертабыс сипаттамасында, формуласында және рефератта математикалық өрнектер (формулалар) және символдар пайдаланылады.

Математикалық өрнекті беру нысаны регламенттелмейді.

Математикалық формулалардағы барлық әріптік белгілемелердің мағынасы ашып жазылады. Формулаға түсіндірмелерді бағанмен жазып, әрбір жолдан кейін нүктелі үтір қойған жөн.

Әріптік белгілемелердің мағынасын ашып жазу олардың формулада қолданылу ретімен беріледі.

Математикалық белгілер: $>$, $<$, $=$, $+$, $-$ және басқалар математикалық формулаларда ғана қолданылады, ал мәтінде оларды сөздермен (артық, кем, тең) жазу керек.

Оң шамалар арасындағы аралықтар белгілемесі үшін "-:-" (бастап және дейін) таңбасын қолдануға болады. Басқа жағдайларда "бастап" және "дейін" деген сөздермен жазған жөн, температура аралығын белгілеу кезінде (...) таңбасын қолдану ұсынылады.

Шамаларды пайыз түрінде көрсеткен кезде пайыздың таңбасы (%) саннан кейін қойылады. Егер шама бірнеше болса, онда оларды санамалап көрсету алдында пайыз таңбасы қойылады және олардан қос нүктемен бөлінеді;

Математикалық формулаларда таңба бойынша ғана тасымал жасауға жол беріледі.

Формулалар оларды мәтінге енгізу реті бойынша нөмірленеді. Нөмірді әрбір формуладан кейін оң жақтағы жолақтың шегінде қою ұсынылады.

43. Графикалық кескіндерді ресімдеу:

Графикалық кескіндер (сызбалар, схемалар, графиктер, суреттер және т.с.) ұзына бойына біркелкі қалыңдықтағы өшпейтін қара айқын сызықтармен, тушьсыз және бояусыз орындалады.

Кескін масштабы және айқындығы фотографиялық көшірмелеу кезінде барлық бөлшектерін айыруға болатындай етіп таңдап алынады.

Цифрлар мен әріптерді жақшаға, шеңберге және тырнақшаға алмаған жөн. Цифрлар мен әріптердің биіктігі 3,2 миллиметр кем таңдалмайды.

Әрбір графикалық кескін оның түріне қарамастан бірыңғай нөмірлеу тәртібімен, сипаттама мәтінінде аталу кезектілігіне сәйкес фигура ретінде (1-фигура, 2-фигура)

араб цифрларымен нөмірленеді. Егер сипаттама бір фигурамен түсіндірілсе, онда ол нөмірленбейді.

Бір парақта бірнеше сұлба орналастырылуы мүмкін, бұл ретте олар бір-бірінен нақты бөлініп тұрады. Егер екі және одан да көп парақта орналастырылған фигуралар тұтас фигура бөліктерін білдірсе, олар бұл фигура түрлі парақтарда кескінделген кез келген фигураның қандай да бір бөлігі қалып кетпей құрастырылатындай етіп орналастырылады.

Жекелеген фигуралар барынша қанық және кескін парақтың ұзын жағынан тік орналасқан жағдайда оқылатындай етіп парақта немесе парақтарда орналастырылады.

Сызбада тік бұрышты (ортогонал) проекцияны (эрқилы түрде, қималарда және кесінділерде) пайдаланған дұрыс; сондай-ақ аксонометриялық проекцияны пайдалануға жол беріледі.

Қималар сілтемелік белгілемелер мен негізгі сызықтарды анық оқуға кедергі жасамайтын көлбеу сызықпен орындалады.

Элементті нақты кескіндеуге пропорциялар айырмашылығы қажет болатын жағдайларды қоспағанда, сызбадағы әрбір элемент барлық басқа элементтерге пропорционал орындалады.

Сызбалар "су", "бу", "ашық", "жабық", "А-А" (қиманы белгілеу үшін) сияқты қажетті сөздерді қоспағанда, қандай да бір жазбаларсыз орындалады.

Сызбалардағы өлшемдер көрсетілмейді және олар сипаттамада келтіріледі.

Сызбада кескінделген элементтер өнертабыс сипаттамасына сәйкес араб цифрларымен белгіленеді.

Бірнеше фигурада ұсынылған сол бір элементтер бірдей цифрмен белгіленеді. Түрлі фигураларда берілген түрлі элементтерді бірдей цифрмен белгілемеген жөн. Сипаттамада аталмаған белгілемелер сызбаларда қойылмайды.

Егер графикалық кескін схема түрінде берілсе, онда оны орындау кезінде стандартталған шартты графикалық белгілемелер қолданылады.

Бір түрдегі схемада басқа түрдегі жекелеген элементтерді кескіндеуге жол беріледі. Егер схема элементтердің графикалық белгілемелері ретінде тік бұрыштар түрінде берілсе, онда цифрлық белгілемелерден тік бұрышқа тікелей элемент атауы да жазылады. Егер элементтің графикалық кескін өлшемдері көрсетуге мүмкіндік бермесе, элемент атауын сызық астына шығарып (қажет болған кезде схема жолағында орналасқан сурет астындағы жазу түрінде) көрсетуге жол беріледі.

Сызбалар, схемалар, суреттер өнертабыстың сипаттамасы мен формуласында келтірілмейді.

44. Ақпарат көздерінің библиографиялық деректері олар бойынша ақпарат көзі айқындалатындай етіп көрсетіледі.

45. Пайдалы модельге арналған өтінімде Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген құжаттар қамтылуға тиіс.

Сызбалар және басқа материалдар пайдалы модельдің мәнін түсіну үшін қажет болған жағдайда ұсынылады. Түсіндірмелік материалдар графикалық бейнелер (схемалар, суреттер, графиктер, эпюрлер, осциллограммалар), фотосуреттер және кестелер түрінде рәсімделеді. Суреттер пайдалы модельді сызбалар немесе схемалар арқылы көрсету мүмкін болмаған жағдайда ұсынылады.

Сызбалар, схемалар және суреттер жеке (жеке бір) парақтарда ұсынылады, олардың оң жақ жоғарғы бұрышында пайдалы модельдің атауы көрсетіледі. Ұсынылатын сызбалар және басқа материалдар сипаттама мәтінімен үйлестірілуі тиіс. Сызбалардағы барлық белгілер сипаттамада сілтеме арқылы көрсетілуі қажет.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Пайдалы модельге өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсіріндісіне), тәсілге (материалдық құралдардың көмегімен материалдық объектіде іс-қимылдарды жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсат бойынша не жаңа өнімді белгілі бір мақсат бойынша, оның ішінде, адамдарды немесе жануарларды емдеудің терапевтік және хирургиялық әдістерін қоспағанда белгілі бір мақсат бойынша қолдануға қатысты кез келген саладағы техникалық шешімдер жатады.

Атап айтқанда, құрылғы, зат, биотехникалық өнім, оның ішінде микроорганизмдердің штаммы, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсінділері пайдалы модель объектісі ретіндегі өнім болып табылады.

Пайдалы модель объектілері ретіндегі құрылғыларға конструкциялар мен бұйымдар жатады. Құрылғыларды сипаттау үшін мынадай белгілер:

конструктивтік элементтің (элементтердің) болуы;

элементтер арасында байланыстың болуы;

элементтердің өзара орналасуы;

элементтің (элементтердің) немесе жалпы құрылғының орындалу нысаны;

элементтер арасында байланыстың орындалу нысаны;

элементтің (элементтердің) және олардың өзара байланысының өлшемдері және басқа да сипаттамалары;

элементтің функциясын атқаратын орта пайдаланылады.

Пайдалы модель объектілері ретіндегі заттарға:

химиялық қосылыстар;

композициялар (құрамдары, қоспалары);

ядролық айналдыру өнімдері жатады.

Химиялық қосылыстарды сипаттау үшін мынадай белгілер:

құрылымы белгіленген төмен молекулалық қосылыстар үшін - сапалық құрам (белгілі бір элементтердің атомдары), сандық құрам (әрбір элементтің атомдар саны),

атомдар арасындағы байланыс және химиялық құрылымдық формуламен көрсетілген молекулада олардың өзара орналасуы;

құрылымы белгіленген жоғары молекулалық қосылыстар үшін - элементарлық буынның (буындар мен олардың үйлесімдерінің) құрылымдық формуласы, макромолекулалар, жалпы макромолекуланың құрылымы (сызықтық, тармақталған), элементарлық буындардың саны немесе молекулалық масса, молекулалық-массалық таралу, макромолекуланың геометриясы және стереометриясы, оның соңғы және бүйір топтары, сополимерлер үшін - сомономерлік буындардың қосымша арақатынасы және олардың кезеңділігі;

құрылымы белгіленбеген қосылыстар үшін - осы қосылысты басқаларынан ажыратуға мүмкіндік беретін физика-химиялық және өзге де сипаттамалар (оның ішінде алу тәсілінің белгілері) пайдаланылады.

Композицияны сипаттау үшін мынадай белгілер:

сапалық құрам (ингредиенттердің бар-жоғы);

сандық құрам (ингредиенттердің құрамы);

композицияның құрылымы;

ингредиенттердің құрылымы пайдаланылады.

Құрамы белгіленбеген композицияның сипаттамасы үшін олардың физика-химиялық, физикалық және тәжірибелік көрсеткіштері және алу тәсілінің белгілері пайдаланылады.

Ядроға айналдыру арқылы алынған заттарды сипаттау үшін мынадай белгілер:

сапалық (элемент изотопы (изотоптары) және сандық (протондар мен нейтрондар саны) құрамы;

негізгі ядролық сипаттамалар: жартылай ыдырау кезеңі, сәулелену типі және энергиясы (радиоактивті изотоптар үшін) пайдаланылады.

Пайдалы модель ретіндегі биотехнологиялық өнімдерге олардың табиғи ортасынан бөлінген немесе өзге де тәсілдермен алынған өнімдер жатады.

Пайдалы модель объектілері ретіндегі биотехнологиялық өнімдерге:

тірі объектілер, атап айтқанда, Заңның 2-бабының 2-тармағында және 6-бабының 3-тармағында көрсетілген объектілерден басқа өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер, өсімдіктер мен жануарлар жасушалары және өсімдіктер мен жануарлар организмдерінен бөлінген немесе өзге де тәсілдермен алынған басқа да элементтер, микроорганизмдер штаммдары, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының өсінділері;

тірі емес объектілер, атап айтқанда, өсімдіктерден, жануарлардан немесе микроорганизмдерден бөлінген немесе өзге де тәсілдермен алынған гормондар, цитокиндер, ферменттер, антигендер, антиденелер, нуклеин қышқылдарының тізбегі, плазмидалар, векторлар және т.б. жатады.

Өсімдіктер мен жануарлардың сипаттамасы үшін мынадай белгілер:

мақсаты;
шығу тегі және алу тәсілі;
таксономиялық тиесілілігі;
пайдалы қасиеті;
генотип және/немесе фенотиптің ерекшеліктері;
өсімдіктің немесе жануардың генетикалық конструкциясының ерекшеліктері;
өсімдіктің немесе жануардың құрылымдық элементтерінің ерекшеліктері;
өсімдік немесе жануар өндіретін пайдалы зат туралы мәліметтер және өнімділік деңгейі;
көбею ерекшеліктері;
пайдалы қасиетті сақтау тұрақтылығы пайдаланылады.

Микроорганизмдер штаммдарын, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсіндісін сипаттау үшін мынадай белгілер:

мақсаты;
шығу тегі (алу көзі, штаммның тегі, алғашқы немесе аталық штаммдардың сипаттамасы);
таксономиялық тиесілілігі;
дақылдық-морфологиялық белгілер;
физиологиялық-биохимиялық белгілер;
цитологиялық белгілер;
молекулярлық-биологиялық белгілер;
маркерлік белгілер (генетикалық, иммунологиялық, биохимиялық, физиологиялық);
онкогенділігі (медициналық және ветеринариялық мақсаттағы штаммдар мен жасушалар үшін);
контаминация туралы деректер;
биотехнологиялық сипаттама: штамм немесе өсінді өндіретін пайдалы заттың атауы мен қасиеті, белсенділік (өнімділік) деңгейі және оны анықтайтын тәсілдер;
ұзақ өсіру кезіндегі пайдалы қасиеттің сақталу тұрақтылығы туралы мәліметтер;
вируленттілік, иммуногендік, антигендік құрылым, антибиотиктерге сезімталдық, қарама-қайшы қасиеттер (медициналық және ветеринариялық мақсаттағы штаммдар мен жасушалар үшін);
көбею ерекшеліктері;
будандастыру қағидаты (будан микроорганизмдер штаммдары үшін);
криоконсервация туралы мәліметтер пайдаланылады.

Өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсінділерін сипаттау үшін қосымша мынадай белгілер:

пассаждар саны;
кардиологиялық сипаттамасы;
өсу (кинетикалық) сипаттамалары;

жануар ағзасында өсіру (будандар үшін) сипаттамасы;

морфогенезге қабілеттілігі (өсімдіктердің жасушалары үшін) пайдаланылады.

Микроорганизмдер консорциумдарын, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларын сипаттау үшін жоғарыда аталған белгілерге қосымша мынадай белгілер:

бейімделу және селекция факторлары мен жағдайы;

таксономикалық құрам;

жеке құрамбөліктердің арасалмағы мен алмастырғыштылығы;

бөлінгіштігі;

дақылдық-морфологиялық, цитологиялық, физиологиялық-биохимиялық белгілер және жеке құрамбөліктердің өзге де белгілері;

тұрақтылығы және (немесе) бәсекеге қабілеттілігі;

консорциумның жалпы физиологиялық ерекшеліктері пайдаланылады.

Тірі емес объектілерге жататын биотехнологиялық өнімдерді сипаттау үшін мынадай белгілер:

белгіленген немесе ішінара белгіленген құрылымы бар өнімдер үшін -құрылымдық формула немесе құрылымның ерекшеліктері, оның ішінде нуклеин қышқылдары үшін нуклеотидтердің тізбегі, ақуыздар, полипептидтер, пептидтер үшін амин қышқылдарының тізбегі, құрама элементтердің, оның ішінде реттеуіш және кодтау салаларының, плазмидалар, векторлар, генетикалық конструкциялар, рекомбинанттық және буданды молекулалар үшін сайттар мен маркерлердің болуы және орналасу тәртібі;

құрылымы белгіленбеген өнімдер үшін физика-химиялық және өзге де қасиеттер, оның ішінде осы өнімдерді сәйкестендіруге, атап айтқанда оларды басқа белгілі өнімдерден ажыратуға мүмкіндік беретін алу тәсілінің белгілері пайдаланылады.

Барлық биотехнологиялық өнімдер үшін олардың жүзеге асыратын функция немесе белсенділік түрі мен шығу тегі көрсетіледі.

Материалдық объектілердің көмегімен материалдық объектіге қатысты іс-әрекет жасау процесі пайдалы модель объектісі ретіндегі тәсіл болып табылады.

Тәсілді сипаттау үшін мынадай белгілер:

іс-әрекеттердің немесе іс-әрекеттер жиынтығының болуы;

мұндай іс-әрекеттердің уақыт бойынша орындалу тәртібі (дәйекті түрде, бір мезгілде, түрлі тіркесімде және сол сияқтылар);

іс-әрекеттерді жүзеге асыру шарттары, режимі пайдаланылады;

заттар (бастапқы шикізат, реагенттер, катализаторлар және сол сияқты), құрылғылар (керек-жарақтар, аспаптар, жабдық және сол сияқты), микроорганизмдер штаммдары, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсінділері пайдаланылады.

Пайдалы модель объектісі ретінде белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсат бойынша қолдануға оларды өзге мақсатқа сәйкес пайдалану жатады.

Жаңа мақсат бойынша қолдануға қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру үшін заттарды (табиғи және жасанды түрде алынған) алғашқы қолдану, яғни мұндай мақсаты айқындалмаған табиғи заттардың, экспериментте алынған заттардың, өндіріс қалдықтарының және т.б. тәжірибелік мақсатын белгілеу жатады.

Бұрыннан белгілі өнімнің немесе тәсілдің жаңа мақсат бойынша қолданылуын немесе жаңа өнімнің белгілі бір мақсат бойынша қолданылуын сипаттау үшін қолданылатын объектіні сәйкестендіруге жеткілікті оның қысқаша сипаттамасы және осы жаңа мақсаттың нұсқауы пайдаланылады.

Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Пайдалы модельдің сипаттамасына, атауына қойылатын талаптар осы Қағидалардың 6, 7-тармақтарында көрсетілген өнертабыстың сипаттамасына, атауына қойылатын талаптармен бірдей.

48. "Пайдалы модель жататын техника саласы", "Техника деңгейі" бөлімдерінің сипаттамасын жасауға қойылатын талаптар осы Қағидалардың 8, 9-тармақтарында көрсетілген өнертабысқа арналған өтінім бойынша талаптармен бірдей.

49. "Пайдалы модельдің мәні" бөлімінің сипаттамасын жасауға қойылатын талаптар , сондай-ақ пайдалы модельді жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер осы Қағидалардың 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 (адамдарды және жануарларды емдеудің терапиялық және хирургиялық тәсілдерінен басқа), 18-тармақтарында көрсетілген өнертабысқа арналған өтінім бойынша талаптармен бірдей.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Пайдалы модель формуласына, сызбаларды және (немесе) өзге де материалдарды ресімдеуге және пайдалы модель рефератын жасауға қойылатын талаптар осы Қағидалардың 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43-тармақтарында көрсетілген өнертабысқа арналған өтінім бойынша талаптармен бірдей.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 26.12.2018 № 1630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Өнеркәсіптік үлгіге арналған өтінімде Заңның 19-бабының 2-тармағында көзделген құжаттар қамтылуға тиіс.

52. Өнеркәсіптік үлгі ретінде оның сыртқы түрін айқындайтын өнеркәсіптік немесе қолөнер-кәсіптік өндіріс бұйымының көркемдік-конструкторлық шешімі қорғалады.

Бұйым деп өнеркәсіптік немесе қолөнер-кәсіптік өндірістің кез келген бұйымы, құрама бұйымдар, құрама бұйымдарға, қаптамаларға, заттаңбаларға, эмблемаларға,

қаріптерге, бірлесіп пайдаланылатын бұйымдардың жиындарына (жинақтықтарына), интерьерлер дизайнын құрастыруға арналған дербес құрамбөліктер түсініледі.

Бұйымның дербес бөлігі деп бұйымды әдеттегі пайдалану процесінде көрінетін оның оқшауланған бөлігі, атап айтқанда бұйымның жиынын (жиынтығын) құрайтын бұйымдар, суреттер, графикалық символдар, бұйымның бетіне түсірілген логотиптер түсініледі.

Құрама бұйымға құрастыруға арналған құрамбөлік құрама бұйымның құрастыруға арналған, тұтастығын бұзбай бөлшектенетін және құрама бұйымды құрастыру үшін қайта пайдаланылатын функционалдық дербес бөлігі болып табылады.

Құрама бұйымдарға құрама бұйымды құрастыруға арналған құрамбөліктерден тұратын бұйымдар жатады.

Жиынтықтарға жалпы мақсаты бар және кешенді пайдаланылатын бұйымдар топтары жатады.

Өнеркәсіптік үлгілер көлемді немесе жазық болуы мүмкін.

Көлемді өнеркәсіптік үлгілер үш өлшемді құрылымы бар композицияны білдіреді.

Бұйымның көркемдік-конструкторлық шешімі бұйымның сыртқы түрінің эстетикалық және (немесе) эргономикалық ерекшеліктерін айқындайтын маңызды белгілердің жиынтығымен сипатталады.

53. Заңның 8-бабының 2-тармағында көрсетілген шешімдер өнеркәсіптік үлгілер деп танылмайды.

Жаңылысуға қабілетті шешімдерге жаңғыртылатын немесе біртекті немесе мыналармен:

мемлекеттік елтаңбалармен, тулармен және басқа да мемлекеттік рәміздер мен белгілермен;

халықаралық және үкіметаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атауларымен, олардың елтаңбаларымен, туларымен, рәміздерімен және белгілерімен;

ресми бақылау, кепілдік немесе сынама таңбаларымен, мөрлермен, наградалармен және басқа да айырым белгілерімен;

элементтер тиісті құзыретті органның келісімі болған кезде, бұйымның сыртқы түрінің шешіміне енгізіледі;

элементтер халықаралық шартқа қатысушы мемлекеттердің бірінде бұйымды оның аумағынан шығарылатын (осы мемлекеттің географиялық объектісінің шекарасында өндірілетін) ретінде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін және ерекше сапасы, беделі немесе егер өнеркәсіптік үлгі осы географиялық объектінің аумағынан шығарылмайтын бұйымдардыбуып-түюге, таңбалауға арналған болса, олардың шығу тегімен айқындалатын басқа да сипаттамалары бар белгілеме ретінде қорғалатындықтан, халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында тауар белгілері ретінде мемлекеттік тіркеуге жол берілмейтін элементтермен;

егер патент меншік иелерінің немесе меншік иелері осындай шешімдерді өнеркәсіптік үлгілер ретінде тіркеуге уәкілеттік берген тұлғалардың келісімінсіз олардың меншік иелері болып табылмайтын тұлғалардың атына сұралса, Қазақстан Республикасы халықтарының аса бағалы мәдени мұра объектілерінің не дүниежүзілік мәдени немесе табиғи мұра объектілерінің ресми атауларымен немесе бейнелерімен, мәдени құндылықтар бейнелерімен;

Қазақстан Республикасында қорғалатын, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес тауарлардың біртектес бұйымдарына қатысты басқа тұлғалардың өтінім берілген күні белгілі тауар белгілерімен;

"Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тауарлардың біртектес бұйымдарына қатысты Қазақстан Республикасында жалпыға белгілі тауар белгілері ретінде танылған басқа тұлғалардың тауар белгілерімен;

өтінім берілген күні Қазақстан Республикасында танымал адамдардың немесе олардың мұрагерлерінің келісімінсіз, осы адамдардың белгілі есімдерімен, бүркеншік аттарымен немесе олардан туындайтын белгілемелермен, портреттерімен немесе факсимилімен шатастыруға әкеп соғатын жалпы әсер туғызатын элементтерді қамтитын шешімдер жатады.

54. Өтінім бір өнеркәсіптік үлгіге немесе өзара байланыстылығы соншалық, олар біртұтас шығармашылық ойды (өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талабын) құрайтын өнеркәсіптік үлгілер тобына жатады.

Егер:

бұйымның кескіндерінде бір бұйымның, оның ішінде тұтас бұйымның, оның дербес бөлігінің, бірлесіп пайдаланылатын бұйымдар тобынан жиынның (жиынтықтың) көркемдік-конструкторлық шешімі болып табылатын бір өнеркәсіптік үлгі берілсе;

бұйымның кескіндерінде бірыңғай шығармашылық ойды құрайтын және ӨҮХС бір кіші сыныбына жататын сол бір бұйымның көркемдік-конструкторлық шешімдерін білдіретін, бірі - бұйымның жалпы сыртқы түрін, ал екіншісі (басқалары) - бұйымды пайдалану процесінде көрінетін оның дербес бөлігінің (бөліктері) сыртқы түрін айқындайтын өнеркәсіптік үлгілер тобы берілсе;

бұйымның кескіндерінде бірыңғай шығармашылық ойды құрайтын және тұтастай және ӨҮХС бір сыныбына жататын бір бұйымның сыртқы түрін айқындайтын көркемдік-конструкторлық шешімдерді білдіретін, бұл ретте әрбір шешім бұйымның сыртқы түрінің өз нұсқасын айқындайтын, ал шешімдерге - нұсқаларға негізделген бұйымның сыртқы түрінің негізгі эстетикалық және (немесе) эргономикалық ерекшеліктері (нұсқалары) сәйкес келетін өнеркәсіптік үлгілер тобы берілсе, өнеркәсіптік үлгі бірлігі сақталған деп танылады.

55. Өтінім құжаттарына қойылатын талаптар:

Бұйымның сыртқы түрінің кескіндері өтінім беруші сұратқан өнеркәсіптік үлгінің құқықтық қорғау көлемін айқындайтын өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілері туралы визуалды қабылданатын ақпаратты қамтуға тиіс.

Кескіндер ретінде бұйымдардың, оның ішінде компьютерлік графика, көбейту құралдарымен немесе өзге де тәсілдермен орындалған фотосуреттер, суреттер ұсынылуы мүмкін.

Бір өнеркәсіптік үлгіге жататын бұйым кескіндерінің жиынтығында кескіндер түрлерінің өтініш беруші сұратқан құқықтық қорғау көлемін айқындайтын өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілерінің жиынтығы туралы толық түсінік беретін саны қамтылуға тиіс.

Бір көлемді өнеркәсіптік үлгіге жататын бұйымның кескіндері жиынтығында алдыңғы жағынан 3/4 ракурстағы бұйымның жалпы түрінің кескіні болуы мүмкін.

Кескіндердің қосымша түрлері, атап айтқанда алдыңғы, артқы, сол жақ, оң жақ, жоғарғы, төменгі жағынан көрсетілген түрлері, егер олар өтінім беруші сұратқан құқықтық қорғау көлемін айқындайтын өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілерінің жиынтығы туралы толық түсінік жасау үшін қажет болса, өтінім берушінің таңдауы бойынша беріледі.

Егер бұйымның сыртқы түрінің бөлігіне жататын көлемді өнеркәсіптік үлгі мәлімделсе, бұйым кескіндерінің жиынтығында алдыңғы жағынан 3/4 ракурстағы бұйымның жалпы түрінің кескіні болуы мүмкін.

Кескіндердің қосымша түрлері, атап айтқанда, алдыңғы, артқы, сол жақ, оң жақ, жоғарғы, төменгі жағынан көрсетілген түрлері де өтініш берушінің таңдауы бойынша беріледі.

Тігін өнеркәсібі бұйымдары үшін кескіндер жиынтығы алдыңғы және артқы түрлерімен, атап айтқанда манекенде, ал аяқ киімдер, бас киімдер, былғары галантерея бұйымдары бұйымдардың табиғи үлгілерінің жекелеген кескіндері түрінде берілуі мүмкін.

Қосымша фотосуреттерде киім және аяқ киім бұйымдарының көркемдік-конструкторлық шешімдері демонстраторларда беріледі, олардың жас тобы және антропометриялық деректері (өлшемі, бойы, толықтығы) бұйымды әзірлеу негізіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Пішімнің, сызықтың, конструкцияның, әрлеу элементтері суретінің ерекшеліктері туралы толық ақпарат беру мақсатында бұйымның фотосуреті ұсынылады. Егер фотосурет ұсынылмаса, онда мәлімделген көркемдік-конструкторлық шешімнің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін түспен эскиз-суреттеме ұсынылады.

Жазық өнеркәсіптік үлгі үшін кескіннің бір түрі жеткілікті.

Тоқыма бұйымдарына жататын өнеркәсіптік үлгілер, егер бұйым бұйымның құрылымы, фактурасы және колористикалық шешімі туралы түсінік беретін декоративтік материалдар, маталар, кілемдер сияқты бұйымдарға жатса, суреттің

раппорты өлшемінде (400x500 миллиметрден аспайтын) бұйымның фрагменті ұсынылады.

Егер өтінім өнеркәсіптік үлгілер тобына жататын болса, онда өтінім берілген өнеркәсіптік үлгінің әрбір нұсқасы барлық түрдегі кескіндердің жеке жиынымен ұсынылады.

Өнеркәсіптік үлгілер тобы жалпы жиынтықтың кескіндерін қамтитын кескіндер жиынтығымен (көлемді өнеркәсіптік үлгі үшін - алдыңғы жағынан 3/4 ракурстағы жиын түрінде және өтініш берушінің таңдауы бойынша жалпы жиын кескіндерінің қосымша түрлері) және жиынға (жиынтыққа) кіретін бұйымдар тобына жататын бұйымдардың әрқайсысының кескіндер жиынтығымен ұсынылады.

Бұйымдар жиынының (жиынтығының) жалпы түрі толық құрамда бір кескінде техникалық жағынан ұсынылуы мүмкін болмаған жағдайда, жиынның (жиынтықтың) фрагменттерін жеке кескіндермен ұсынуға жол беріледі.

Жабылатын, бүктелетін, өзгертілетін бұйымдар осы бұйымдардың жабық және (немесе) ашық түріндегі кескіндерімен қосымша ұсынылады.

Түсті графикалық (көркемдік-колористикалық) шешім бұйымның елеулі белгілерінің бірі болып табылса, барлық қажетті кескіндер түсті болып ұсынылады.

Бұйымдардың кескіндері анық, айқын, шартты емес, бейтарап фонда, бөгде заттарсыз ұсынылады және қосымша түсіндірулерсіз бұйымның сыртқы түрінің элементтерін (белгілерін) жарықтандырылған, сондай-ақ оның көлеңкелі жақтарында сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Бұйымның кескінінде оның негізгі эстетикалық және (немесе) эргономикалық ерекшеліктерін (өнеркәсіптік үлгінің елеулі емес белгілерін) анықтамайтын не өтінім беруші құқықтық қорғауға үміттенетін сыртқы түрінің бөліктерін (элементтерін) көрсету үшін үзік-үзік сызықты қолдануға жол беріледі.

Фотосурет түріндегі кескін 18x24 сантиметр көлемінде жасалған.

Жалпы түрдегі фотосуреттің әр данасының сыртқы жағында бірізділікпен: фотосурет нөмірі;

өнеркәсіптік үлгінің атауы;

мағынасы ашып жазылған авторлардың қолдары;

өтінім берушінің атауы көрсетіледі.

Қосымша түрлер фотосуреттерінің сыртқы жағында бірізділікпен:

"қырынан", "алдынан" және т.с.с. түсіндіре отырып фотосуреттің нөмірі;

өнеркәсіптік үлгінің атауы көрсетіледі.

Прототип фотосуретінің сыртқы жағында фотосуреттің нөмірі, бұйымның атауы, прототип-түсіндірмесі көрсетіледі.

Фотосуреттер - жалпы түрі, басқа да түрлері, түсті фотосуреті, прототип фотосуреті нөмірленеді. Бір түрдегі фотосуреттер бір нөмірмен нөмірленеді.

Өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасы.

Сипаттама кескіндерде көрсетілген бұйымның сыртқы түрінің элементтерін (белгілерін) ауызша нысанда ашады.

Сипаттама өнеркәсіптік үлгінің атауынан басталады. Атаудың алдында өнеркәсіптік үлгі жатқызылатын ӨҮХС қолданыстағы редакциясының айдарының индексі көрсетіледі және өнеркәсіптік үлгі сипаттамасының бірінші парағының оң жақ жоғарғы бұрышында көрсетіледі.

Сипаттамада мынадай бөлімдер:

өнеркәсіптік үлгінің мақсаты және қолданылу саласы;

өнеркәсіптік үлгінің аналогтары;

өнеркәсіптік үлгінің мәні қамтылады.

Егер өнеркәсіптік үлгілер тобы мәлімделген болса, сипаттаманың бөлімдері топтың әрбір өнеркәсіптік үлгісіне қатысты тиісті ақпаратты қамтуға тиіс.

Сипаттамада фотосуреттердің, суреттердің, сондай-ақ сызбалар мен басқа да иллюстрацияланған материалдардың нөмірленуіне сәйкес олардың санамалануын қамтитын өнеркәсіптік үлгі кескіндерінің тізбесі көрсетіледі және олардың әрқайсысында кескіннің қысқаша нұсқауы келтіріледі.

Өнеркәсіптік үлгінің атауы қысқаша және нақты болады.

Өнеркәсіптік үлгінің атауы оның мақсатын сипаттайды және жеке түрде қолданылмайтын атаулардан басқа, жекеше түрде жазылады.

Жаңа немесе аз белгілі мақсаттағы өнеркәсіптік үлгінің атауында оның қолданылу саласы көрсетіледі. Өнеркәсіптік үлгінің атауын ӨҮХС терминдерінде тұжырымдау ұсынылады.

Бұйым жинағына, жиынтығына жататын өнеркәсіптік үлгінің атауы "жинақ", " жиынтық" деген сөзден басталады.

Бір бұйымға жататын өнеркәсіптік үлгілер тобының атауында жақшадағы "нұсқалар" сөзі мен нұсқалар саны қосымша көрсетілген бұйымның атауы болады.

Егер бұйымға және оның бөлігіне жататын өнеркәсіптік үлгілердің тобы мәлімделген болса әрі бұйым және (немесе) оның бөлігі нұсқалармен ұсынылған болса, атауы жақшадағы "нұсқалар" деген сөздер мен жақшада көрсетілген нұсқалар саны (жалпы бұйым) және жақшадағы "нұсқалар" деген сөздер мен жақшада көрсетілген нұсқалар саны (бұйымның дербес бөлігі) көрсетіле отырып, нұсқалар санымен толықтырылған жалпы бұйымның толық атауын қамтуға тиіс.

Өнеркәсіптік үлгінің атауында аббревиатураларды және бұйымның жалпы қабылданған атауының бір бөлігі болып табылмайтын және оны сәйкестендіру мақсаттарына пайдаланылмайтын басқа да сөзбен көрсетілген белгілемелерін пайдалану ұсынылмайды.

Өнеркәсіптік үлгінің атауында арнайы атау немесе егер үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар белгілеріне арналған құқықтары бұзылмаса, жеке атауы болады.

Сипаттаманың "Өнеркәсіптік үлгінің мақсаты және қолданылу саласы" бөлімінде мәлімделетін өнеркәсіптік үлгінің мақсаты, қолданылу саласы туралы мәліметтер келтіріледі.

"Өнеркәсіптік үлгінің аналогтары" бөлімінде мәлімделген үлгіге ең жақын аналогтар көрсетіліп, сондай-ақ келтірілген аналогтарды қамтитын ақпарат көздерінің библиографиялық деректері көрсетіле отырып, анықталған аналогтардың сипаттамасы келтіріледі.

Өнеркәсіптік үлгінің аналогтарына мәлімделген өнеркәсіптік үлгі сияқты елеулі белгілері бойынша ұқсас, оған басымдық берілген күнге дейін жалпыға қол жетімді болған мәліметтерден белгілі сол мақсаттағы бұйымның көркемдік-конструкторлық шешімдері жатады, жақын аналогқа мәлімделген өнеркәсіптік үлгімен елеулі белгілердің жиынтығы бойынша неғұрлым ұқсас аналог жатады.

Өтінімде өнеркәсіптік үлгінің нұсқалары болған жағдайда олардың әрқайсысы үшін ең жақын аналогы көрсетіледі.

"Өнеркәсіптік үлгінің мәні" бөлімінде бұйымның сыртқы түрін қалыптастыруға әсер ететін және оның эстетикалық және (немесе) эргономикалық ерекшеліктеріне негізделетін елеулі белгілер жиынтығының кескіндерде (фотосуреттерде, суреттерде) ұсынылған сөзбен көрсетілген сипаттамасының мазмұнымен бірге ұсынылады.

Бұл ретте мәлімделген өнеркәсіптік үлгіні неғұрлым жақын аналогтан ажыратуға мүмкіндік беретін белгілер көрсетіледі.

Бұйымның сыртқы түрінің кескіндерінің тізбесіне, бұйымның жалпы түрінің сызбаларына және конфекциондық карталарға қатысты өнеркәсіптік үлгі сипаттамасының бөліктерінде, егер олар ұсынылған болса, бұйымның сыртқы түрінің барлық ұсынылған кескіндері, бұйымның жалпы түрінің сызбалары, оларда көрсетілген олардың нөмірленуіне толық сәйкес конфекциондық карталар санамаланады және олардың әрқайсысында не кескінделгеніне қысқаша нұсқау келтіріледі.

Егер өнеркәсіптік үлгілер тобы мәлімделсе, онда әрбір бұйымның сыртқы түрінің кескіндері, бұйымның жалпы түрінің сызбалары, конфекциялық карталар олардың нөмірленуіне сәйкес санамаланады және топтың әрбір өнеркәсіптік үлгіге қатысты ақпаратты бөле отырып, өнеркәсіптік үлгілердің қай тобына бұйымның сыртқы түрінің ұсынылған кескіндері, сызба, конфекциялық карталар жататынын көрсететін тақырып бойынша олардың әрқайсысында не кескінделгені немесе берілгені туралы қысқаша нұсқау беріледі.

Сипаттаманың осы бөлімінде бұйымның эстетикалық және (немесе) эргономикалық ерекшеліктері көрсетіледі және өтінім берушінің пікірі бойынша оның мәнін анықтайтын және бұйымның сыртқы түрін қалыптастыруға әсер ететін елеулі белгілерге жатқызылған белгілердің әсері түсіндіріледі.

Бұйымның сыртқы түрінің эстетикалық және (немесе) эргономикалық ерекшеліктеріне:

көркемдік-ақпараттық мәнерлілік;
форманың ұтымдылығы, композицияның бүтіндігі;
эргономикалық жатады.

Бөлімде бұйымның сыртқы түрінің белгіленген ерекшеліктерімен негізделген артықшылықтары сипатталады.

Жиынды сипаттау кезінде оның құрамына кіретін, қалыптастырудың бірыңғай, пластикалық және (немесе) стилистикалық қағидатын пайдалана отырып орындалатын барлық бұйымдар көрсетіледі.

Бұйымның сыртқы түрін сипаттау кезінде сипатталған белгіні бұйымның кескіндерінде визуалды қабылданатын белгімен бірдей сәйкестендіруге мүмкіндік беретін белгілердің сөзбен көрсетілетін сипаттамасы пайдаланылады.

Бұйымдардың сыртқы түрінің шешімдерін сипаттау үшін, атап айтқанда, мынадай белгілер пайдаланылады:

моноблокты композициялы бұйымдардың көркемдік-конструкторлық шешімдерін, сондай-ақ қарапайым геометриялық көлемдердің арасалмағында құрылған шешімдерді сипаттау үшін мынадай белгілер: композициялық элементтердің құрамы мен өзара орналасуы, олардың пластикалық, графикалық, түстік, фактуралық шешімі пайдаланылады;

негізінде дамыған көлемдік-кеңістіктік құрылым жататын күрделі композициялы бұйымдардың көркемдік-конструкторлық шешімдері үшін композициялық элементтерді пластикалық пысықтауды қоса алғанда, композициялық элементтердің белгілері, құрамы және өзара орналасуы, нысаны пайдаланылады;

жазық композициясы бар көркемдік-конструкторлық шешімдерді сипаттау үшін мынадай белгілер: композициялық құрылым, элементтердің сызықтық-графикалық ара салмағы, ою мотивтері, колористік шешім, фактураның сипаты пайдаланылады;

киімнің көркемдік-конструкторлық шешімін сипаттау үшін мынадай белгілер:

модельдің көлемді сипаттамасы, пропорциялары болып табылатын, бөліктердің өзара арақатынасын көру арқылы анықтайтын форма;

модельдің жазықтық сипаттамасы болып табылатын силуэт;

кез келген учаскеде киімнің бетіне салынатын бөлшектер - элементтер;

эрлеу - бұйымды пайда табуға қолдану тұрғысынан функционалдық мәні жоқ, модель шешімінде декоративтік рөл атқаратын элемент, оны пайдалану бір мезгілде технологиялық тәсіл болып табылуы мүмкін;

оның жекелеген бөліктерін қосу және ажырату үшін бұйымның құрылымына кіретін, сондай-ақ декоративтік элемент болып табылатын фурнитура;

декоративтік ерекшеліктері бар материал пайдаланылады;

аяқ киімнің көркемдік-конструкторлық шешімдерін сипаттау үшін мынадай белгілер:

калыптың пішінін қамтитын модельдің көлемді сипаттамасы болып табылатын форма;

жоғарғы және төменгі конструкциясы;

конструкция элементтерінің құрамы, формасы және өзара орналасуы;

декоративтік ерекшеліктері бар материал;

эрлеу бөлшектері;

фурнитура;

колористикалық шешім пайдаланылады;

бұйымдар жиынтықтарының (жиындарының) көркемдік-конструкторлық шешімдерін сипаттау үшін, тиісті бұйымдардың көркемдік-конструкторлық шешімдерін сипаттау үшін пайдаланылатын белгілерден басқа, оларды көрсететін мынадай белгілер:

бөлімдердің өзара іс-қимыл сипаты;

элементтердің қоса бағыныстылығы;

осы элементтерді пайдалану негізінде жасалған бастапқы элементтер мен сол бұйымдардың өзінде де, жалпы барлық жиынтықтың (жиынның) өзінде де пропорционал құрылысы пайдаланылады.

Баспа өнімінің көркемдік-конструкторлық шешімдерін сипаттау кезінде оларды көрсететін мынадай белгілер:

композициялық құрылым;

графикалық элементтерді, бейнелеу мотивтерін пысықтау;

ою-өрнек;

қаріптік графиканың орналасуы және орындалуы (жазулардың мағыналық және (немесе) фонетикалық мазмұнынсыз);

колористикалық шешім пайдаланылады.

Өнеркәсіптік үлгінің мәнін ашу кезінде оны іске асырудың әртүрлі нысандарын сипаттайтын баламалы ұғымдар түріндегі белгіні көрсетуге жол берілмейді.

Белгіні іске асырудың әртүрлі нысандары болған кезде өнеркәсіптік үлгінің нұсқаларына өтінім беруге жол беріледі, олардың әрқайсысында жоғарыда аталған нысандардың бірін сипаттайтын белгі болады.

Декоративтік безендірілмеген және сыртқы түрін, эстетикалық ерекшелік беретін елеулі белгілерін сипаттайтын баспа өнімдерінің бұйымдары қорғалмайтын бұйымдарға жатады.

Егер әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді, сандарды, оның ішінде бұйымда арнайы белгілемелердің сипаты бар элементтерді қамтитын тауарды сипаттауға арналған баспа өнімі әдеттегі мәтіндік блок түрінде, графикалық, қаріптік немесе түстік ерекшеліктері жоқ қаріппен орындалған болса, мұндай мәлімделген объект қорғалмайтын объектіге жатады.

Мәлімделген өнеркәсіптік үлгіні сыныптау өтінім нысанасының ӨҮХС сәйкес оны қолданудың сол немесе өзге саласымен ара салмағы мақсатында жүргізіледі.

Сыныптау кезінде жіктеу индексі (индекстерді) таңдауға өнеркәсіптік үлгінің атауы, оның кескіні, сипаттамасы, сондай-ақ өтінімде бар болған жағдайда, сызбалар негіз болады.

Формальды сараптама сатысында белгіленген жіктеу индекстері мәні бойынша сараптама жүргізу процесінде өзгеруі мүмкін.

Мәлімделген көркемдік-конструкторлық шешімде өтінім берілген немесе өтінім берушіге белгілі қорғау құжаттары алынған басқа өнеркәсіптік меншік объектілерінің бұйымдары болған жағдайда, осы құжаттар туралы ақпарат көздерін анықтау үшін жеткілікті деректер көрсетіледі.

Өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасында ғылыми және техникалық әдебиетте жалпыға бірдей қабылданған терминдер пайдаланылады.

Әртүрлі қысқартуларды қолдануға болмайды.

Бұйымдардың немесе заттардың маркаларының, типтерінің, серияларының шартты белгілемелерінің мағынасы ашып жазылуға тиіс.

Ақпарат көздерінің библиографиялық деректері ақпарат көзі анықталатындай етіп көрсетіледі.

Сызбалар өшірілмейтін қара сызықтармен және анық штрихтармен орындалады.

Графикалық кескіндердің масштабы мен анықтығы көшірмелеу кезінде барлық бөлшектер 2/3-ке дейін сызықтық кішірейтумен айыра алатындай етіп көрсетіледі.

Сызбадағы кескін тікбұрышты (ортогонал) проекцияларда (әртүрлі түрлерде, кесінділерде және қималарда) ұсынылады. Көрнекілік үшін оны аксонометриялық проекцияда ұсынуға жол беріледі. Элементтің анық кескіні үшін пропорциялардың айырмашылықтары қажет болған жағдайларды қоспағанда, сызбадағы әрбір элемент барлық басқа элементтерге пропорционал орындалады.

Әрбір сызба (схема) фигура ретінде, мысалы, "1-фиг., 2-фиг. және т.б." кескіннің түріне қарамастан, оларды сипаттау мәтінінде атау кезектілігіне сәйкес бірыңғай нөмірлеу тәртібімен нөмірленеді. Егер сипаттама бір фигурамен түсіндірілсе, онда ол нөмірленбейді.

Сызбалар, схемалар және түсіндіруші суреттер жеке парақта ұсынылады, оның оң жақ жоғарғы бұрышында өнеркәсіптік үлгінің атауын, нұсқа нөмірін көрсету ұсынылады.

Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 26.12.2018 № 1630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

56. Өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге Қазақстан Республикасының патентін беру туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш) екі данада (

электрондық түрде берген кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы бір дана) осы Қағидалардың 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

57. Бірінші өтінімнің көшірмесі конвенциялық басымдықты сұрата отырып, өтінімге қоса беріледі немесе конвенциялық өтінім сараптама ұйымына келіп түскен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей ұсынылады. Егер бірінші өтінім бірнешеу болса, барлық осы өтінімдердің көшірмелері қоса беріледі.

Конвенциялық өтінімді басқа өтінім беруші берген жағдайда, басымдық құқығын пайдалануға бірінші өтінім берушінің рұқсаты қоса беріледі.

Өнертабысқа немесе пайдалы модельге бірінші өтінімді берген күннен бастап он екі ай мерзім өткеннен кейін, ал өнеркәсіптік үлгіге алты ай өткеннен кейін, алайда белгіленген мерзімнен екі айдан кешіктірмей берілген өтінім бойынша конвенциялық басымдылық сұрастырылған кезде, өтінім берушімен белгіленген мерзімнің оған тәуелді емес мән-жайларға байланысты өткізілгендігі расталады.

Конвенциялық басымдық өтінім беру кезінде немесе сараптама ұйымына өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде сұралады.

Ресми уәкілеттік берілген осы коллекция-депозитарийге сақтау беру туралы құжат микроорганизмдердің жаңа штаммына, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының өсіндісіне жататын өнертабысқа және пайдалы модельге арналған өтінімге қоса беріледі.

Сақтау туралы құжат (сақтау туралы паспорттың куәландырылған көшірмесі) өтініммен бір мезгілде немесе сараптама ұйымына өтінім келіп түскен күннен бастап екі айдан кешіктірілмей ұсынылады. Өнертабысқа басымдық берілген күннің алдындағы күн сақтауға беру күні болады.

Нуклеотидтердің және (немесе) амин қышқылдары тізбектерінің тізбесі бар өтінімге ДЗМУ ST25 стандартының талаптарын қанағаттандыратын сол тізбектер тізбегінің көшірмелері жазылған машинамен оқылатын ақпарат жеткізгіш және машинамен оқылатын нысанда ұсынылатын ақпарат баспа нысанында ұсынылатын тізбектер тізбесіне сәйкес екеніне қатысты өтініш беруші қол қойған өтініш қоса беріледі.

Ескерту. 57-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Әділет министрінің 26.12.2018 № 1630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

58. Қағаз жеткізгіште келіп түскен өтінім құжаттарын тіркеу былайша жүргізіледі:

1) сараптама ұйымына келіп түскен өтінім құжаттары олардың келіп түскен күні көрсетіле отырып тіркеледі;

өтінім құжаттарының келіп түсу фактісі туралы өтінім беруші сараптама ұйымы қойған деректемелермен (тіркеу нөмірі және келіп түскен күні) бірге өтініштің бір данасын жіберу арқылы хабардар етіледі;

2) сараптама ұйымынан шығатын хат-хабар тек бір мекен-жайға, бұл ретте: егер өтініштің "хат алмасу мекенжайы" бағанында егер өтінім берушінің немесе өтінім берушілердің бірінің мекенжайынан өзгеше хат алмасу мекенжайы көрсетілсе, егер олар бірнешеу болса не өтінім беруші (өтінім берушілер) өкілінің мекенжайы көрсетілсе, онда хат-хабар осы мекен-жай бойынша өтінім берушінің атына немесе егер өтінім беруші бірнешеу болса - өтініште бірінші болып көрсетілген өтініш берушінің атына, егер өтініш берушілердің барлығы Қазақстан Республикасының аумағында тұрмаса немесе болмаса, онда Қазақстан Республикасының аумағында тұрып жатқан немесе жүрген, бірінші көрсетілген өтінім берушінің атына жіберіледі;

егер өтініштің "хат алмасу мекенжайы" бағаны толтырылмаса, онда хат-хабар өтінім берушінің атына немесе егер өтінім берушілер бірнешеу болса, бірінші өтінім берушінің не егер өтінім берушілердің барлығы Қазақстан Республикасының аумағында тұрмаса немесе болмаса, Қазақстан Республикасының аумағында тұрып жатқан немесе жүрген бірінші өтінім берушінің атына жіберіледі;

3) өтінім құжаттарының мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы болмаған кезде, егер олар басқа тілде ұсынылған болса, өтінім беруші өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде аударманы ұсыну қажеттігі туралы жазбаша хабардар етіледі. Заңның 16-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілген аударманы ұсыну мерзімі тиісті төлем жасалған кезде екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

3 тарау. Өнеркәсіптік меншік объектілеріне сараптама

3.1. параграф. Өнертабысқа өтінім бойынша ресми сараптама жүргізу тәртібі

59. Егер Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі " Мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды тұлғаларының тізбесін бекіту туралы" № 371 Жарлығымен (бұдан әрі - Президент Жарлығы) мәліметтерді мемлекеттік құпияға жатқызуға уәкілетті болып белгіленген мемлекеттік органмен өтінім мемлекеттік құпия деп табылса, өтінім түскен күннен бастап үш айдың ішінде өтінім берушіге Заңның 5-бабының 6-тармағына сәйкес өнертабысқа құқықтық қорғауды беру мүмкін еместігі туралы хат жолданады.

60. Өтінім туралы мәліметтер ол сараптама жасау ұйымына келіп түскен сәттен бастап патент беру туралы мәліметтер жарияланғанға дейін құпия болып табылады және жарияланбайды.

61. Өнертабыс шет елдерде патенттелген кезде, сараптама жасау ұйымына берілген өтінім бойынша, өтінім берушінің өтінішхаты бойынша алғашқы өтінімнің куәландырылған көшірмесі беріледі.

Алғашқы өтінімнің куәландырылған көшірмесі ол сараптама жасау ұйымына берілгеннен бастап кемінде үш ай өткен соң беріледі. Алғашқы өтінімнің

куәландырылған көшірмесі өтініш берушінің өтінішхаты негізінде, сараптама жасау ұйымының келісімімен белгіленген мерзімнен бұрын берілуі мүмкін.

62. Өтінімге ресми сараптама өтінім сараптама ұйымына келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде жүргізіледі.

63. Өтінімге ресми сараптама жүргізу кезінде мыналар:
өтінімде қамтылатын және қоса берілетін құжаттардың болуы;
өтінім берген үшін ақы төленгені туралы құжаттың болуы;
өнертабыстың мәнін талдаусыз, өнертабыстың бірлік талаптарының сақталуын қоса алғанда, Заңмен белгіленген өтінімді ресімдеуге қойылатын, талаптардың сақталуы;
қосымша материалдарды ұсынудың белгіленген тәртібінің сақталуы;
өнертабысты ӨХС бойынша сыныптаудың дұрыстығы.

Мәлімделген ұсынысты Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес өнертабыс ретінде танылмайтын шешімдер қатарына жатқызу, 1971 жылғы 24 наурыздағы Страсбург Халықаралық патенттік сыныптау туралы келісіммен (бұдан әрі – ХПС) белгіленген өнертабысты Халықаралық патенттік сыныптама бойынша жіктеудің дұрыстығы тексеріледі.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Құжаттарына қойылатын талаптар бұзыла отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге жіберген күннен бастап үш ай мерзім ішінде түзетілген немесе жоқ құжаттарды ұсыну туралы ұсыныспен сұрау салу жіберіледі.

Сұрау салу:

- 1) қажетті құжаттар пакеті толық ұсынылмаса;
- 2) өтініште қажетті мәліметтер, реквизиттер, қол қоюлар, мөрдің баспа-таңбасы (ол болған жағдайда) болмаса, сондай-ақ өтініште келтірілген мәліметтерді нақтылау қажеттігі болса;
- 3) құжаттарды ресімдеуде оларды тікелей репродукциялауға кедергі келтіретін (өтінім материалдарын оқуды қиындататын басып шығарудың сапасы) кемшіліктер анықталса;
- 4) өтінімде жалпыға қол жеткізу мүмкін емесе көздерге жасалған сілтемелер, не онда қамтылған қандай да бір (патент туралы мәліметтерді жариялау кезінде автор ретінде көрсетпеуге ниет білдірген авторлар туралы мәліметтерді есептемегенде) мәліметтерді жариялау мүмкін емес деп көрсетілген болса;
- 5) өнертабыс формуласында құқықтық қорғау сұратылатын өнертабыс объектісі көрсетілмесе;
- 6) өнертабыс формуласында тиісті түрдегі объектінің ерекшеліктерінің орнына тек оны жүзеге асыру және (немесе) пайдалану кезінде орын алатын оның пайдалану

көрсеткіштері мен тұтынушылық қасиеттері, әсерлері мен құбылыстар туралы деректер болса;

7) өнертабыс формуласында сәйкестендіруді қамтамасыз ететін еркешеліктерді сипаттау жөніндегі талаптар бұзылса;

8) өнертабыстың көпбуынды формуласының тәуелді тараптарында өнертабыстың қоғам мүдделеріне, адамгершілік пен мораль қағидаттарына қайшы келетін белгілер болса;

9) формуланың тәуелді тармағын бір өнертабысқа жатқызу талабы бұзылса;

10) өнертабыстың формуласында ол бағынатын формула тармағының белгісін (белгілерін) алып тастауды немесе ауыстыруды болжайтын тәуелді тармақ болса;

11) өтінім құжаттары бір-біріне сәйкес келмесе (атап айтқанда, өнертабыстың өтінімде келтірілген атауы сипаттамада көрсетілген атауға сәйкес келмесе, сызбалар өнертабыс сипаттамасына сәйкес келмесе);

12) рефератқа қойылатын талаптар бұзылса;

13) сипаттамада, өнертабыс формуласында және рефератта жалпы қабылданған терминологияны пайдалану және өтінім материалдарының мәтінінде терминология бірдейлігін сақтау туралы талаптар бұзылса;

14) өтінімде сұратылатын бұрынырақ басымдықты белгілеумен байланысты мәселелерді анықтау қажеттігі болса;

15) өтінім берілген өнертабыстың (өнертабыс топтарының) мәнін талдамастан анықталатын сипаттамаға, формулаға және рефератқа қойылатын басқа да талаптарды бұзылушылықтар болса жіберіледі .

16) мәлімделген ұсынысты Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес өнертабыс ретінде танылмайтын шешімдер қатарына жатқызу;

Өтінім берушіге сұрау салуда бірыңғай өнертапқыштық ойды құрайтын бір өнертабысқа немесе өнертабыстар тобына жататын нақтыланған сипаттама мен формуланы табыс ету ұсынылады.

Өтінімге сараптама сұрау салуға жауап алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылатын құжаттарды немесе оларды табыс ету мерзімін ұзарту туралы өтінішхат ұсынбаса, өтінім кері қайтарылды деп саналады, ол турады өтінім берушіге белгіленген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күн ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Өтінім берушімен өткізілген мерзімдерді Заңның 22-бабының 13-тармағына сәйкес қалпына келтіруге болады.

Ескерту. 64-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Өтінім нысаны мынадай сыныпталады.

Сараптама жасау ұйымы, өтінім нысанын техниканың не ол не бұл саласына ара қатынасын белгілеу мақсатында өтінім берілген өнертабысты ӨХС сәйкес сыныптайды.

Сыныптама:

формальды сараптама жүргізу кезінде;

ақпараттық іздеу және (немесе) өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

Сыныптау кезінде сыныптама индексін таңдау үшін өтінім берілген өнертабыс формуласы негіз болып табылады.

Өнертабыстың мәнін толығырақ түсіну үшін сипаттама мен сызбалар тартылады.

Егер өтінім ӨХС әртүрлі айдарларына жататын бірнеше объектілерді қамтыса, барлық тиісті сыныптамалық индекстер белгіленеді. Бұл ретте бірінші индексті таңдау өнертабыстың атауымен белгіленеді.

Формальды сараптама сатысында белгіленген сыныптамалық индекстер өтінімге формальды сараптама жүргізу процесінде өзгертілуі мүмкін.

66. Заңның 22-бабының 4-тармағына сәйкес Өнертабыс бірлігі талабын бұза отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге оған тиісті хабарлама жіберген күннен бастап үш ай мерзімде өнертабыстардың қайсысы қаралуға тиіс екенін хабарлау және қажет болған жағдайларда өтінім құжаттарына нақтылау енгізу ұсынылады. Бастапқы өтінім материалдарына енген басқа өнертабыстар бөлектелген өтінімдермен ресімделуі мүмкін. Белгіленген өтінімдер басымдығы осы Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленеді.

Егер өтінім беруші өзіне бірлік талаптарының бұзылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнертабыстардың қайсысын қарау қажет екенін хабарламаса және нақтыланған құжаттарды табыс етпесе, формулада бірінші көрсетілген, сондай-ақ алғашқысымен байланыстылығы соншалықты, олар өнертабыс бірлігі талаптарын қанағаттандыратын басқа да өнертабыстар объектісі қаралады.

Өнертабыс бірлігі талаптарының сақталуы өнертабыстың бірінші формуласына қатысты немесе, егер ол өзгермесе, өтінім берушінің ұсынылған формуласына қатысты тексеріледі.

Егер қосымша материалдарда өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ, өнертабыс формуласына енгізуге жататын белгілер болса, олар өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертеді.

Қосымша материалдар өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертетін бөлігінде өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды және оны өтініш беруші дербес өтінім ретінде ресімдеуі мүмкін.

67. Егер өтінімде оларға қойылатын талаптар сақталған барлық құжаттар қамтылса, өтінім берушіге формальды сараптаманың оң нәтижесі туралы хабарлама формальды сараптама аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Егер формальды сараптама жүргізу барысында ұсынылған шешімнің 6-баптың 3-тармағына сәйкес өнертабыстар қатарына жатпайтыны анықталса, патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданады және өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде хабарланады. Патент беруден бас тарту туралы сараптама ұйымның шешіміне қарсы апелляциялық кеңеске шағымдануға болады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Өнертабысқа патент беруге өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізу тәртібі

68. Ресми сараптама оң нәтижемен аяқталғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді.

Өтінімге мәні бойынша сараптама мәлімделген ұсынысты өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігін белгілеуді, техника деңгейін анықтау үшін мәлімделген өнертабысқа қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген объектінің (объектілердің) өнертабыс бірлігінің талабына және патентке қабілеттілік шарттарына сәйкестігіне тексеру жүргізуді қамтиды.

69. Өтінімге мәні бойынша сараптама формальды сараптама оң нәтижемен аяқталған жағдайда және өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізгені үшін ақы төленгенін растайтын құжат ұсынылған кезде Заңның 20-бабы 2-тармағының ережелері ескеріле отырып, өтінім сараптама жасау ұйымына келіп түскен күннен бастап он сегіз ай ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Өтінім беруші Заңның 22-бабының 11-тармағына сәйкес сұрау салуға жауап беру үшін белгіленген мерзімдерді ұзарту, қалпына келтіру туралы өтінішхаттарды берген жағдайда, сараптама мерзімі тиісті өтінішхаттарды ескере отырып, ұзартылады.

71. Өнертабысқа сараптама жасауға өтінімді беру күні бойынша басымдықты анықтау Заңның 20-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

72. Өтінім беруші басымдықты өтінімсараптама жасау ұйымына берілген күннен бұрынырақ күн бойынша сұратқан кезде өтінім берушінің Заңның 20-бабының 2, 3, 4, 5, 6-баптарында, осы Қағидалардың 57-тармағында көрсетілген талаптарды сақтауы тексеріледі.

73. Сұратылатын басымдықты сол бір өтінім берушінің бұрын берген өтініміне қосымша материалдар түскен күннен бастап белгілеу Заңның 20-бабының 3-тармағына сәйкес жүзеге асырылады және мына талаптардың сақталуы тексеріледі:

Осындай басымдық сұратылатын өтінім сараптама жасау ұйымының қосымша материалдарды, олардың өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертеді деп танылуына

байланысты назарға алу мүмкін еместігі туралы өтінім берушіге хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сараптама жасау ұйымына түсуі тиіс;

Өтінім берілетін өнертабыс түскен күні бойынша басымдық сұратылып отырған қосымша материалдарда (осы материалдар түскен өтінімнің мазмұнын ескере отырып) ашылуы тиіс.

Сұратылатын басымдық сол бір өтінім берушінің сараптама жасау ұйымына Заңның 20-бабының 4-тармағына сәйкес бұрынырақ өтінім берген күн бойынша белгіленеді және мына талаптардың сақталуы тексеріледі:

Осындай басымдық сұратылатын өтінім өнертабысқа неғұрлым ертерек өтінім берілген күннен бастап он екі ай ішінде немесе пайдалы модельге неғұрлым ертерек өтінім берілген күннен бастап алты ай ішінде сараптама жасау ұйымына түсуі тиіс;

басымдық сұратылатын өтінімді өнертабысқа немесе пайдалы модельге бұрынырақ өтінім берген нақ сол өтінім беруші немесе оның құқықтық мирасқоры беруі тиіс;

өтінім берілген өнертабыс, өнертабысқа немесе пайдалы модельге бұрынырақ берілген өтінімде ашылуы тиіс;

бұрынырақ берілген өтінім бойынша бұрынырақ басымдық сұратылмайды.

Бұрын берілген бірнеше өтінімдер негізінде басымдық сұрау кезінде көрсетілген талаптардың сақталуы олардың әрқайсысына қатысты белгіленеді.

Көрсетілген басымдықты сұрау кезінде бұрынырақ берілген өтінім (немесе, егер олар бірнешеу болса, барлығы) қайтарылды деп саналады, ол туралы талап етілген басымдықты анықтаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

74. Өтінім беруші бөлінген өтінім бойынша сұратып отырған өнертабыс басымдығын сараптама жасау ұйымына Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес сол бір өтінім беруші осы өнертабысты ашатын алғашқы өтінімін берген күні бойынша анықтау мына талаптардың сақталуын тексеруді қамтиды:

Бөлінген өтінім сараптама жасау ұйымына, өнертабысқа немесе пайдалы модельге патент беруге өтінім бойынша қарсылық білдіру мүмкіндігі таусылған, қорғау құжатын беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін (өтінім бойынша іс жүргізуді жалғастыру мүмкіндігі болған кезеңде), ал сараптама жасау ұйымы көрсетілген өтінім бойынша беру туралы шешім қабылдаған жағдайда - Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік тізілімінде тіркеу күніне дейін келіп түсуі тиіс;

Бөлінген өтінімде өтінім берілген өнертабыс алғашқы өтінімде ашылуы тиіс, ал егер , өтінім конвенциялық өтінімнен бөлінген және басымдық оның басымдық күні бойынша сұратылып отырса, - бірінші өтінімде ашылуы тиіс.

75. Өтінім беруші бірнеше басымдық сұратып отырса, оларды сұрату үшін өтінім беруші көрсетіп отырған негіздерге байланысты басымдықты белгілеу үшін оның тиісті шарттарды сақтауы анықталады.

76. Өнертабыс басымдығын белгілеу шарттарын сақтауды тексеру кезінде соның негізінде басымдық сұратылып отырған өтінім немесе осындай сұрату үшін негіз болатын қосымша материалдар берілген өтінім қайтарылмаған болып табылатыны тексеріледі.

Егер өтінім қайтарылған болып саналса, ол қайтарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Өтінім берушінің бұрын берген, басымдық сұратуға негіз болып табылатын материалдарында (бұрын берген өтінімде, қосымша материалдарда) өтінім берілген өнертабысты ашумен байланысты талаптардың сақталуы анықталса, осы материалдарда (сипаттамада, бұрын берілген өтінімнің формуласында, қосымша материалдардың мәтіндік бөлімінде) өтінім берілген өнертабыс формуласына енгізілген барлық белгілердің көрсетілгені тексеріледі.

Өнертабыс басымдығы конвенциялық өтінімнен бөлінген өтінім бойынша сұратылып отырған жағдайда, тиісті талаптарды сақтаған жағдайда, өнертабыстың басымдығы конвенциялық өтінімнің басымдық күні бойынша белгіленеді.

Бұл ретте конвенциялық өтінімді сараптама жасау ұйымына берген күн бөлінген өтінімді берген күн болып саналады.

Өтінім беруші тиісті талаптарды сақтамаған жағдайда, өнертабыс басымдығы өтінімді Заңның 20-бабының 1-тармағына сәйкес сараптама жасау ұйымына берген күн бойынша басымдықты анықтаған күннен бастап бес күн ішінде өтінім берушіге алдын ала хабарлама жібере отырып, белгіленеді.

Егер, көрсетілген талаптар көп буынды формуланың тармақтарының бірінде сипатталған өнертабысқа қатысты талаптар сақталмаса, өтінімді сараптама жасау ұйымына берген күн бойынша басымдық тек осы өнертабыс үшін ғана белгіленеді.

77. Тексеру формальды сараптама нәтижелері бойынша қарауға қабылданған өнертабыс формуласына қатысты, ал егер оны өтінім беруші формальды сараптама аяқталғаннан кейін өзгертсе - өзгертілген формулаға қатысты жүргізіледі. Өтінімге формальды сараптама жүргізу кезінде өнертабыс бірлігінің талаптары бұзылғаны анықталса, және өтінім беруші белгіленген мерзімде өнертабыстың қайсысы берілген өтінім аясында қаралатынын хабарласа, тексеру осы өнертабыс формуласына қатысты жүргізіледі.

Егер белгіленген мерзімде өтінім берушіден хабар келмесе, тексеру формулада бірінші болып көрсетілген өнертабысқа қатысты жүргізіледі.

Өнертабыс формуласын тексеру кезінде онда өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтижені алу үшін өтінім берілген өнертабыстың жиынтығы жеткілікті барлық маңызды белгілерінің болуы анықталады.

Егер, ол болмаса техникалық нәтижеге (егер өтінім беруші олардың бірнешеуін көрсетсе, ешбір нәтижеге) қол жеткізілмейтін маңызды белгі өнертабыс формуласының тәуелсіз тармағына енгізілмеген, бірақ формуланың сипаттамасында немесе тәуелді

тармағында қамтылған болса, өтінім берушіге осындай белгіні формуланың тәуелсіз тармағына енгізу ұсынылады.

Бұл ретте, осы белгінің техникалық нәтижеге қол жеткізу үшін қажеттігін растайтын дәлелдер келтіріледі. Бұндай дәлелдер сипаттамада ашылған белгілер мен техникалық нәтиже арасындағы себеп-салдарлық байланысқа немесе өтінім берілген өнертабыстың сараптама жүргізген теориялық талдауына негізделуі мүмкін.

Қаралатын формуланың тәуелсіз тармағы өтінім берілген өнертабыстың маңызды емес белгілерін немесе орындаудың немесе пайдаланудың тек жеке нысандарын сипаттайтын белгілерді қамтыса, өнертабыс формуласының осындай редакциясын сақтау орындылығы туралы өтінім берушінің пікірі сұратылады.

Егер, көрсетілген шарт сақталмағаны анықталса (белгі оны сәйкестендіруді қамтамасыз етпейтін анықтаулармен сипатталған), сараптама өтінім берушіден өнертабыс формуласында қамтылатын белгіге қатысты маманның техника деңгейі негізінде оның мағыналық мазмұнын түсіну мүмкіндігі бар екенін растайтын мәліметтерді сұратады.

Егер көрсетілген шартты сақтау үшін белгіні өнертабыстың сипаттамасы негізінде түзету қажет болса, өтінім берушіге осындай түзетуді жүзеге асыру ұсынылады.

Егер көрсетілген шарт сақталған, бірақ белгіні сипаттау үшін ескірген не осы техника саласында қабылданғанға сәйкес келмейтін терминология пайдаланылған болса, өтінім берушіге өнертабыс формуласына тиісті түзетуді енгізу ұсынылады.

Егер өтінім беруші өнертабыс формуласын түзетуден бас тартса, өтінімді одан әрі қарау кезінде осындай белгі немесе оны сипаттау үшін пайдаланылған, өнертабыс формуласына енгізілген ұғымдар, назарға алынбайды.

Егер өнертабыс формуласы жалпы ұғыммен көрсетілген белгіні қамтыса, оны пайдалану заңдылығы анықталады.

Сараптама белгіні іске асырудың осы жалпы ұғымға жататын, бірақ өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтижені алуды қамтамасыз етпейтін (басқа да маңызды белгілермен бірге) осындай жеке нысандарын анықтаса, өтінім берушіге тиісті дәлелдемелер келтіріледі және оларды жоққа шығару немесе формуланы өнертабыстың сипаттамасы негізінде түзету ұсынылады.

Егер өтінімде бір тәуелсіз тармағы бар бір буынды немесе көп буынды формула келтірілсе, осындай формулада бір өнертабыс сипатталғаны тексеріледі.

Көрсетілген талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда, жіберілетін сұрау салуда өтінім берушіге осы туралы хабарланады және анықталған бұзушылықты жою үшін формуланы түзету ұсынылады.

Бұл ретте, сондай-ақ түзетілген формулада бірлік талаптарын сақтау және түзетілген формулаға өнертабысқа бұрын жекелеген тәуелсіз тармақтармен

көрсетілмеген жаңа тәуелсіз формуланы енгізген жағдайда, қосымша төлем жасау, не формуланы түзетуден бас тартқан жағдайда, - одан әрі қарауға жататын өнертабысты көрсету қажеттігі көрсетіледі.

Өтінім берушінің белгіні сипаттау үшін баламалы ұғымдарды пайдалану талаптарын сақтамауы көрсетілген қорытынды үшін негіз болса, оларға қатысты осындай бұзушылық анықталған нақты баламалы сипаттамаларды (барлық немесе өтінім беруші келтіргендердің кейбіреулерін) көрсете отырып, жол берілген бұзушылықтың сипаты көрсетіледі.

Егер, өтінім беруші бірнеше тәуелсіз тармақтарды қамтитын көп буынды формуланы ұсынса, олардың әрқайсысына (егер ондайлар болса, оған бағынысты тәуелді тармақтармен бірлесіп) талдау жүргізіледі.

Әрбір тәуелсіз тармағы (егер ондайлар болса, оған бағынысты тәуелді тармақтармен бірлесіп) тек бір өнертабысты сипаттайтын көп буынды формулаға қатысты оған енгізілген өнертабыстар бірыңғай өнертабыстық түпкі ойды құрайтын өнертабыстар тобын білдіретіні анықталады.

Егер өнертабыстар бір бірімен бірыңғай өнертабыстық түпкі ойды құрайтындай соншалықты байланысты болса, өтінім бір өнертабысқа немесе өнертабыстар тобына жатады.

Егер:

өнертабыс формуласында бір өнертабыс сипатталса;

өнертабыс формуласында өнертабыстар тобы сипатталса;

олардың бірі екіншісін (құрылғыны немесе тұтастай затты немесе олардың бөлігін) алу (жасау) үшін арналған болса;

олардың бірі екіншісін жүзеге асыру үшін арналған болса (мысалы тәсіл немесе құрылғы тәсілді тұтастай немесе оның әрекеттерінің біреуін жүзеге асыру үшін);

олардың бірі екіншісін (екіншісінде) пайдалану үшін арналған болса (мысалы, тәсілде пайдалану үшін арналған тәсіл және зат; тәсіл немесе құрылғы және оның бөлігі; құрылғыны немесе затты жаңаша немесе белгілі бір мақсатта қолдану және оларды осы мақсатқа сәйкес пайдаланумен бірге тәсіл; құрылғыны немесе затты жаңаша немесе белгілі бір мақсатта қолдану және олардың құрамдас бөлігі болып табылатын құрылғы немесе композиция);

бір мақсаттағы, бір техникалық нәтижені (нұсқалар) алуды қамтамасыз ететін, бір түрдегі объектілерге (бірнеше құрылғы, бірнеше заттар, бірнеше тәсілдер) жататын болса, өнертабыс бірлігі сақталған болып танылады.

Тәуелсіз тармақтарда сипатталған өнертабыстарды нұсқаларға жатқызу дұрыстығын тексеру кезінде өнертабыстардың өтінім беруші көрсеткен мақсаттары мен техникалық нәтижелері сәйкес келетіні анықталады.

Егер өнертабыстар тобының әрқайсысы (немесе олардың біреуі) үшін бірнеше техникалық нәтижелер көрсетілсе, ал сәйкестік көрсетілген техникалық нәтижелер

санынан тек кейбіреулеріне ғана қатысты анықталса, техникалық нәтижелердің сәйкестік шарты бұзылды деп саналмайды.

Барлық өнертабыстар үшін техникалық нәтиженің ортақ сипаттамасынан басқа, олардың біреуінің тұжырымдамасы қандай да бір өзіндік ерекшелікке нұсқауды қосымша қамтитын жағдайда да техникалық нәтижелердің сәйкестік шарты бұзылған деп саналмайды.

Өтінім беруші өнертабыс бірлігі талаптарын сақтамағаны анықталған жағдайда, өтінім берушіге сараптама жүргізу кезеңінде хабарлама жіберіледі.

Егер өтінім беруші ұсынған өнертабыс формуласын талдау кезінде оның қойылған талаптарға сәйкес келмеуі анықталса, бірақ бұл өтінім берілген өнертабыстың патенттік қабілеттігін тексеруге кедергі болмаса, өнертабыс формуласын түзетуге байланысты барлық мәселелер осындай формуламен сипатталған өнертабыстың патенттік қабілеттігі туралы алдын ала қорытынды алынғаннан кейін өтінім берушімен бірге айқындалады.

Патенттік қабілеттілікті тексеру үшін өтінім беруші растаған өзгерістер бар формула қабылданады.

Тексеру кезінде бір тәуелсіз тармағы бар бір буынды немесе көп буынды формула біреуден көп өнертабысқа жататын және өтінім беруші формуланы түзетуден бас тартқан жағдайда, өтінімге сараптаманы жалғастыру тек өтінім беруші одан әрі қарауға жататын өнертабысты көрсеткен жағдайда ғана жалғастыру мүмкін болады және патенттік қабілеттілікті бағалау тек бір өнертабысқа ғана қатысты жүзеге асырылады.

78. Өнертабыс ретінде мәлімделген шешімнің патентке қабілеттілігін тексеру мыналарды қамтиды:

мәлімделген ұсыныстың Заңның 6-бабының 3 және 3-1 тармақтарына сәйкес өнертабыс ретінде танылмайтын шешімдер санына сәйкестігін анықтау;

мәлімделген ұсыныстың Заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес өнертабыс ретінде қорғалатын техникалық шешімдерге сәйкестігін анықтау және мәлімделген ұсыныспен техникалық сипаттағы нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Өтінім берілген ұсыныс Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес өтінім материалдары осындай түрде көрсетілген объектілерді ғана ашатын жағдайда, өнертабыс ретінде танылмайтын шешімдердің қатарына жатады.

Өнертабыс формуласында тек математикалық әдіс, электрондық есептеу машинасына арналған бағдарлама немесе онда пайдаланылатын алгоритм болған жағдайда, онда мәлімделген ұсыныс Заңның 6-бабының 3 және 3-1 тармақтарына сәйкес өнертабыс ретінде танылмайтын объектілерге жатады деп танылады.

Мәлімделген ұсынысты өнертабыс ретінде танылмайтын объектілерге жатқызу кезінде өтінім берушіге тиісті дәлелдері баяндалған сұрау салу жіберіледі.

Өзіне қатысты өнертабыс ретінде танылмайтын объектілерге қатысты деген тұжырым жасалмаған мәлімделген ұсыныс өнеркәсіптік қолдану, жаңалық және өнертапқыштық деңгейі шарттарына сәйкестігі тексеріледі.

Қаралып отырған формулада баламалы ұғым болған жағдайда, патентке қабілеттілікті тексеру осындай ұғымдардың бірін қамтитын белгілердің әрбір жиынтығына қатысты жүргізіледі.

Мәлімделген өнертабыстың патентке қабілеттілігін тексеру кезінде техника деңгейіне автор, өтінім беруші немесе олардан тікелей немесе жанама түрде осы ақпаратты алған кез келген тұлға ашқан өнертабысқа қатысты ақпаратты қамтитын көздер, өнертабысқа өтінім сараптама жасау ұйымына ақпаратты ашу күні өтінім берілген күннен бастап алты айдан кешіктірілмей берілген жағдайда, өнертабыстың мәні туралы мәліметтер жалпыға қолжетімді болатындай енгізілмейді.

Патентке қабілеттілігін тексеру нәтижелері бойынша патент беру туралы немесе патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Өнертабыс, егер ол өнеркәсіпте, ауылшаруашылық, денсаулық сақтау және басқа да қызмет салаларында пайдалануы мүмкін болса, өнеркәсіптік қолдануға жарамды болып табылады.

Өнертабысты пайдалану мүмкіндігін анықтау кезінде өтінім материалдарында мәлімделген өнертабыс объектісінің мақсатының көрсетілуі тексеріледі.

Сондай-ақ өтінім материалдарында өнертабысты оның формуласының кез келген тармақтарында сипатталғандай қолдана отырып жүзеге асыру мүмкін болатын құралдар мен әдістердің сипатталуы тексеріледі. Өтінім материалдарында осындай мәліметтер болмаса, өнертабыс басымдығы күнінен дейін жалпыға мәлім болған кезде осы құралдар мен әдістердің сипатталуына жол беріледі.

Одан басқа, өнертабыс формуласы тармақтарының кез келгені бойынша жүзеге асыру кезінде өтінім беруші көрсеткен мақсатты іске асыру іс жүзінде мүмкін екендігі тексеріледі.

Егер өнертабыстың басымдық күніне барлық көрсетілген талаптар сақталғаны анықталса, өнертабыс өнеркәсіптік қолдануға жарамдылық шартына сәйкес деп танылады.

Көрсетілген талаптардың тым болмаса біреуі сақталмаса, өнертабыстың өнеркәсіптік қолдануға жарамдылық шартына сәйкессіздігі туралы қорытынды шығарылады.

Бұл жағдайда, өтінім берушіге тиісті дәлелдемелерді мазмұндаумен бірге, және осы дәлелдемелерге қатысты өз пікірін айтуды және өнертабыс формуласын түзетуді ұсына отырып, сұрау салу жіберіледі (егер сараптаманың пікірінше, өтінім

материалдарын осындай түзету мүмкін болып, оның нәтижесінде көрсетілген қорытынды өзгеруі мүмкін болса). Бұл ретте формуланы түзету бойынша нақты ұсыныстар келтірілуі мүмкін.

Өнеркәсіптік қолдануға жарамдылық шартына сәйкестігі анықталған өнертабысқа қатысты жаңалық және өнертабыстық деңгейін тексеру жүргізілмейді.

80. Өнертабыс, егер ол техника деңгейі туралы мәліметтерден белгілі болмаса, жаңа болып табылады.

Өнертабыстың жаңалығын тексеру өнертабыс формуласының тәуелсіз тармағында қамтылатын белгілердің барлық жиынтықтарына қатысты жүргізіледі.

Басымдық күні бұрынырақ өнертабысқа немесе пайдалы модельге өтінім сол күннен бастап, мына шарттар жиынтығы сақталған жағдайда техника деңгейіне енгізіледі:

өтінім, соның ішінде халықаралық беру анықталған және Қазақстан Республикасы көрсетілген халықаралық, сондай-ақ өзіне қатысты осы Қағидалардың талаптары сақталған еуразиялық өтінім Қазақстан Республикасында берілген болса;

өтінім қайтарылған немесе қайтарылмаған болып саналса.

Басымдық күнінен бастап техника деңгейіне сонымен қатар Қазақстан Республикасында патенттелген (соның ішінде нақ сол адам патенттеген), яғни Қазақстан Республикасының тиісті Мемлекеттік тізілімдерінде тіркелген барлық өнертабыстар мен пайдалы модельдер енгізіледі.

Басымдық күні бұрынырақ өтінім, онда ол берілген күні қамтылатын сипаттамаға және формулаға қатысты енгізіледі. Егер бұл күн қаралатын өтінімнің басымдық күнінен неғұрлым кешірек болса, басымдығы бұрынырақ өтінім оның басымдықты анықтау үшін негіз болған материалдардың (бастапқы өтінім, бұрын берілген өтінім, қосымша материалдар) мазмұнымен сәйкес келетін бөлігінде техника деңгейіне енгізіледі.

Егер техника деңгейінде, өнертабыстың, мақсатын қоса алғанда, қаралатын формуласында қамтылатын барлық белгілерге ұқсас белгілер тән болатын құрал анықталса, өнертабыс тиісті жаңалық талабына сәйкес деп танылмайды.

Егер, өтінім берілген өнертабыс белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсатпен қолдануға жатқызылса, ол өтінім беруші көрсеткен мақсат бойынша сол өнім мен тәсілді қолдану белгілі болған көз анықталса, ол жаңалық талабына сәйкес деп танылмайды.

Бұрынырақ басымдық күні бар өтінім техника деңгейінде қаралатын өнертабыс белгілі болған ақпарат көзі болып табылса, өтінім қайтарылғаны не месе қайтарылмағаны анықталады, қаралатын өнертабысқа мәні бойынша сараптама жүргізу кезеңінде өтінім берушіге осындай өтінім бар болуы (өтінім берушіні көрсетпестен және мазмұнын ашпастан) және оның өтінімін бұрынырақ басымдығы бар өтінім бойынша анықталғанша қарауды кейінге қалдыру мүмкіндігі туралы хабарланады.

Өтінім беруші өтінімді қарауды кейінге қалдыруға келіспесе, өтінім берілген өнертабыстың жаңалық талабына сәйкессіздігі анықталады.

Егер тәуелді тармақтарды қамтитын формуланың тәуелсіз тармағында сипатталған өнертабыс жаңалық деңгейіне сәйкес келсе, тәелді тармақтарға қатысты техника деңгейіне талдау жүргізілмейді.

Тәуелді тармақтарды қамтымайтын формуламен сипатталатын өнертабыс жаңалығының болмауын анықтау кезінде, мәні бойынша сараптама жасау кезеңінде өтінім берушіге сараптама дәлелдерін мазмұндаумен бірге, және осы дәлелдерге қатысты өз пікірін ұсынуды және қажет болса, өтінім материалдары негізінде өнертабыс формуласын түзетуді ұсына отырып, сұрау салу жіберіледі

Жаңалық талабына сәйкессіздік белгіленген өнертабысқа қатысты өнертабыстық деңгейді тексеру жүргізілмейді.

81. Өнертабыстың өнертабыс деңгейі болады, егер оның маман үшін техниканың деңгейі туралы мәліметтері болмаса.

Өнертабыс техниканың деңгейі туралы мәліметтерден маман үшін келесі болып танылмайды, атап айтқанда, оның ерекше белгілеріне сәйкес келетін белгілеріне шешімдер анықталмаған жағдайда, немесе, осындай шешімдер анықталып, ерекше белгілерінің өтініш беруші көрсеткен техникалық нәтижеге ықпал етуі расталмаған болса.

Көрсетілген шарттардың сақталуын тексеруге кіреді:

аса жақын аналогын анықтау;

тәуелсіз формула тармағында сипатталған өтініш берілген өнертабыстың аса жақын аналогтан ерекшеленетін белгілерін (ерекше белгілерін) анықтау;

техника деңгейінен қаралатын өнертабыстың ерекше белгілеріне сәйкес келетін белгілері бар шешімдерді анықтау.

Өнертабыстың өнертабыс деңгейінің шарттарына сәйкес келмейтіндігі танылады, атап айтқанда, мыналарға негізделген:

техникалық нәтижеге қол жеткізу үшін белгілі құралды белгілі ережелер бойынша қосылатын (біріктірілетін), оған қатысты нақты осындай толықтырулардың ықпал етуі белгіленген қандай да бір белгілі бөлікпен (бөліктермен) толықтыруға;

техникалық нәтижеге қол жеткізу үшін белгілі құралдың қандай да бір бөлігін (бөліктерін), нақты осындай ауыстырудың ықпал етуі белгіленген басқа белгілі бөлікпен ауыстыруға;

құралдың қандай да бір бөлігін (элементін, іс-қимылын) бір уақытта оның негізделген функциясын алып тастаумен және осындай әдеттегі алып тастау нәтижесіне (оңайлату, массасын, габариттерін, материал сыйымдылығын азайту, сенімділігін арттыру, процестің ұзақтығын қысқарту) қол жеткізумен алып тастауға;

бір типтес элементтерді, іс-қимылдарды осындай элементтердің, іс-қимылдардың құралда болуына негізделген техникалық нәтижені күшейту үшін ұлғайтуға;

осы материалдың белгілі қасиеттеріне негізделген техникалық нәтижеге қол жеткізу үшін белгілі материалдан белгілі құралды немесе оның бөлігін (бөліктерін) орындауға;

оларды таңдау және олардың арасындағы байланыс белгілі ережелер, ұсынымдар негізінде жүзеге асырылған белгілі бөліктерден тұратын және қол жеткізілетін техникалық нәтиже осы құрал бөліктерінің белгілі қасиеттеріне және олардың арасындағы байланыстарға ғана негізделген құралды жасауға;

белгілі өнімді немесе тәсілді белгілі бір мақсат бойынша қолдануға, егер осы мақсатты іске асыру мүмкіндігі оның белгілі қасиеттеріне, құрылымына, орындалуына негізделген және нақты осындай қасиеттер, құрылым, орындау осы мақсатты іске асыру үшін қажет болса.

Өнертабыс деңгейінің шарттарына сәйкес келеді, атап айтқанда:

белгіленген құрылымы бар жаңа химиялық біріктірулерді (класты, топтарды) алу тәсілі;

белгіленген құрылымы бар белгілі химиялық біріктірулерді (класты, топты) алу тәсілі, егер ол осы класс немесе топ үшін жаңа біріктіру реакциясына немесе осы класс немесе топ үшін оны өткізу шарттары белгісіз біріктіру реакциясына негізделген болса;

синэнетгетикалық әсерді қамтамасыз ететін, ең болмаса, екі белгілі ингредиенттен тұратын, қол жеткізу мүмкіндігі техника деңгейінен шықпайтын композиция;

белгілі біріктірулер тобының жалпы құрылымдық формуласына жататын, бірақ арнайы алынған және зерттелген болып сипатталмаған және осы топ үшін сапалық немесе сандық қатынастағы жаңа белгісіз қасиеттерді көрсететін химиялық біріктіру (селективтік өнертабыс).

Өнертабыс қарапайымдылығынан және материалдардағы механизмнің техникалық нәтижеге қол жеткізу өтінімінен өнертабыс деңгейіне сәйкес келмейтін болып қарастырылмайды, егер осындай жаңалық техника деңгейінен емес, өтінім материалдарынан ғана белгілі болса.

Мәлімделген өнертабыстың ерекше белгілерінің техникалық нәтижеге ықпал етуі бір және бірнеше ақпарат көздерімен расталады. Қандай да бір ақпарат көздерін көрсетпестен техниканың нақты саласындағы жалпыға белгілі білімдерге негізделген аргументтерді тартуға рұқсат беріледі.

Алайда бұл өтінімді одан әрі қарау кезінде сараптаманы осындай көздерді көрсету міндеттерінен босатпайды, егер өтінім беруші осыны талап ететін болса.

Ерекше белгілердің техникалық нәтижеге ықпал етуін растау талап етілмейді, егер осы белгілерге қатысты осындай нәтиже өтінім берушімен анықталмаған болса немесе ол көрсеткен техникалық нәтижеге қол жеткізілмегені белгіленген жағдайда.

Егер тәуелді тармақтар қамтылған көп буынды формулада сипатталған мәлімделген өнертабыс тәуелді тармаққа қатысты өнертабыс деңгейіне сәйкес деп танылатын болса, формуланың тәуелді тармақтарына қатысты одан арғы тексеру жүргізілмейді.

Егер олардың әрқайсысының техникалық нәтижеге және осы белгілердің жаңа мәндеріне әсер ету фактісі белгілі болса немесе олардың өзара байланысы белгілі тәуелділіктер, заңдылықтар негізінде алынуы мүмкін болса, сандық белгінің (белгілердің) өзгеруіне, осындай белгілердің өзара байланыста ұсынылуына не оның түрінің өзгеруіне негізделген өнертабыстар да өнертабыс деңгейіне сәйкес деп таныла алмайды;

Егер тәуелді тармақтары жоқ формуламен сипатталған өнертабыстың өнертабыс деңгейінің жоқтығы белгіленген болса, өтінім берушіге сараптама жүргізген кезеңде тиісті дәлелдер баяндалған сұрау салу және осы дәлелдерге қатысты өз пікірін беру ұсынысы және, қажет болғанда, өнертабыстың түзету енгізілген формуласы жолданады.

Ескерту. 81-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Егер, тәуелді тармақтарды қамтитын көп буынды формулада сипатталған, тәуелсіз тармаққа қатысты жаңалық немесе өнертабыстық деңгейінің болмауына байланысты патентке қабілетсіздігі туралы қорытынды алынса, өтінім берушіге сараптама жүргізу кезеңінде ол туралы хабарланады және осындай мақсаттылық расталған жағдайда, өнертабыстың түзетілген формуласын ұсына отырып, өтінімді одан әрі қарау мақсаттылығы туралы пікірін айту ұсынылады.

Өнертабыстың тәуелді тармақтарды қамтитын тәуелсіз тармаққа қатысты патентке қабілеттілігі айқындалған жағдайда, осы тармақтарда қамтылатын өнертабыс белгілерінің сипаттамасы өнертабысты жүзеге асыруға немесе өтінім беруші көрсеткен мақсатты ісе асыруға кедергі келтірмейтіні тексеріледі. Одан басқа тәуелді тармақтардың белгілерін тарта отырып сипатталған өнертабыс қоғам мүдделеріне, адамгершілік және мораль қағидаттарына қайшы келмейтіні тексеріледі.

тәуелді тармақтарды қамтитын көп буынды формуламен сипатталған өнертабыс барлық аталған шарттарға қатысты тексерудің оң нәтижелері кезінде патентке қабілетті деп танылады және патент беру туралы қорытынды шығарылады.

Шарттардың кез келгеніне қатысты тексерудің теріс нәтижесі кезінде өтінім берушіге ол туралы сұрау салуда хабарланады және сараптаманың қорытындысын жоққа шығаратын дәлелдерді ұсыну не өнертабыс формуласынан осындай тәуелді тармақтарды түзету немесе алып тастау ұсынылады.

Егер өнертабыстар тобы мәлімделген болса, патентке қабілеттілігін тексеру оған кіретін өнертабыстардың әрқайсысына қатысты жүргізіледі. Топтың патентке қабілеттілігі тек топтың барлық өнертабыстары патентке қабілетті болғанда ғана расталады.

Егер топтағы өнертабыстардың барлығы патентке қабілетті еместігі анықталса, өтінім берушіге ол туралы хабарланады және кетірілген дәлелдерге қатысты өз пікірін

білдіру және, қажет болса, формуладан патентке қабілеттігі жоқ өнертабыстар сипатталған тәуелсіз тармақтарды алып тастау, не осы тармақтарды түзетілген түрде табыстау ұсынылады.

83. Қосымша материалдарға, оның ішінде өнертабыстың өзгертілген формуласына сұрау салу, өтінім берушіге жолданады, егер, қорытынды шығаруды қоса алғанда, осындай материалдарсыз мәні бойынша өтінімге сараптама жүргізу мүмкін болмаған жағдайда.

Сұрау салу үшін келесі мән-жайлар негіз болып табылады:

өнертабыс формуласын оны тексеру нәтижесі бойынша нақтылау қажеттігі;

басымдылығын белгілеумен байланысты мәселелерді шешу қажеттігі, атап айтқанда, конвенциялық басымдылықты сұрау кезінде бірінші өтінімде мәлімденетін өнертабысты ашумен

мәлімделген өнертабыстың патент қабілеттілігін тексерумен байланысты мәселелерді шешу қажеттігі;

мәлімделген өнертабыстың патент қабілеттілігін тексеру нәтижесі бойынша өнертабыс формуласын нақтылау қажеттігі;

бір басымдылық датасына ие болатын барабар өнеркәсіптік меншік объектілеріне өтінімдерді қараумен байланысты мәселелерді шешу қажеттігі.

Қаралған адамның патентке қабілеттілігі анықталған жағдайда (қаралған) өнертабыстар (өнертабыстар), өтінім берушіге формуланы одан өнертабыстың сипаттамасын алып тастау жолымен түзету қажеттігі туралы сұрау салу жіберіледі. Патент қабілеттілігін бағалау жүргізілмеген немесе осы өнертабысты (осындай өнертабыстардың әрқайсысын) тиісті төлемі бар тәуелсіз тармаққа бөлу жолымен. Оларға белгіленген мерзімде сұратылған материалдар немесе көрсетілген мерзімді тиісті төлеммен ұзарту туралы өтінішхат ұсынылмаған жағдайда, Заңның 22-бабының 8-тармағына сәйкес өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі.

Бұл ретте өтінім берушіге бір айлық мерзімде хабарлама беріледі, белгіленген мерзімде сұрау салынған материалдарды немесе тиісті ақы төлеумен көрсетілген мерзімді ұзарту туралы өтінішхатты ұсынбаған жағдайда өтінім Заңның 22-бабы 8-тармағына сәйкес кері қайтарып алынған болып саналады.

Өтінім беруші формулаға оған қатысты өтінімнің алғашқы материалдарында жоқ болған немесе сәйкестендірілмеген белгінің немесе сипаттамасы ақпарат көзіне сілтеме жасаумен ауыстырылған белгінің патент қабілеттілігі немесе өтінім беруші өтінім бергеннен кейін ұсынған немесе назарға алынбаған жаңа тәуелсіз тармақты қосу туралы қорытынды алынған өнертабысты қосуды талап еткен жағдайда өтінім берушіге көрсетілген белгі және (немесе) тармақ қамтылмаған формуланы беру ұсынысымен сұрау салу жолданады. Бұл ретте өтінім берушіге сұрау салынған материалды ұсынбаған жағдайда өтінім кері қайтарып алынған болып саналатыны хабарланады.

Мәні бойынша сараптама жүргізу (немесе аяқтау) үшін кедергі болған мән-жайларды баяндаумен қатар өтінім берушіге жолданатын сұрау салуда өтінімді қарау кезінде туындаған барлық мәселелер, ескертулер мен ұсыныстар келтіріледі.

Сұрау салуда қандай да бір мәселе бойынша келтірілген сараптама пікірі техникалық немесе құқықтық сипаттағы дәлелдермен бекітіледі. Қажет болғанда техникалық әдебиетке, Заң қағидаларына, осы Ережеге және басқа құжаттарға сілтеме жасалады.

Өтінім берушіге елеулі белгі сипаттамасын нақтылау, формуладан елеусіз белгіні алып тастау сияқты формуланы түзетумен байланысты ұсыныстарды жолдаған кезде осындай түзетудің құқықтық салдарын және одан бас тартуды көрсету қажет.

Сұрау салуда ақпарат көзіне сілтеме жасалған жағдайда оның осы көзді табу үшін қажетті барлық библиографиялық деректері, сондай-ақ өтінімді қарау кезінде назарға алынған мәліметтерді табу үшін қажетті басқа деректер (бет, абзац, графикалық бейнелер фигурасының нөмірі) көрсетіледі.

Мәлімделген өнертабыстың патент қажеттілігін тексеру нәтижесі бойынша өнертабыс формуласын нақтылау қажеттігі сұрау салу үшін негіз болып табылған және формуланы нақтылау сипаттаманы және (немесе) сызбаларды тиісті түзетуді талап еткен жағдайда өтінім берушіге осындай ұсыныс жолданған күннен бастап үш айлық мерзімде нақтыланған сипаттаманы және (немесе) сызбаларды (немесе ауыстыратын парақтарды) беру ұсынылады.

Осындай ұсыныс сипаттамада және (немесе) сызбаларда, оның ішінде бұрын сараптама көрсеткен, бірақ өтінім беруші жоймаған кемшіліктер болған кезде жасалады. Сараптаманың сұрау салуына жауап сұрау салу өтінім берушіге жолданған күннен бастап үш ай ішінде беріледі. Сараптаманың сұрау салуына жауап беру мерзімі Заңның 22-бабы 13-тармағына сәйкес қалпына келтіріледі.

Ескерту. 83-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Өнертабыс (немесе өнертабыс және пайдалы модель), егер формулалардың тәуелсіз тармақтарының мазмұны түгел сәйкес болса, ұқсас болып танылады.

Егер өнертабыстың қаралатын өтінім бойынша патентке қабілеттілігі анықталған, бірақ ұқсас өнертабысқа немесе пайдалы модельге сондай басымдық күні бар басқа қайтарып алынбаған немесе қайтарып алынды деп есептелмеген өтінім болса, патент беру туралы қорытынды оның сараптама ұйымына жіберген күні неғұрлым бұрынырақ екені дәлелденген өтінім бойынша шығарылады, ал осы күндер сәйкес келген жағдайда - сараптама жасау ұйымының барынша бұрынырақ тіркеу нөмірі бар өтінім бойынша беріледі.

85. Өтінім беруші сараптама жасау ұйымының сұрау салуы бойынша немесе өтінім берушінің бастамасымен берілген қосымша материалдарды тексеру мыналарды қамтиды.

Өтінім құжаттарын түзететін немесе нақтылайтын және өтінім берушінің бастамасымен берілген қосымша материалдар түскен кезде өтінім берушінің осындай құжаттарды ұсыну мерзімдері сақтау тексеріледі.

Көрсетілген қосымша материалдар ұсынылған жағдайда, өтінім түскен күннен бастап екі ай өткен соң және олармен бірге тиісті төлемді растайтын ұсынылмаса, бұл материалдар өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды, ол туралы өтінім берушіге құжаттар түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Осындай хабарлама өтінім берушіге сараптама жіберетін кезекті құжаттың мазмұнына енгізіледі.

Сараптама жасау ұйымының сұрау салуы бойынша өтінім беруші берген қосымша материалдарға қатысты өтінім берушінің оларды ұсынудың белгіленген мерзімдерін сақтауы тексеріледі.

Өтінім беруші өз бастамасымен немесе сараптама жасау ұйымының сұрау салуы бойынша ұсынған және қарауға қабылданған қосымша материалдар олардың мәлімделген өнертабыс мәнін өзгертпеуіне тексеріледі, Қосымша материалдар, егер онда өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ, формулаға енгізуге жататын белгілерді қамтыса, өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертеді деп саналады.

Белгілер, олар өтінім беруші ұсынған нақтыланған формулада ғана емес, өтінім беруші осындай енгізуді тек көрсеткенде де өнертабыс формуласына енгізуге жатады деп саналады.

Қосымша материалдарда келтірілген және формулаға енгізуге жататын белгілер, егер олар онда немесе формулада, егер ол ұсынылған болса, сараптама жасау ұйымына патент беруге өтінім, өнертабыс сипаттамасы және сызбалар (егер сипаттамада оларға сілтемелер болса) түскен күні ашылмаған болса, өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ деп танылады.

Егер өтінімнің бастапқы материалдарында өнертабыс белгісі оны орындаудың жеке нысандарын ашпастан жалпы ұғыммен көрсетілген болса, осындай орындау нысанын қосымша материалдарда оны өнертабыс формуласына енгізуге жататын белгіге жатқызумен ұсыну қосымша материалдарды мәлімделген өнертабыстың мәнін өзгертетін деп тануға негіз болып табылады.

Сипаттамада тек техника деңгейіне, және соның ішінде жақын аналогына ғана қатысты аталатын белгілер мәлімделген өнертабыстың бастапқы өтінім материалдарында қамтылатын белгілеріне жатпайды.

Егер, өтінім берілген өнертабыс белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсатта пайдалануға жатса, белгілі объектінің сипаттамасындағыдан және тағайындау формуласындағыдан басқа нұсқауларды немесе белгілі объектінің сипаттамасы үшін

пайдаланылатын өзге де белгілерді қамтитын қосымша материалдар мәнін өзгертетін деп танылады.

Өтінім өнертабыстар тобына жататын жағдайда, топтың нақ осы өнертабысына қатысты сипаттамада аталған белгілер топтың қандай да бір өнертабысының өтінімнің бастапқы материалдарында қамтылатын белгілері деп саналады.

Біреуі екіншісінде пайдалануға арналған өнертабыстар тобы ерекшелікті құрады. Бұл ретте екіншісінде пайдалануға арналған бір өнертабыстың бастапқы материалдарда қамтылатын белгілері осы екінші өнертабыстың да белгілері болып саналады.

Өнертабыс туралы өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ, формулаға енгізуге жататын белгілерге қатысты емес мәліметтер өнертабыстың мәнін өзгертетін деп саналмайды. Осындай мәліметтерге, атап айтқанда, өнертабысты жүзеге асыру шарттары туралы жаңа (қосымша) мәліметтер, өнертабысты іске асыру мысалдары, қосымша техникалық нәтиже алу мүмкіндігіне нұсқау, нақтыланған графикалық материалдар жатқызылуы мүмкін.

Өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ, өнертабыс формуласына енгізуге жататын белгілермен бірге қамтылатын қосымша материалдар, сонымен бірге өтінімді қарау үшін қажет өзге де мәліметтер көрсетілген белгілерді қамтитын бөлігінде ғана мәнін өзгертетін болып танылады.

Өзге мәліметтер сараптама жүргізу кезінде ескеріледі.

Қосымша материалдарда ұсынылған өттінім беруші өзгерткен өнертабыс формуласын тексеру кезінде өзгерістер мәлімделген өнертабысқа (өнертабыстарға) жататыны анықталады.

Өнертабыстың мақсатын көрсететін алғашқы тектік ұғымды басқа ұғыммен ауыстырған кезде, егер көрсетілген ұғымдар бір мағыналы болса, бағыныс қатынасында болса немесе қиылысатын болса формуланы өзгерту мәлімделген өнертабысқа жатады деп танылады.

Өнертабыс формуласының өзгеруі сонымен қатар:

өнертабыс ретінде мәлімделетін объект түріне ғана нұсқауды өзгертулер, егер қайта көрсетілген түр алғашқысынан гөрі өнертабыстың алғашқы формуласында қамтылған белгілер сипатына әлде қайда сәйкес келетін;

өнертабыстың бастапқы "жаңа мақсатта қолдану" объектісін, егер ол туралы мәліметтер басымдық күніне дейін жалпыға мәлім болмаған объектіні қолдану мәлімделсе, көрсетілген жаңа мақсаттағы объектіге ауыстырған;

егер басымдық күніне белгілі мәліметтерден мәлімделгеннен тек мақсатымен ерекшеленетін құралдың белгілі болуы анықталса, өнертабыстың бастапқы көрсетілген объектісін өнертабыстың "жаңа мақсатта қолдану" объектісіне ауыстырған жағдайдарда мәлімделген өнертабысқа жатады деп танылады.

Қосымша материалдарда өнертабыстың өзгерген формуласы қамтылған жағдайда, формуланың өзгеруі оған қаралатын формулада осындай деп танылатын тәуелсіз

тармақтарының біреуін немесе бірнешеуін енгізу формуланың өзгеруін көздейтіні және осындай қосымша материалдармен оларды ұсыну мерзімдерін ескере отырып, тиісті төлемді растайтын құжат ұсынылғаны анықталады.

Көрсетілген құжаттарды қосымша материалдармен бірге ұсынбаған жағдайда, өтінімді қарау кезінде формуланың өзгерістері назарға алынбайды

Өнертабыс формуласының мәлімделген өнертабысқа жатпайтын өзгерулері назарға алынбайды, ол туралы өтінім берушіге осы факті анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Қосымша материалдарды мәлімделген өнертабыстың мәнін өзгертеді деп таныған жағдайда, өтінім берушіге қосымшаға енгізілген мәліметтердің қайсысы сараптаманың осындай қорытындысына негіз болғаны туралы хабарланады (сараптаманың оған жіберетін кезекті құжатында).

Өтінім құжаттарының өзгерістері өтініш берушінің бастамасы бойынша енгізілгенге қатысты деген мәселені шешкен кезде мыналарды ескеру қажет:

өтінім берушінің сараптаманың жазбаша хабарламасы бойынша өтінім материалдарына енгізген және оны дайындау кезінде жіберілген өтінім құжатына қойылатын талаптардың бұзылуын жоюға бағытталған өзгерістер өтініш берушінің бастамасы бойынша енгізілген болып есептелмейді;

өтініш беруші ұсынған өтінім құжаттарына енгізілген барлық басқа өзгерістер, сараптамадан кез келген жазбаша хабарламаны, соның ішінде сұранысты алғаннан кейін немесе мұндай хабарламаны алмай енгізілген өзгерістер өтініш беруші бастамашы болған құжаттарға енгізілген өзгерістер болып табылады.

Ескерту. 85-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Өнертабысқа өтінім пайдалы модельге патент беруге өтінімге өнертабысқа патент бергенге дейін ауыстырылады. Патент беру туралы шешім шыққаннан кейін өтінішхат түскен кезде, өтінім берушіге өтінімді қайта өзгерту мүмкін еместігі туралы хабарлама өтінішхат түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Адамдарды немесе жануарларды емдеудің терапевтік және хирургиялық тәсілдері патенттеу объектілері болып табылатын өтінімдерге қатысты пайдалы модельге патент беруге арналған өтінімге түрлендіру жүргізілмейді.

Өтінімде адамдарды немесе жануарларды емдеудің терапевтік және хирургиялық әдістерінен басқа пайдалы модельдер ретінде танылған объектілерді қамтитын өнертабыстар тобы мәлімделген жағдайда, онда түрлендіру соңғысына қатысты жүзеге асырылады.

Осындай өзгерту туралы өтінішхат түскенде өзгертуді жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтердің болуы тексеріледі, сондай-ақ ол өнертабысқа патент беру туралы

шешім қабылданғанға дейін берілгені және өтінішхатқа белгіленген көлемде тиісті төлем туралы құжат қоса берілгені анықталады.

Өтінішхат белгіленген талаптарға сәйкес ресімделмеген жағдайда, өтінім берушіге ол туралы хабарланады. Өзгерту туралы өтінішхатпен және белгіленген көлемде тиісті төлем туралы құжатпен бірге біз мезгілде пайдалы модельге патент беру туралы өтініш, сипаттама, формула, сызбалар, реферат ұсынылады.

Талап етілетін құжаттар өтінішхатпен бірге немесе өтінішхат түскен күннен бастап бір ай ішінде ұсынылмаған жағдайда, өтінішхат берілмеген болып саналады, ол туралы өтінім берушіге белгіленген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Өзгерілуі болмаған өтінім өнертабысқа өтінім болып қалады.

Өзгертуге өтінішхат белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді және Заңның 28-бабының 1-тармағымен белгіленген мерзімді сақтай отырып ұсынылады, сондай-ақ онымен бірге белгіленген көлемде тиісті төлем туралы құжат ұсынылады. Өтінім берушіге жасалған өзгерту туралы және өтінімді әрі қарай қарау пайдалы модельге қойылатын талаптарға сәйкес жүргізілетіні туралы хабарлама өзгерген күннен бастап бір ай мерзімде жіберіледі.

Өтінімді өзгерту туралы өтінішхат келіп түскен күні өтінім беруші өнертабысқа өтінімді түзететін, нақтылайтын қосымша материалдарды не өнертабыстың өзгерген формуласын ұсынған жағдайда, өзгерту туралы өтінішхатты қарағанға дейін осы материалдарды тексеру жүргізіледі.

Өнертабыстарға қайтарылған немесе қайтарылған болып есептелетін өтінімдерге өзгерту жүргізілмейді.

Егер, өзгерту туралы өтінішхат қайтарылған болып саналатын өтінімге қатысты Заңның 22-бабының 3 және 8-тармақтарына сәйкес келіп түссе және өтінішхатпен бірге өткізілген мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш ұсынылса, соңғысы Заңның 22-бабының 13-тармағына сәйкес қаралады.

Өтінім берушіден оған бұрын орын алған өзгерту туралы хабарлама жібергеннен кейін пайдалы модельге өтінімді өнертабысқа өтінімге қайта өзгерту туралы өтінішхат түскен кезде, өтінім берушіге осындай өтінішхат түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өзгертуді жүзеге асыру мүмкін емес деген хабарлама жіберіледі.

Өтінім берушінің оған өнертабысқа өтінімін пайдалы модельге өзгерту жүзеге асырылғаны туралы хабарлама жіберілгеннен кейін түскен өнертабысқа өтінімді пайдалы модельге өзгерту туралы берген өтінімді жарамсыз деп есептеу туралы өтініші өтінімді қайта өзгерту үшін негіз болып табылмайды.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Сараптама жасау ұйымы, егер мәні бойынша сараптама нәтижесінде өтінім беруші сұратып отырған құқықтық қорғау көлемінде Заңның 6-бабында белгіленген өнертабыстың патентке қабілеттілік талаптарына сәйкес екені анықталса, сараптама ұйымы Заңның 22-бабының 9-тармағына сәйкес өтінім берушімен келісілген өнертабыс формуласымен бірге патент беру туралы шешім шығарады.

Сараптама жасау ұйымының оң шешімі, патент берген үшін төлемді жүзеге асыру қажеттігі туралы хабарламаны шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінім берушіге жібереді.

Өтінім берушіге сараптама жасау ұйымының патент беру туралы шешім шығарғаны туралы хабарламасы жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сараптама жасау ұйымына патентті беруге дайындау және Бюллетеньде жариялау үшін тиісті төлемді растайтын құжатты ұсынады.

Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда, төлеу мерзімі, өткізіліп алған мерзімді қалпына келтіруге төлем жасалғаны туралы құжат ұсынылған кезде үш ай ішінде қалпына келтіріледі. Осы құжаттар ұсынылмаса, өтінім қайтарып алынды деп саналады, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, ол туралы өтінім берушіге қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай ішінде хабарлама жіберіледі.

88. Өтінім берушінің өтінішхаты бойынша өнертабысқа патент беруге өтінімге сараптама, егер мәлімделген өнертабыс патенттеудің қолайлы жағдайлары көзделген объектілерге жататын болса, тездетіліп жүргізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

88-тармақтың екінші абзацы жана редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Патенттеудің қолайлы шарттары көзделген объектілері ретінде қоршаған ортаны ластайтын зиянды заттарды азайтуға бағытталған электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, қолданып, ойлап табылған сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отынды қамтитын өнертабыстар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы технологияларды қамтитын өнертабыстар, пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық ауруларды, сондай-ақ онкологиялық ауруларды диагностикалау, алдын алу және емдеу саласындағы өнертабыстар танылады.

Өнертабысқа патент беруге арналған өтінімге жеделдетілген сараптама жүргізу туралы өтінішхат өтінім берілген күннен бастап екі айдан кешіктірілмей сараптаманың кез келген кезеңінде беруге құқылы.

Өтінішхатпен бір мезгілде формальды және мәні бойынша тездетілген сараптамаға төлемді растайтын құжат тапсырылады.

Формальды және мәні бойынша тездетілген сараптамаға төлемді растайтын құжат тапсырылмаған жағдайда өтінішхат берілмеген болып табылады, ол туралы өтінім берушіге өтінішхат берілмеген деп танылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Өнертабысқа патент беруге арналған сараптаманы жеделдетіп жүргізу, егер жеделдету туралы өтініш аяқталғанға дейін берілген жағдайда, ресми сараптаманы жеделдетіп жүргізуді және мәні бойынша сараптаманы жеделдетіп жүргізуді қамтиды.

Ресми сараптаманы жеделдетіп жүргізу өтінішхат келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде, ақпараттық іздестіруді жеделдетіп жүргізу өтінішхат келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде, іздестіру туралы есеп келіп түскеннен кейін екі ай ішінде мәні бойынша сараптаманы жеделдетіп жүргізу жүргізіледі.

Техника деңгейін айқындау үшін ақпараттық іздестіруді жеделдетіп жүргізу ресми сараптама оң аяқталғаннан кейін екі ай ішінде жеделдетіп сараптама жүргізгені үшін ақы төленген жағдайда жүргізіледі.

Өтінімге мәні бойынша сараптаманы жеделдетіп жүргізу іздеу туралы есеп келіп түскеннен кейін жүзеге асырылады және мәні бойынша сараптама басталған күннен бастап екі ай ішінде сараптама ұйымы өтініш берушіге жолдайды:

патент беру туралы шешімді, егер мәлімделген өнертабыс (өнертабыстар тобы) патентке қабілеттілік талаптарына сәйкес келсе, өнертабыс сипаттамасы мен формуласы қойылған талаптарға сәйкес келсе, ал реферат пен сипаттама сол берілген түрінде жариялануы мүмкін болса;

өтінім құжаттарына толықтырулар, нақтылаулар немесе түзетулер, қажеттігі, көзделген жағдайдарда белгіленген төлемдер туралы сұрау салуды;

патент беруден бас тарту туралы шешім:

өтінім берілген өнертабыс өтініш беруші сұраған құқықтық қорғау көлемінде өнертабыстың патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде;

егер өтінім өнертабыс ретінде қорғалмайтын объектілерге қатысты болса;

егер өтінім беруші ұсынылған формулада өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілердің болуы туралы немесе өнертабыс ретінде қорғалатын объектіден басқа, өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысты да сипаттайтын болса немесе оған қатысты өнертабыс бірлігі талаптары бұзылуына байланысты қарау өткізілмегені туралы хабарланғаннан кейін өнертабыс формуласын өзгертпесе беріледі.

Тездетілген сараптама жүргізу мерзімін өтінім беруші тездетілген сараптама жүргізу туралы өтінішхатты, сондай-ақ тездетілген сараптама жүргізу үшін белгіленген төлемді растайтын құжатты ұсынған кезде ұсынған күннен бастап есептеу басталады. Белгіленген төлемді растайтын құжат ұсынылмаған жағдайда тездетілген сараптама жүргізу туралы өтінішхат назарға алынбайды, ол туралы өтінім берушіге өтініш

берілмеген деп саналған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Өтінімге тездетілген сараптама жүргізуді есептеу мерзімі өтінім берушіден, сараптаманың хабарламалары мен сұратуларына жауаптарды, тиісті төлемді растайтын құжатты қоса алғанда, қажетті құжаттарды алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Тездетілген сараптама жүргізу туралы өтінішхат патенттеудің қолайлы жағдайлары көзделген объектілер тізіміне кірмейтін өнертабыстарға өтінімдерге қатысты назарға алынбайды.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Сараптама жасау ұйымы Заңның 22-бабының 10-тармағына сәйкес патент беруден бас тарту туралы шешім шығарады.

90. Ақпараттық іздеу өнертабыстың онымен салыстыра отырып патентке қабілеттілігін бағалау жүзеге асырылатын техника деңгейін анықтау үшін жүргізіледі.

Мәлімделген ұсыныс оның мәнін түсіну қиындатылып сипатталған немесе оны өнертабыс деп танымайтын объектілерге жатқызу үшін негіздер болса, өтінім берушіге хабарлау талап етіледі және, тиісінше ақпараттық іздеу жүргізу мерзімдері ұзартылады.

Өтінім берілген ұсыныстың сипаттама ерекшеліктері сақталған жағдайда ақпараттық іздеу жүргізілмейді.

91. Ақпараттық іздеу нысаны:

1) ақпараттық іздеу сипаттамалар мен сызбаларды (олар болса) ескере отырып, өнертабыстың формуласы негізінде жүргізіледі;

2) өтінім құжаттарын түзету, нақтылау және өзгерту ақпараттық іздеу жүргізу кезінде, егер оларды өтінім беруші ақпараттық іздеуді бастаудан бұрын енгізсе, ескеріледі.

Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде бірлік талабын бұзуы туралы хабарламаға жауап бермесе, ақпараттық іздеу формулада бірінші болып көрсетілген өнертабыс (бірыңғай өнертабыстық ойды құрайтын өнертабыс топтары) бойынша жүргізіледі.

92. Техника деңгейін белгілеу кезінде жалпыға мәлім деп кез келген адам өзі таныса алатын не оның мазмұны туралы оған заңды жолмен хабарлануы мүмкін ақпарат көзінде қамтылатын мәліметтер саналады.

Ақпарат көзін техника деңгейіне енгізген күн деп белгіенген:

Жарияланған қорғау құжаттарына сипаттамалар үшін - оларда көрсетілген жариялау күні;

Отандық басылымдар мен бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі - КСРО) басылымдары үшін - оларда көрсетілген басылымға қол қойған күн;

Отандық басылымдар мен басылымға қол қойылған күні көрсетілмеген бұрынғы КСРО басылымдары, сондай-ақ өзге де басылымдар үшін - олардың жарыққа шыққан күні, ал оны анықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда - айдың соңғы күні немесе басылымда көрсетілген жылдың 31 желтоқсаны, егер жарыққа шығу уақыты тиісінше аймен немесе жылмен белгіленсе;

мақалалардың, шолулардың, монографиялардың және басқа да материалдардың қолжазбаларын сақтауға тапсыру үшін - оларды сақтауға тапсырған күн;

ғылыми-техникалық ақпарат органдарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есептер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға және басқа да конструкторлық, технологиялық және жобалау құжаттамаларға түсіндірме жазбалар үшін - олардың осы органдарға түскен күні ;

нормативно-техникалық құжаттама үшін - оған уәкілетті органда оны тіркеу күні;

қолжазба құқығында бысылып шығарылған диссертациялар мен диссертациялардың авторефераттары үшін, - олардың кітапханаға түскен күні; конкурс өткізуге қатысты құжаттармен расталған;

көзбен қабылданатын ақпарат көздері үшін (плакаттар, модельдер, бұйымдар және т.б.) үшін - оларды қарау мүмкін болған құжатпен расталған күн;

көрмеде орналастырылған экспонатта үшін - оларды көрсету басталған құжатпен расталған күн;

ауызша баяндамалар, дәрістер, сөз сөйлеулер үшін - егер олар көрсетілген күнге тиісті іс-шараларды өткізу күніне қолданылатын қағидаларда белгіленген тәртіппен дыбыстық жазба аппаратымен немесе стенографиялық тәртіппен жазылған болса, баяндама, дәріс, сөз сөйлеу күні;

радио, теледидар, кино арқылы хабарлар үшін - егер көрсетілген күні қолданылып жүрген тәртіппен белгіленген тиісті ақпарат тасушыда жазылған болса, - осындай хабарлау күні;

пайдалану нәтижесінде белгілі болған техникалық құрал туралы мәліметтер үшін - жалпыға осы мәліметтер мәлім болған, құжатпен расталған күн болып табылады.

Электрондық түрде - Интернет, Интернет желісінен айрықша онлайн қол жеткізу және CD және DVD-ROM дискілер арқылы алынған мәліметтер үшін - не көрсетілген электронды орта арқылы, егер оларда ол қойылса, қол жеткізілген құжаттарды жариялаған күн, не, егер осы күн жоқ болса, - құжатпен расталу шартымен осы электронды ортаға мәліметтерді орналастырған күн.

93. Іздеу саласының (өсы өтінім бойынша техника деңгейін анықтау үшін ақпарат қаралатын ғылым мен техника бөлімдерінің жиынтығы) сипаттамасы ретінде ХПС айдарларының индекстері пайдаланылады.

Іздеу саласын белгілеу кезінде жалпы өнертабыс объектісі мен оның барынша жақын аналогынан айрықша функциональдық дербес белгілері ескеріледі.

Іздеу саласын анықтау кезінде сонымен бірге өнертабыс пен неғұрлым жақын аналогына ортақ функционалды дербес белгілер, егер оларға жататын функционлаады дербес болып табылмайтын айрықша белгілер болса, ескеріледі. Бұл белгілерді іздеу белгілі объектілерде, сондай-ақ осы объектілердің және олардың бөліктерінің мақсатына жатқызылмастан олардың бөліктерінде де жүргізіледі.

Сараптама жасау ұйымы мыналарды қамтитын көлемде ақпараттық іздеуді қамтамасыз етеді:

Қазақстан Республикасының қорғау құжаттарының бюллетенін;

Қазақстан Республикасының қорғау құжаттарына сипаттамаларды;

Ресей Федерациясының атқарушы билігінің Зияткерлік меншік жөніндегі федералды органының, сондай-ақ бұрынғы КСРО патенттік ведомствосының ресми бюллетеньдерін;

бұрынғы КСРО мен Ресей Федерациясының қорғау құжаттарына сипаттамаларды; еуразиялық патенттерге сипаттамаларды;

өнертабыстарға Ресей Федерациясының патенттерін және пайдалы модельдерге Ресей Федерациясының патенттері мен куәліктерін беруге жарияланған өтінімдерді;

еуразиялық патенттерді беруге жарияланған өтінімдерді;

Америка Құрама Штаттарының, Ұлыбритания, Германия, Франция, Жапония; Қытай Халық Республикасы, Корея Республикасы (орыс және ағылшын тілдеріндегі рефераттар көлемінде), Швейцария (француз, неміс тілдерінде), Австрия, Австралия және Канада, сондай-ақ Еуропалық патенттік ведомствоның патенттік құжаттамасы, ДЗМИ, Африка зияткерлік меншік ұйымының және Африка аймақтық өнеркәсіптік меншік ұйымының патенттік құжаттамасын;

ДЗМУ Халықаралық бюросы жариялаған тізім бойынша кемінде бес жыл ретроспективасы бар патентті емес әдебиетті.

Мәлімделген өнертабыстың жаңалығын тексеру мақсаттары үшін ақпараттық іздеу жүргізу кезінде сонымен бірге олардың бұрынырақ басымдығы шартымен Қазақстан Республикасында өнертабыстар мен пайдалы модельдерге берілген барлық өтінімдер (қайтарлығандардан басқа).

94. Ақпараттық іздеу туралы есепті ресімдеу және іздеу нәтижелерімен танысу тәртібі.

ақпараттық іздеу туралы есепте:

іздеу жүргізілген өтінімнің нөмірі;

өтінімді сараптама жасау ұйымына берген күн;

мәлімделген өнертабысты сыныптау кезінде белгіленген ХПС айдарының индексі (индекстері);

ақпараттық іздеу жүргізілген өнертабыстың атауы;

іздеу саласын сипаттайтын ХПС айдарының (айдарларының) индексі (индекстері);

библиографиялық деректер ретінде құжаттарға, олардың ақпараттық іздеу нысанына жататын нақты бөліктеріне келтірілген сілтемелер. Егер сілтеме өнертабыс формуласының барлық тармақтарына жатпаса, формуланың оған сәйкес нақты тармағы мен тармақтары көрсетіледі.

Егер өтінім бойынша неғұрлым бұрынырақ басымдық сұратылса, өтінімнің сараптама жасау ұйымына өтінім түскен күннен бұрын, бірақ басымдық күнінен кешірек жарияланған құжаттар ерекше аталады.

ақпараттық іздеудің аяқталған күні көрсетіледі.

Іздеу туралы есепте көрсетілген құжаттардың көшірмелері, мәліметтері үшінші тұлғаларға танысу үшін қол жеткізілмейтін өтінімдердің көшірмелерін ескермегенде, тиісті төлем жүргізген жағдайда ұсынылады.

Үшінші тұлғаның өтінішхаты бойынша жүргізілген ақпараттық іздеу туралы есептің көшірмесінің бір данасы патент иеленушіге жіберіледі.

Кез келген адамның өтінім бойынша жүргізілген ақпараттық іздеу туралы есептің көшірмесін алуға құқығы бар.

Өтінім берушіге, патент иеленушіге немесе үшінші тұлғаға жіберілетін ақпараттық іздеу туралы есептің даналарынан немесе оның көшірмесінен іздеу көлеміне қосылған өтінімдердің библиографиялық деректері алып тасталады.

3- параграф. Пайдалы модельге өтінім бойынша сараптама жүргізу тәртібі

95. Егер Президент Жарлығына сәйкес мәліметтерді мемлекеттік құпияға жатқызуға уәкілетті болып белгіленген мемлекеттік органмен өтінім мемлекеттік құпия деп табылса, өтінім түскен күннен бастап үш айдың ішінде өтінім берушіге Заңның 5-бабының 6-тармағына сәйкес құқықтық қорғауды беру мүмкін еместігі туралы хат жолданады.

96. Өтінім туралы мәліметтер ол сараптама жасау ұйымына келіп түскен сәттен бастап патент беру туралы мәліметтер жарияланғанға дейін құпия деп саналады және заңсыз ашуға жатпайды.

97. Пайдалы модельді шет елдерде патенттеу кезінде сараптама жасау ұйымына берілген өтінім бойынша, өтінім берушінің өтінішхаты бойынша бірінші өтінімнің куәландырылған көшірмесі беріледі.

Бірінші өтінімнің куәландырылған көшірмесі оны сараптама жасау ұйымына берген соң кемінде үш айдан кейін беріледі. Бірінші өтінімнің куәландырылған көшірмесі өтінім берушінің өтінішхаты негізінде сараптама жасау ұйымының келісімі бойынша белгіленген мерзімнен бұрын берілуі мүмкін.

98. Өтінім бойынша сараптама Заңның 23-бабына сәйкес өтінім сараптама жасау ұйымына түскен күннен бастап төрт ай ішінде жүргізіледі.

99. Өтінімге сараптама жүргізу кезінде:

мәлімделген ұсыныстың Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес пайдалы модель ретінде қорғалатын техникалық шешімдерге сәйкестігі, мәлімделген ұсыныспен техникалық сипаттағы нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ету;

мәлімделген ұсыныстың Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес пайдалы модель ретінде танылмайтын шешімдер санына сәйкестігі;

мәлімделген ұсыныстың Заңның 6-бабының 3-1-тармағына сәйкес патенттер берілмейтін шешімдер қатарына сәйкестігі;

өтінімде қамтылуға немесе оған қоса берілуге тиіс құжаттардың болуы;

пайдалы модельдің бірлігі талаптарын сақтауы;

өтініш беруші ХПК сәйкес жүзеге асырған пайдалы модельді жіктеудің дұрыстығы (мұндай жіктеу, егер ол жоқ болса, жүргізіледі);

өтінімде сараптама ұйымына берілген күннен ерте басымдықты сұратудың негізділігі;

қосымша материалдарды ұсынудың белгіленген тәртібін сақтау тексеріледі.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. Егер сараптама процесінде өтінім оның құжаттарына қойылған талаптар бұзылып ресімделгені анықталса немесе өтінім пайдалы модель ретінде қорғалмайтын объектке берілген болса, өтінім берушіге сараптама жүргізу кезеңінде айқындалған кемшіліктерді көрсете отырып, құқықтқ сипаттағы қажетті аргументтер келтіріле отырып және жоқ немесе түзетілген құжаттарды Заңның 23-тармағының 2-тармағына сәйкес хабарлама жіберген күннен бастап үш ай ішінде табыстауды ұсынумен сұрау салу жіберіледі. Конвенциялық басымдық сұратылған жағдайда алғашқы өтінімнің (өтінімдердің) жоқ көшірмесі (көшірмелері) өтінім сараптама жасау ұйымына түскен күннен бастап алты ай ішінде ұсынылады.

Сұрау салу үшін мыналар негіз болады:

1) қажетті құжаттар пакетінің толық еместігі;

2) өтініште осы Қағидаларда көзделген қажетті мәліметтердің, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген реквизиттердің, қолдардың, мөрдің (бар болса) баспа-таңбасының болмауы, сондай-ақ өтініште келтірілген мәліметтерді нақтылауқажеттігі

3) оларды тікелей репродукциялауға кедергі келтіретін кемшіліктерді айқындау (өтінім материалдарын оқуды қиындататын басып шығару сапасы) ;

4) құжаттарды ресімдеудегі, оларды тікелей репродукциялауға, жариялауға, сақтауға кедергі келтіретін және (немесе) олармен мүдделі адамдардың танысуын мүмкін емес қылатын кемшіліктерді айқындау;

5) пайдалы модельдің сипаттамасында құрылымдық бөлімдердің (егер, тиісті бөлімде мазмұндалуы тиіс мәліметтер басқа бөлімде келтірілген болса, сұрау салу

жіберілмейді) болмауы, сондай-ақ пайдалы модельдің сипаттамасында немесе формуласында белгінің сипаттамасын осы белгі ашылған ақпарат көзіне қайта сілтемемен ауыстыру;

6) өтінімде жалпыға мәлім болмайтын ақпараттарға сілтеменің болуы не онда қамтылатын кейбір мәліметтерді жариялау мүмкін болмауын көрсетулердің болуы (авторлар туралы мәліметтерді қоспағанда, егер олар патент туралы мәліметтерді жариялау кезінде автор ретінде көрсетуді қаламаса);

7) пайдалы модельдің формуласының тармағын бір ұсыныс ретінде мазмұндау талаптарын бұзу;

8) құқықтық қорғау сұратылып отырған пайдалы модельдің мақсатын көрсететін тектік ұғымның формулада болмауы;

9) формулада пайдалы модельдің белгілерінің орнына және оны жүзеге асыру және (немесе) пайдалану кезінде орын алатын тек оның пайдалану көрсеткіштері мен тұтыну қасиеттері, әсерлері және құбылыстары туралы деректердің болуы;

10) пайдалы модельдің формуласында оларды сәйкестендіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін белгілерді мазмұндау талаптарын бұзу;

11) пайдалы модельдің көп буынды формуласының тәуелді тармақтарында пайдалы модельдің оны орындаудың немесе пайдаланудың тиісті жеке жағдайларында қоғам мүдделеріне, адамгершілік немесе мораль қағидаттарына қайшы келуімен байланысты белгілердің болуы;

12) формуланың тәуелсіз тармақтарына қойылатын талаптардың бұзылуы;

13) пайдалы модельдің формуласында формуланың ол бағынатын тармағының белгісін алып тастауды немесе ауыстыруды көздейтін тәуелді тармақтың болуы;

14) өтінім құжаттарының бір-біріне сәйкес келмеуі (атап айтқанда, өтінімде келтірілген пайдалы модельдің атауы сипаттамада келтірілгенге сәйкес келмейді, пайдалы модельдің сипаттамасында пайдалы модельдің формуласында көрсетілген белгілер жоқ, пайдалы модельдің формуласында өтінім беруші мәнділігі "Пайдалы модельдің мәні" сипаттама бөлігінде атап көрсеткен белгі жоқ, сызбалар пайдалы модельдің сипаттамасына сәйкес келмейді);

15) рефератқа қойылған талаптардың бұзылуы;

16) сипаттамада, пайдалы модельдің формуласында және рефератта жалпы қабылданған терминдерді пайдалану, өтінім материалдарының мәтінінде терминология бірлігін сақтау туралы талаптардың бұзылуы; формулада сипаттамада сол бір белгінің нақты сипаттауымен бірге үйлесетін дұрыс айтылмаған белгінің болуы ("ерекше", "арнайы", "жақсартылған");

17) белгілер формуласында пайдалы модель объектісі болып табылатын құрылғының үстінде сөздік, бейнелеу немесе құрама белгілеулердің болуы. Бұл ретте өтінім берушіге осындай белгілеулердің басқа адамдар құрылғымен бірдей мақсаттағы тауарлар немесе тиісті қызмет түрлері үшін тіркелген не тіркелуі мүмкін болатын тауар

таңбаларымен (қызмет көрсету таңбаларымен) не тауар шығарылған жерлердің атауымен сәйкес келу немесе аралас дәрежеге дейін ұқсас болу және пайдалы модельді пайдаланған жағдайда патент иеленуші мен тауар таңбасы иесінің құқықтарының қақтығысу мүмкіндігі туралы хабарланады.

18) сипаттамада өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтижені алу үшін пайдалы модель формуласының тәуелсіз тармағына енгізілген қалған белгілермен жиынтықта, жалпылаған түрде сипатталған белгінің жеткіліктілігін растайтын мәліметтердің болмауы;

19) өтінімде сұратылатын бұрынырақ басымдықты белгілеуге байланысты мәселелерді анықтау қажеттігі;

20) Сипаттамаға және пайдалы модельдің формуласына қойылатын талаптардың бұзылуының болуы.

Өтінім берушіге сұрау салуда бірыңғай өнертабыстық ойды құрайтын пайдалы модельге не пайдалы модельдер тобына жататын сипаттаманы және формуланы табыстау ұсынылады.

Сараптаманың сұрау салуына жауап оны жіберген күннен бастап үш айдан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс. Бұл мерзім өтінім берушінің өтініші бойынша Заңның 22-бабының 13-тармағына сәйкес алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Өтінімге сараптама сұрау салуға жауап алынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Егер, өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылып отырған құжаттарды немесе оларды ұсыну мерзімін ұзарту туралы өтінішхатты ұсынбаса, өтінім қайтарып алынды деп саналады, ол туралы өтінім берушіге бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

101. Өтінім нысаны мен техниканың қандай да бір саласының ара қатынасын белгілеу мақсатында сараптама жасау ұйымы өтінім берілген пайдалы модельдерді ХПС сәйкес сыныптайды.

Сыныптау өтінімге сараптама жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

Сыныптау кезінде сыныптау индексін таңдау үшін өтінім берілген пайдалы модельдің формуласы негіз болып табылады. Пайдалы модельді неғұрлым нақты сыныптау үшін сипаттама мен сызбалар пайдаланылады. Егер өтінім ХАС әртүрлі айдарларына жататын бірнеше объектілерді қамтыса, барлық тиісті сыныптамалық индекстер белгіленеді. Бұл ретте бірінші индексті таңдау пайдалы модельдің атауымен анықталады.

102. Өтінімнің және қосымша құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкессіздігі туралы хабарлама мына жағдайларда жіберіледі.

Егер өтінімді өтінім берілген пайдалы модельдердің мәнін талдаусыз қарау нәтижесінде өтінім пайдалы модельдің бірлік талабын бұза отырып берілгені

анықталса, өтінім берушіге ол туралы сараптама жүргізу кезеңінде жіберіледі және оны жіберген күннен бастап үш ай ішінде пайдалы модельдің қайсысы қаралуы тиіс екенін хабарлау, және қажет болса, өтінім материалдарына нақтылауларды енгізу ұсынылады.

Пайдалы модельдің бірлігі, егер:

пайдалы модельдің формуласында бір пайдалы модель сипатталса;

пайдалы модельдің формуласында пайдалы модель тобы сипатталған болса:

олардың бірі екіншісін (құрылғы немесе зат және құрылғыны немесе затты тұтастай немесе оның бөлігін алу (жасау) тәсілі) алуға (жасауға) арналған);

олардың бірі екіншісін (мысалы, тәсілді тұтастай немесе оның әрекеттерінің бірін жүзеге асыру үшін арналған тәсіл және құрылғы) жүзеге асыруға арналған;

олардың бірі екіншісін (екіншісінде) (мысалы, тәсілде пайдалануға арналған тәсіл немесе зат; тәсіл немесе құрылғы және оның бөлігі) пайдалануға арналған;

құрылғыны немесе затты жаңа немесе белгіленген мақсатта және тәсілді оларды осы мақсатқа сай қолдану; құрылғыны немесе затты жаңа немесе белгіленген мақсатта қолдану және олардың құрамдас бөлігі болып табылатын құрылғы немесе композиция);

бір техникалық нәтижені (нұскалары) алуды қамтамасыз ететін бір мақсаттағы бір түрдегі (бірнеше құрылғы, бірнеше зат) объектілерге жататын болса, сақталды деп саналады.

Пайдалы модельдің бірлігін сақтау алғашқы пайдалы модельдің формуласына қатысты немесе, егер ол өзгермесе, - өтінім беруші белгіленген тәртіппен ұсынған соңғы формулаға қатысты тексеріледі.

Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде пайдалы модельдердің қайсысын (немесе бірлік талаптарына сай пайдалы модельдер тобын, егер осындай топ өтінім берілген пайдалы модельдер ішінде болса) қарау қажет екенін хабарламаса, және нақтыланған құжаттарды ұсынбаса, сараптама формулада бірінші болып көрсетілген тек бір пайдалы модельге (немесе пайдалы модельдің бірлік талаптарына сәйкес топты құратын, формулада бірінші болып көрсетілген пайдалы модельдерге) қатысты жүргізіледі.

Егер қосымша материалдар тұтас немесе бір бөлігінде мәлімделген пайдалы модельдің мәнін өзгертсе және (немесе) осы Қағидалардың 152-тармағында көзделген талаптар сақталмай ұсынылса, өтінім берушіге олар сараптама кезінде толық немесе тиісті бөлігінде назарға алынбайтыны туралы хабарлама жіберіледі. Қосымша материалдар, өтінімнің түзететін немесе нақтылайтын құжаттары осы Қағидалардың 152-тармағында көзделген талаптар бұзыла отырып ұсынылса өтінім берушіге ол туралы хабарланады.

Көрсетілген бұзушылықтар туралы өтінім берушіге сондай-ақ, негіз болса, жіберілетін сұрау салуда да хабарланады.

103. Пайдалы модельдің басымдығын белгілеу.

Пайдалы модельдің басымды сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күн бойынша белгіленеді.

Басымдық Париж конвенциясына қатысушы мемлекетке, сондай-ақ онда көзделген халықаралық және аймақтағы ұйымдарға бірінші өтінім берген күн бойынша белгіленеді (конвенциялық басымдық).

Өтінім беруші конвенциялық басымдықты сұраған кезде келесі шарттардың сақталуы тексеріледі.

Париж конвенциясына қатысушы мемлекетке бірінші өтінімді берген өтінім берушінің немесе оның құқықтық мирасқорының сараптама жасау ұйымына бірінші өтінімді берген күннен бастап он екі ай ішінде конвенциялық өтінімді беруі. Көрсетілген мерзім егер өтінім берушіге байланысты емес жағдайлар бойынша сақталуы мүмкін болмаған кезде екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылады. Егер өтінім көрсетілген екі ай ішінде берілсе, осындай жағдайлар аталды ма, жоқ па тексеріледі, егер аталса, осы жағдайлардың орын алғанын құжатпен растау қажеттігі анықталады.

Өтінім беруші пайдалы модельдің басымдығын бұрын берілген өтінім бойынша қосымша материалдар түскен күн бойынша сұратса, Заңның 20-бабының 3-тармағына сәйкес келесі шарттардың сақталуы тексеріледі.

Сараптама жасау ұйымы өтінім берушіге қосымша материалдар мәлімделген пайдалы модельдің мәнін өзгертеді деп танылуына байланысты назарға алынбайтыны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші немесе оның құқықтық мирасқоры сараптама жасау ұйымына осындай басымдық сұратылатын өтінімді беруі.

Өтінім беруші пайдалы модельдің басымдығын сараптама жасау ұйымына оның бұрынырақ өтінім берген күн бойынша сұратқан жағдайда келесі талаптардың сақталуы тексеріледі.

Бұрынырақ өтінімнің өтінім берушісі немесе оның құқықтық мирасқоры өнертабысқа бұрынырақ берілген өтінім берген күннен бастап он екі ай ішінде немесе пайдалы модельге бұрынырақ берілген өтінім берген күннен бастап 6 ай ішінде осындай басымдық сұратылып отырған өтінімді сараптама жасау ұйымына беруі;

Бұрынырақ берілген бірнеше өтінімдер негізінде басымдық сұрату кезінде көрсетілген талаптар олардың әрқайсысына қатысты сақталуы тиіс;

Өтінімді көрсетілген басымдықты сұрай отырып берген кезде бұрынырақ берген өтінім қайтарылды деп саналады, ол туралы өтінім берушіге хабарланады.

Өтінім беруші бөлінген өтінім бойынша басымдық сұратқан кезде Заңның 20-бабының 5-тармағы негізінде келесі талаптардың сақталуы тексеріледі:

сол бір өтінім берушінің бөлінген өтінімнің пайдалы моделінің иәні алғашқы өтінімде ашылғаны;

өтінім берушісі немесе оның құқықтық мирасқоры бастапқы өтінім бойынша сараптама жасау ұйымының патент беруден бас тарту туралы ол бойынша қарсылық беру мүмкіндігі таусылған қорытындысы шығарылғанға дейін, ал көрсетілген өтінім ойынша сараптама жасау ұйымының патент беру туралы қорытындысы шыққан болса,

- Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік тізілімінде тіркеу күніне дейін сараптама жасау ұйымына бөлінген өтінімді беруі;

бастапқы өтінім бөлінген өтінім берілген күнге дейін қайтарып алынбаған және қайтарып алынды деп саналмайды.

Көрсетілген талаптар сақталған жағдайда, пайдалы модельдің басымдығы бастапқы өтінім берген күн бойынша, ал бастапқы өтінім бойынша басымдық құқығы болған кезде - осы басымдық күні бойынша белгіленеді. Егер бастапқы өтінім конвенциялық болып табылса, өтінім берушінің тиісті өтініші болса, бөлінген өтінімді берген күн деп конвенциялық өтінімді сараптама жасау ұйымына берген күн саналады.

104. Пайдалы модель бірлігі талабы бұзылғаны анықталған болса және өтінім беруші белгіленген мерзімде пайдалы модельдің қайсысы берілген өтінім аясында қарауға жататынын хабарласа, тексеру осы пайдалы модельдің формуласына қатысты жүзеге асырылады.

Егер өтінім берушіден белгіленген мерзімде хабар келмесе, тексеру өтінімде бірінші болып көрсетілген формулаға қатысты жүргізілді.

Пайдалы модельдің формуласын тексеру кезінде онда өтінім берілген пайдалы модельдің өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтижені алу үшін жиынтығы жеткілікті барлық маңызды белгілерінің болуы анықталады.

Егер техникалық нәтижеге (егер өтінім беруші бірнешеуін көрсетке, ешқайсысына) онсыз қол жеткізілмейтін маңызды белгі пайдалы модельдің тәуелді формуласына енгізілмеген, бірақ сипаттамада немесе формуланың тәуелді тармағында қамтылса, өтінім берушіге осындай белгіні формуланың тәуелді тармағына енгізу ұсынылады. Бұл ретте осы белгінің техникалық нәтижеге қол жеткізу үшін қажеттігін растайтын дәлелдер келтіріледі. Бұндай дәлелдер белгілер мен техникалық нәтиже арасындағы сипаттамада ашылған себеп-салдарлық байланысқа немесе өтінім берілген пайдалы модельдің сараптама жүргізген теориялық талдауына негізделеді.

Қаралатын формуланың тәуелді тармағында маңызды емес белгілерді немесе өтінім берілген пайдалы модельді орындау мен пайдаланудың тек жеке нысандарын сипаттайтын белгілерді қамтитыны анықталса, өтінім берушінің пайдалы модельдің осындай редакциясын сақтау мақсаттылығы туралы пікірі сұратылады.

Егер көрсетілген талап сақталмағаны анықталса (белгі оны сәйкестендіру мүмкіндігін қамтамасыз етпейтін ұғымдармен сипатталған), сараптама өтінім берушіден пайдалы модельдің формуласында қамтылатын белгіге қатысты маман үшін техника деңгейі негізінде оның мағыналық мазмұнын түсіну мүмкіндігі бар екенін растайтын мәліметтерді сұратады.

Егер көрсетілген талапты сақтау үшін пайдалы модельдің сипаттамасы негізінде белгіні түзету қажет болса, өтінім берушіге осындай түзетуді жүзеге асыру ұсынылады.

Егер көрсетілген талап сақталған, бірақ белгінің сипаттамасы үшін ескірген не техниканың осы саласында қабылданғанға сәйкес келмейтін терминология

пайдаланылса, өтінім беруші пайдалы модельдің формуласына тиісті түзетуді енгізу қажет болады.

Егер өтінім беруші пайдалы модельдің формуласын түзетуден бас тартса, өтінімді одан әрі қарау кезінде осындай белгі немесе оны сипаттау үшін пайдаланылған, пайдалы модельдің формуласына енгізілген ұғымдар назарға алынбайды.

Егер пайдалы модельдің формуласында жалпы ұғыммен көрсетілген белгі қамтылса, оны пайдалану заңдылығы анықталады.

Сараптама осы жалпы ұғымға жататын, бірақ өтінім беруші көрсеткен техникалық нәтижені алуды қамтамасыз етпейтін (басқа маңызды белгілермен бірге) белгіні іске асырудың жеке нысандарын анықтаған жағдайда өтінім берушіге тиісті дәлелдер келтіріледі және оларды жоққа

105. Қосымша материалдарды тексеру.

Өтінім берушінің өтінім құжаттарына осы өтінім бойынша патент беру туралы шешім не патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылғанға дейін мәлімделген пайдалы модельдің мәнін өзгертпестен түзетулер мен нақтылауларды енгізуге құқығы бар.

Өтінім құжаттарын түзететін немесе нақтылайтын (яғни, олардың мазмұнына енгізуге жататын) қосымша материалдар ұсынылған жағдайда, өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде көрсетілген өзгерістер өтінім берушінің өз бастамасы бойынша енгізілгендерге жататыны тексеріледі, және егер олар соған жататын болса, көрсетілген материалдармен бірге белгіленген тәртіппен төлемді растайтын құжат ұсынылғаны тексеріледі.

Көрсетілген төлем туралы құжат ұсынылмаса, бұл материалдар өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды, ол туралы өтінім берушіге қосымша материалдар түскен күннен бастап бес жұмыс күн ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Бұндай хабарлама өтінім берушіге жіберілетін кезекті сарапатма құжатының мазмұнына енгізіледі.

Өтінім құжаттарының өзгерістері өтінім берушінің бастамасымен енгізілгендерге жататындығын шешу үшін мыналарды ескерген жөн:

Сараптаманың қандай да бір жазбаша хабарламасын, соның ішінде сұрау салуын алғаннан кейін, сондай-ақ осындай хабарламаны алмастан өтінім беруші ұсынған өтінім құжаттарының өзгерістері, егер осы өзгерістер өтінім құжатына қойылған талаптарды оны дайындау кезінде жол берілген бұзушылықтарды жоюға бағытталған болса, өтінім берушінің бастамасымен енгізілген болып саналмайды;

өтінім беруші сараптаманың қандай да бір жазбаша хабарламасын, соның ішінде сұрау салуын алғаннан кейін ұсынған өтінім құжатын өзгертулер, егер бұл өзгерістер сараптаманың осындай жазбашаша мазмұнымен байланысты болса, өтінім берушінің бастамасымен енгізілген болып саналмайды.

Өтінім беруші сараптаманың қандай да бір жазбаша хабарламасын, соның ішінде сұрау салуын алғаннан кейін, сондай-ақ осындай хабарламаны алмай-ақ ұсынған өтінім құжатының барлық өзге де өзгерістері өтінім берушінің бастамасымен құжаттың өзгерістері болып табылады.

Өтінім беруші сараптама ұйымының сұрау салуы бойынша берген қосымша материалдарға қатысты өтінім берушінің оларды ұсынудың белгіленген мерзімдерін сақтауы тексеріледі.

Көрсетілген материалдар өтінім берушіге сұрау салу жіберілген күннен бастап үш ай ішінде табысталуы тиіс.

Егер өтінім беруші қосымша материалдарды белгіленген мерзімдерді бұза отырып ұсынғаны анықталса және осы мерзімдер ұзартылмаған болса, өтінім қайтарып алынды деп саналады, ол туралы өтінім берушіге белгіленген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Өтінім беруші өз бастамасымен немесе сараптама ұйымының сұрау салуы бойынша берген қосымша және қарауға қабылданған материалдары түскен кезде олардың өтінім берілген пайдалы модельдің мәнін өзгертпеуі тексеріледі. Қосымша материалдар, егер олар өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ формулаға енгізуге жататын белгілерді қамтыса, өтінім берілген пайдалы модельдің мәнін өзгертеді деп саналады.

Белгілер тек қана оларды өтінім беруші ұсынған нақтыланған формулада қамтылған жағдайда ғана емес, өтінім беруші тек қана осындай енгізуді көрсеткенде де пайдалы модельдің формуласына енгізуге жатады деп саналады.

Қосымша материалдарда келтірілген және формулаға енгізуге жататын белгілер, егер олар патент беру туралы өтінім, сипаттама, пайдалы модельдің формуласы және сызбалар сараптама жасау ұйымына түскен күні өтінімде қамтылатын формулада немесе сипаттамада аталмаған болса, өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ деп танылады.

Егер өтінімнің бастапқы материалдарында пайдалы модельдің белгілері оны орындаудың жеке нысандарын ашпастан көрсетілсе, оны пайдалы модельдің формуласына енгізуге жататын белгіге қатыстыра отырып, қосымша материалдарда осындай орындау нысанын ұсыну, қосымша материалдарды мәлімделген пайдалы модельдің мәнін өзгертеді деп тану үшін негіз болып табылады.

Сипаттамада тек техника деңгейіне ғана қатысты аталған, соның ішінде жақын аналогтың белгілері, мәлімделген пайдалы модельдің бастапқы өтінім материалдарында қамтылатын белгілерге жатпайды.

Өтінім пайдалы модельдердің тобына жатқан жағдайда, топтың қандай да бір пайдалы моделінің бастапқы өтінім материалдарында қамтылатын белгілер болып топтың нақты осы пайдалы моделіне қатысты сипаттамада аталған белгілер саналады.

Біреуі екіншісін пайдалануға арналған пайдалы модельдердің тобы ерекшелікті құрады. Бұл ретте, екіншісінде пайдалануға арналған бір пайдалы модельдің бастапқы

материалдарда қамтылатын белгілері осы екінші пайдалы модельдің белгілері де болып саналады.

Мәлімделген пайдалы модель туралы, формулаға енгізуге жататын белгілерге жатпайтын, өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ мәліметтерді қамтитын қосымша материалдар пайдалы модельдің мәнін өзгертетін болып табылмайды.

Осындай мәліметтерге атап айтқанда, жаңа (қосымша) пайдалы модельді жүзеге асыру шарттары туралы мәліметтер, пайдалы модельді іске асыру мысалдары, қосымша техникалық нәтижелерді, нақтыланған графикалық материалдарды алу мүмкіндігіне нұсқау жатады.

Өтінімнің бастапқы материалдарында пайдалы модельдің формуласына енгізуге жататын жоқ белгілермен бірге сондай-ақ, өтінімді қарау үшін қажетті өзге де мәліметтерді қамтитын қосымша материалдар, тек көрсетілген белгілерді қамтитын бөлігінде ғана мәнін өзгертетін болып танылады.

Өтінім беруші өзгерткен пайдалы модельдің қосымша материалдарында ұсынылған формуласын тексеру кезінде өзгерістер мәлімделген пайдалы модельге (пайдалы модельдерге) жататыны анықталады.

Пайдалы модельдің мақсатын көрсететін бастапқы тектік ұғымды басқа ұғыммен ауыстыру кезінде, егер көрсетілген ұғымдар бір мағыналы, бағыну қатынасында немесе қиылыста болса, яғни олардың көлемдері толық немесе ішінара сәйкес келсе, формуланың өзгеруі мәлімделген пайдалы модельге жатады деп танылады.

Пайдалы модельдің формуласының өзгеруі, сондай-ақ кемшіліктерді жою кезінде жаңа тәуелсіз тармақты (немесе осындай бірнеше тармақтарды) құру жағдайында да мәлімделген пайдалы модельге жатады деп танылады.

Формулаға қосымша тәуелсіз тармақты қосқанда өзгертілген формула өзге пайдалы модельді қамтитын болып танылады.

Пайдалы модельдің формуласының мәлімделген пайдалы модельге жатпайтын өзгерулері назарға алынбайды, ол туралы өтінім берушіге формуланың өзгеруі туралы тиісті құжаттар түскен күннен бастап бір ай ішінде хабарланады.

Қосымша материалдар мәлімделген пайдалы модельдің мәнін өзгертеді деп танылғанда, өтінім берушіге сараптаманың осындай қорытындысы үшін қосымша материалдарға енгізілген мәліметтердің қайсысы негіз болғаны туралы хабарланады (оған жіберілетін сараптаманың кезекті құжатында).

106. Заңның 28-бабына сәйкес пайдалы модельге өтінім өтінішхат беру арқылы өнертабысқа өтінімге өзгертіледі. Көрсетілген өзгеру сараптама жасау ұйымының пайдалы модельге өтінім бойынша тиісті шешім шағарғанға дейін мүмкін болады.

Осындай өзгерту туралы өтінішхат түскен кезде, оның дұрыс ресімделуі тесеріледі, сондай-ақ оның өнертабысқа патент беру туралы шешім шығарылғанға дейін ұсынылғаны және өтінішхатқа белгіленген көлемде тиісті төлем туралы құжат қоса берілгені анықталады.

Өтінішхат белгіленген талаптарға сай ресімделмеген жағдайда, өтінім берушіге ол туралы хабарланады.

Өтінішхат патент беру туралы шешім шығарылғаннан кейін түссе, өтінім берушіге өтінішхат келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінімді өзгерту мүмкін еместігі туралы хабарлама жіберіледі.

Өзгертілмеген өтінім пайдалы модельге өтінім болып қалады, және одан әрі оған қатысты осы Қағидалардың ережелері қолданылады. Бұл ретте, бастапқы өтінімнің басымдығы мен беру күні сақталады.

Егер өтінішхат қайтарылған деп саналатын өтінім бойынша келіп түссе, және өтінішхатпен бірге өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш берілсе, соңғысы Заңның 23-бабының 2-тармағына сәйкес қаралады.

Өзгерту қайтарылғын немесе қайтарылды деп саналатын пайдалы модельдерге өтінімдерге қатысты жүргізілмейді.

Өтінім берушіден өнертабысқа өтінімді пайдалы модельге қайта өзгерту туралы өтінішхат оған алдында өзгерту жүргізілгені туралы хабарлама жіберілгеннен кейін түскен жағдайда, өтінім берушіге осындай өтінішхат түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өзгертуді жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы туралы хабарлама жіберіледі.

Өтінім берушінің оның өзгерту туралы өтінішхатын берілмеген деп санау туралы, оған пайдалы модельге өтінімді өнертабысқа патент беруге өзгерту жүзеге асырылғаны туралы хабарлама жіберілгеннен кейін түскен өтініші өтінімді қайта өзгерту үшін негіз болмайды.

107. Егер өтінімге сараптама жасау нәтижесінде оның пайдалы модельдер ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысқа ресімделгені анықталса, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Мәлімделген ұсыныс тұтастай алғанда формула тармағында сипатталғандай түрде Заңның 6-бабының 3 және 3-1 тармақтарында келтірілген ұсыныстар тізбесіне түсетін жағдайда, пайдалы модельдер ретінде қорғалатын объектілерге жатады деп танылмайды.

Егер мәлімделген объект көп буынды формулада сипатталса және тәуелді тармақтың мазмұны осы объектінің қоғамдық мүдделерге, адамгершілік және мораль принциптеріне қайшы келуін негіздесе, мұндай объект те пайдалы модель болып танылмайды.

Формуланың қандай да бір тармағында сипатталған объектіні жоғарыда баяндалғанды ескере отырып пайдалы модель деп тану мүмкін болмаған жағдайда, өтінім берушіге патент беруден бас тарту туралы қорытынды үшін негіз бола алатын дәлелдер қажет болған жағдайда, пайдалы модель формуласын растай отырып, тиісті

ақпарат көздеріне сілтемелер жазылған және келтірілген дәлелдерді теріске шығару ұсынысы жазылған сұрау салу жіберіледі немесе одан тиісті тармақты түзетіп немесе алып, пайдалы модель формуласын өзгертеді.

Егер өтініш беруші өз жауабында сараптаманың дәлелдерін жоққа шығармаса және сұрау салуда ұсынылған өзгерістермен формуланы келтірмесе, патент беруден бас тарту туралы қорытынды шығарылады.

Бұл ретте қорытындыда формуланың басқа тармақтарында сипатталған ұсыныстардың қағидатты қорғау қабілеттілігі белгіленеді (егер бұл сараптама процесінде белгіленсе).

Патент беруден бас тарту туралы шешімде келтірілген дәлелдермен келіспеген жағдайда өтініш берушінің уәкілетті органның апелляциялық кеңесіне шешім жіберілген күннен бастап үш ай ішінде қарсылық беру құқығы туралы қосымша хабарланады.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108. Заңның 23-бабының 2-тармағына сәйкес келесі жағдайларда пайдалы модельге патент беру туралы шешім шығарады.

Заңның 33-бабында көзделген жағдайдарда пайдалы модельдің патентке қабілеттілік талаптарына сәйкестігі туралы мәселені қарау кезінде мыналар ескеріледі.

Егер техника деңгейінде, пайдалы модельдің формуласының тәуелсіз тармағында барлық келтірілген маңызды белгілері (осыларға пайдалы модельдің формуласына қойылатын талаптарға қанағат ететін белгілер жатпайды, себебі оларға қатысты қол жеткізілетін техникалық нәтижеге әсері анықталуы мүмкін емес) тән, мақсатының сипатын қоса алғанда, пайдалы модель мақсатына ұқсас құрал белгілі болмаса, патентпен қорғалатын пайдалы модель "жаңалық" талаптарына сәйкес деп саналады.

Техника деңгейі туралы мәліметтер пайдалы модельдің басымдық күніне дейін жалпыға мәлім болған, өтінім берілген пайдалы модельге ұқсас мақсаты бар құралдар туралы әлемде жарияланған мәліметтерді, оларды Қазақстан Республикасында қолдану туралы мәліметтерді, сондай-ақ неғұрлым бұрынырақ басымдығы болған жағдайда, Қазақстан Республикасында өтінім берілген және Қазақстан Республикасында патенттелген пайдалы модельдерді және өнертабыстарды қамтиды.

Техника деңгейіне өтінім берушілер қайтарып алған өтінімдер, сондай-ақ қайтарып алынды деп саналған өтінімдер енгізілмейді.

Техника деңгейіне еуразиялық өтінімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасын көрсете отырып, халықаралық өтінімдер енгізіледі.

Өтінім өтініш, сипаттама, формула және сызбалар (өнертабысқа өтінімдер үшін - егер сипаттамада оларға сілтемелер болса) түскен күні осы өтінімде қамтылатын сипаттамаға және формулаға қатысты техника деңгейіне енгізіледі.

Егер бұл күн қаралатын өтінімнің басымдық күнінен неғұрлым кешірек болса, неғұрлым бұрынырақ басымдығы бар өтінім басымдық белгілеу үшін негіз болған материалдардың (бастапқы өтінім, бұрын берген өтінім, осы өтінімге қосымша материалдар) мазмұнымен сәйкес келетін мазмұнының бөлігінде техника деңгейіне енгізіледі.

Патентпен қорғалатын пайдалы модель, егер мына талаптар орындалса, " өнеркәсіпте қолдануға жарамды" талабына сәйкес деп саналады:

Соның негізінде патент берілген өтінімде пайдалы модельдің өндіріс құралы немесе тұтыну нысаны немесе олардың құрамдас бөліктері ретіндегі нақты мақсаты көрсетілген, немесе осы мақсат пайдалы модельдің атауынан немесе пайдалы модельдің формуласына сүйенеді, пайдалы модельдің формуласына қойылатын талаптарға сай емес белгілерді ескерместен, пайдалы модельді формуланың әрбір тармағына сәйкес орындау кезінде, көрсетілген мақсат іс жүзінде іске асырылады, басымдық күніне белгілі немесе өтінімде сипатталған пайдалы модельді формуланың кез келген тармағында сипатталғандай түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін (ал өтінім түскен күннен бұрынырақ басымдық белгіленгенде, - негізінде басымдық белгіленген өтінімде, сондай-ақ материалдарда) құралдар мен әдістердің болуы.

109. Ақпараттық іздеу талаптары.

Ақпараттық іздеу өтінім берушінің өтінішхаты бойынша өтінімді қараудың кез келген сатысында, ал патент иеленушінің немесе үшінші тұлғаның өтінішхаты бойынша - тиісті төлем жасалған жағдайда пайдалы модельге патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін жүргізіледі. (Заңның 23-бабының 4-тармағы).

Өтінім берілген ұсыныс оны түсіну мүмкін емес немесе оны Заңның 7-бабының 3-тармағына сәйкес пайдалы модель ретінде танылмайтын объектілерге жатқызу негіздері болып, оған байланысты өтінім берушіге хат жолдау қажет болса, тиісінше ақпараттық іздеу ұзартылады.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларда ақпараттық іздеу, егер өтінім берушіге жолданғаннан кейін мәлімделген ұсыныстың жоғарыда көрсетілген сипаттама ерекшеліктері сақталса, жүргізілмейді.

Патент иеленушіге үшінші тұлғадан ақпараттық іздеуді жүргізу туралы өтінішхат түскені туралы хабарлама жіберіледі.

Егер ақпараттық іздеуді жүргізу туралы өтінішхат қайтарылған немесе қайтарылған болып табылатын өтінім бойынша түссе, немесе егер ақпараттық іздеуді жүргізу туралы өтінішхат түскеннен кейін өтінім бойынша пайдалы модельге патент беруге сараптама нәтижесінде патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданса, өтінішхат берген өтінім берушіге оны қанағаттандыру мүмкіндігі жоқ деген хабарлама жіберіледі.

Өтінім берушінің, патент иеленушінің немесе үшінші тұлғаның өтінішхаты бойынша жүргізілген ақпараттық іздеу аяқталған соң, ол туралы есеп өтінішхат берген тұлғаға жіберіледі.

Егер ақпараттық іздеу үшінші тұлға берген өтінішхат бойынша жүргізілген болса, ақпараттық іздеу туралы есеп патент иеленушіге де жіберіледі.

Ақпараттық іздеуді жүргізу туралы өтінішхат түскен күні ұқсас өтінішхат бұрын берілген немесе ақпараттық іздеу жүргізілген немесе жүргізіліп жатқан жағдайда, осындай өтінішхатты берген тұлғаға көрсетілген жағдайлар туралы және оған ақпараттық іздеу туралы есептің көшірмесін беру шарттары туралы хабарланады.

110. Ақпараттық іздеу нысаны.

Ақпараттық іздеу сипаттамалар мен сызбаларды ескере отырып, сондай-ақ пайдалы модельдің рұқсат етілетін ықтимал өзгерістерін ескере отырып пайдалы модельдің формуласы негізінде жүргізіледі.

Өтінім құжаттарының түзетулері, нақтылаулары және өзгерістері, егер оларды өтінім беруші белгіленген тәртіппен тиісті өтінішхат беру күніне дейін енгізген болса, ақпараттық іздеу кезінде ескеріледі.

Егер ақпараттық іздеу туралы өтінішхат түске күні өтінім беруші белгіленген мерзімде бірлік талабын бұзу туралы хабарлауға жауап бермесе, ақпараттық іздеу формулада бірінші болып көрсетілген пайдалы модель (бірыңғай өнертабыстық ойды құрайтын пайдалы модельдер тобы) бойынша жүргізіледі.

Басқа пайдалы модельдер бойынша ақпараттық іздеуді жүргізу жеке ақпараттық іздеу болып саналады, ол туралы сараптама жасау ұйымы ақпараттық іздеуді жүргізу туралы өтінішхатты берген тұлғаға хабарлайды.

111. Техника деңгейіне, іздеу саласы мен көлеміне, ақпараттық іздеу туралы есепке қойылатын талаптар осы Қағидалардың 92, 93, 94-тармақтарына сәйкес белгіленеді.

4-параграф. Өнеркәсіптік үлгі өтініміне формалды сараптама жүргізу тәртібі

112. Егер Президент Жарлығына сәйкес мәліметтерді мемлекеттік құпияға жатқызуға уәкілетті болып белгіленген мемлекеттік органмен өтінім мемлекеттік құпия деп табылса, өтінім түскен күннен бастап үш айдың ішінде өтінім берушіге Заңның 5-бабының 6-тармағына сәйкес өнеркәсіп үлгісіне құқықтық қорғауды беру мүмкін еместігі туралы хат жолданады.

Қағаз жүзінде келіп түскен құжаттарды тіркеу тиісті нөмірі мен түскен күнін көрсете отырып, мемлекеттік немесе орыс тілдерінде және өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің кескіндемесі бар болған жағдайда жүргізіледі.

Құжаттар немесе өтінілетін үлгінің кескіндемесі мазмұндалмайтын болса тіркелмейді және құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды тапсырған адамға қайтарылады.

Құжаттарды қарауға қабылданғаны туралы өтініш беруші өтінішті тіркеу күнін және құжаттарды алған күнді көрсететін өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

Қорғау құжатын беру туралы өтінім қазақ немесе орыс тілдерінде беріледі.

Қосымша құжаттар қазақ, орыс немесе шет тілдерінде ұсынылады.

Егер қосымша құжаттар шет тілінде тапсырылса, өтінімге олардың қазақ немесе орыс тілдеріне аударылған нұсқасы ұсынылады.

Өтінім сараптама жасау ұйымына басқа тілдегі құжаттары бар өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде беріледі.

Тиісті төлемді ескере отырып, бұл мерзім ұзартылады, бірақ екі айдан аспайды.

Өтінішті мерзімінде тапсырмаған жағдайда, өтініш берілмеген болып есептеледі.

Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қорғау туралы құжатты беру туралы ақпарат жарияланғанға дейін өтінішке және оны үшінші тұлғаларға қараудың барысы туралы ақпаратқа жол берілмейді.

Өтініш бойынша шығыс хат-хабарды өтінімде көрсетілген өтінішхат берушінің мекенжайына сараптама жасау ұйымы жібереді.

Сараптама жасау ұйымына ұсынылған өтінімнің расталған көшірмесі өтініш берушінің тиісті төлемді растайтын құжат болған жағдайда шетелдік патенттеу мақсатында өтініші бойынша беріледі.

113. Өтініш беруші немесе уәкілетті өкіл әрбір өтінім бойынша хаталмасуды дербес жүзеге асырады.

Өтінім бергеннен кейін жіберілген материалдарда оның нөмірі және өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы болуы тиіс.

Сараптама ұйымында өнеркәсіптік үлгі бойынша іс жүргізу қазақ немесе орыс тілдерінде беріледі.

Өтініш берушінің шет тілінде ұсынған материалдарына олардың қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасы материалдардың сараптама ұйымына келіп түскеннен бастап кейін екі ай ішінде беріледі.

Аударма сараптама жасау ұйымына өтінім келіп түскеннен кейін екі ай ішінде беріледі.

Аударма ұсынылғанға дейін шет тілінде ұсынылған материалдар қарастырылмайды, ол туралы өтініш берушіге жазбаша түрде материалдардың аудармастан алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

Егер өтінімнің түпнұсқасын сараптама жасау ұйымы қабылдаса, электрондық пошта арқылы жіберілген өтініш қайтарып алынды деп есептеледі және іс жүргізу тоқтатылады, ол туралы өтініш берушіге жазбаша хабардарлама жіберіледі.

Егер материалдардың түпнұсқалары мерзім өткеннен кейін келіп түссе немесе электрондық пошта арқылы келіп түскен материалдар ұсынылған материалдарға сәйкес болмаса, материалдар түпнұсқаның келіп түсу күніне түскен болып саналады,

электрондық пошта арқылы келіп түскен материалдардың мазмұны ары қарай қарастырылмайды.

Егер өтінімнің электрондық пошта арқылы келіп түскен қандайда бір материалдары немесе олардың бөлігі оқылмайтын немесе келіп түспеген болса, тиісті материалдар түпнұсқалардың келу күніне келіп түскен болып саналады.

Ескерту. 113-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 26.12.2018 № 1630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114. Формалды сараптама сараптама ұйымына өтінім берілгеннен кейін және өтініш берген күннен бастап екі ай мерзімде формалды сараптама жүргізу және алу үшін төленген төлемді растайтын құжат болған жағдайда жүргізіледі.

Формалды сараптама жүргізілген кезде төмендегілер тексеріледі:

өтінімде қамтылатын немесе Заңның 19-бабы 2-тармағының 1) 2) және 4) тармақшаларында көзделген қоса берілетін құжаттардың бар болуы;

жүргізілген төлемдердің белгіленген мөлшерге сәйкестігі;

патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттілігін куәландыратын сенімхаттың ресімделуінің дұрыстығына тексерістің бар болуын қоса алғанда, өтінімді беру тәртібін сақтау;

бірыңғай шығармашылық ойды (өнеркәсіптік үлгі бірлігі талаптарын) сақтау;

ұсынылған қосымша материалдар, егер олар ұсынылса, өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпеуі;

ӨҮХС бойынша өтінім берушінің өнеркәсіптік үлгіні дұрыс сыныптауы;

өтінім түскен күннен неғұрлым ерте сұралатын басымдықтың негізділігі.

Формалды сараптама сатысында өтінім берілген күн және басымдық күні белгіленеді.

115. Құжаттарға қойылатын талаптарды бұза отырып ресімделген өтінім бойынша өтінім берушіге түзетілген немесе жетіспейтін құжаттарды ұсыну ұсынысымен жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сұрау салу жіберіледі. Өтінімге сараптама жасау сұрау салуға жауап алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылған құжаттарды ұсынбаған жағдайда, өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, бұл туралы өтінім берушіге белгіленген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Бұл мерзім тиісті төлем жасалған жағдайда, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

116. Сауал негіздері мыналар болып табылады:

өтінімде тиісті құжаттардың болмауы;

өтінімде қажетті мәліметтердің, сондай-ақ қолдардың және мөр (бар болса) оттискісінің болмауы, сондай-ақ өтініште келтірілген мәліметтерді нақтылау қажеттілігі;

оларды тікелей репродукциялауға кедергі келтіретін құжаттарды ресімдеуде кемшіліктердің анықталуы (өтінім материалдарын көруді қиындататын баспа сапасы, жолдар мөлшеріне, парақтар форматына қойылатын талаптар бұзылғанда);

Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар таңбаларына үшінші тұлғалар құқықтарының бұзылу мүмкіндігімен байланысты мәселелерді анықтау қажеттілігі;

патент туралы мәліметтерді жариялау кезінде аталғысы келмейтін авторлар туралы мәліметтерден басқа, өтінімде жалпыға қол жетімді болып табылмайтын көздерге сілтемелердің не онда қамтылатын басқа да мәліметтерді жариялау мүмкін еместігін көрсетудің болуы;

өтінімде сұралатын неғұрлым бұрынғы басымдықты белгілеумен байланысты мәселелерді анықтау қажеттігі;

осы Қағидалардың өтінім материалдарына қойылатын талаптарын өтінілетін өнеркәсіптік үлгінің мәнін талдаусыз айқындалатын басқа да бұзушылықтардың бар болуы.

117. Өнеркәсіптік үлгі бірлігінің талаптары бұзыла отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге қай өнеркәсіптік үлгісі қаралуға жататынын хабарлау және қажеттігіне қарай, өтінім құжаттарына нақтылауды енгізу туралы тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап үш айлық мерзім ішінде сұрау салу жіберіледі. Өтінішке жауап беру сұрау салынған күннен бастап үш ай ішінде жіберілуі тиіс.

Алғашқы өтінім материалдарына кірген басқа өнеркәсіптік үлгілер бөлінген өтінімдермен ресімделуі мүмкін.

Егер өтінім беруші бірліктің талаптарын бұзу жөнінде хабарламаны жіберген күннен бастап үш ай мерзімде хабарламаса, өнеркәсіптік үлгілердің қайсысы қарауға тиіс және көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сипаттамасында көрсетілген объектілер бірінші болып саналады, сондай-ақ оларға қатысты өзге де өнеркәсіптік үлгілер біріншіден, олар өнеркәсіптік бірліктің бірлігін талап етеді.

118. Сараптама жүргізу кезеңінде өтінім беруші өз бастамасымен немесе сараптаманың сұрау салуы бойынша өтінілген нысанның мәнін өзгертпей өнеркәсіптік үлгіге өтінім материалдарын толықтыруы, нақтылауы немесе өзгертуі мүмкін.

Өтінілген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпейтін қосымша материалдар өтінімнің материалдарына қосылады.

Өтінімді қарау кезінде қосымша материалдардағы өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлікте назар аударылмайды және өтінім беруші дербес өтінім ретінде рәсімдейді, ол туралы осы факт анықталған күннен өтінім беруші бес жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

Бұл ретте, дербес өтінім сараптама жасау ұйымы өтінім берушіге хабарлама жіберген күннен бастап үш ай ішінде берілсе, Заңның 20-бабының 3-тармағына сәйкес оның басымдығы қосымша материалдардың келіп түсу күнімен белгіленеді.

Егер қосымша материалдар осы Қағидалардың талаптарын сақтамастан ұсынылса, өтінім беруші олардың сараптама кезінде жалпы түрде немесе тиісті бөлікте назарға алынбайтыны туралы хабардар етіледі.

119. Өтініш берушінің сұрау салынған құжаттарды ұсыну мерзімі тиісті өтініш берілген кезде ұзартылады, ол өтініш берушіге сұрау салу жіберілген күннен бастап үш ай ішінде ұсынылады. Өтініш берушіге ұзартылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Қолдаухатқа тиісті төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

Өтінімге сараптама жасау сұрау салуға жауап алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Сұратылған құжаттар немесе өтінішхаттар үш ай мерзімде ұсынылмаған жағдайда, өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі, бұл туралы өтінім берушіге белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Бұл мерзім тиісті төлем жасалған жағдайда, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Өтінім берушінің өткізіп алған мерзімдерін сараптама жасау ұйымы мерзімді қалпына келтіру туралы қолдаухат (бұдан әрі - қолдаухат) бойынша қалпына келтіруі мүмкін.

Өтінім беруші қолдаухатты өткізіп алған мерзім аяқталған күннен бастап алты айдан кешіктірмей береді. Мұндай қолдаухат сараптама жасау ұйымына сараптама сұрау салған материалдармен немесе апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір уақытта ұсынылады.

Қолдаухатқа тиісті төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

Осы құжатты көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда қолдаухат берілмеген болып табылады, бұл туралы өтінім беруші бес жұмыс күні ішінде хабардар болады.

121. Формалды сараптама сатысында өтінім берілген күн және басымдық күні белгіленеді.

Өнеркәсіп үлгісіне қорғау құжатын беру туралы өтінім Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса) немесе өтінім берушінің толық атауын, сипаттамасын, өнімнің бейнесін (макетін) көрсетіле отырып, өтінімді сараптама ұйымына келіп түскен күніне қарай ұсыну күні белгіленеді, егер көрсетілген құжаттар бір уақытта ұсынылмаса, онда осы құжаттардың ең соңғы келіп түскен күніне қарай белгілейді.

Егер ұсынылған өтінімде көрсетілген мәліметтерді анықтауға мүмкіндік бермейтін сапа ретінде өтініш берілген жағдайда өтінім беру күні сараптама ұйымына тиісті сапа өтінімін алған күннен бастап анықталады.

Егер осы Заңның 20-бабының 2-тармағына сәйкес конвенциялық басымдық талап етілсе, өтініш беру күніне басымдылық белгіленуі мүмкін емес.

Басымдық бірінші өтінім (конвенциялық басымдылық) берілген күннен бастап сараптама жасау ұйымына өтініш беру күні белгіленеді.

Өтініш берілген жағдайда, бөлінген өтінімдердің басымдығы сараптама жасау ұйымына сол өтініш берушінің бастапқы өтінішінің мәні берілген күні және егер басымдығы күнінен бастап бастапқы өтінішке неғұрлым ертерек басымдықты белгілеуге құқылы болса, сондай-ақ егер өтінім сараптама жасау ұйымының бастапқы өтініші бойынша теріс пікірін шығарғанға дейін берілсе, шағымдану мүмкіндігі таусылған болса және егер сараптамалық ұйымның оң қорытындысы аталған өтінім бойынша жасалса, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгенге дейін жүргізіледі.

Заңның 4-1-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолдаухаты бойынша сараптама жасау ұйымы өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы мемлекеттерге ұсынылатын өтінімнің (басымдық құжатын) куәландырылған көшірмесін ұсынады. Қолдаухатқа көшірмесі куәландырылған (басым құжат) төлемді растайтын төлем құжатының көшірмесі қоса беріледі.

122. Формалды сараптама нәтижелері бойынша өтініш беруші формалды сараптама нәтижесі немесе қызметтік жұмыстың аяқталуы туралы сараптама аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

Сараптама жасау ұйымы сұратылған құжаттарды уақтылы тапсырған және/немесе ресми сараптаманың талаптарын қанағаттандыратын ақпарат болған жағдайда, өтініш берушіге формалды сараптаманың оң нәтижесі туралы хабарлама беріледі.

123. Формалды сараптаманың оң нәтижесі шыққаннан кейін және өтініштің мәні бойынша сараптама жүргізілгені үшін төленгенін растайтын құжатты ұсынған кезде заңның 20-бабының ережелерін ескере отырып, өтінім сараптама ұйымына келіп түскеннен күннен бастап жеті ай ішінде өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізіледі.

5 Параграф. Өтінім бойынша өнеркәсіптік үлгіге мәні бойынша сараптама жүргізу тәртібі

124. Мәні бойынша сараптама жүргізу кезеңінде:

мәлімделген ұсынысты өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігі белгіленеді;

мәлімделген өнеркәсіптік үлгіге қатысты көркем-құрастыру шешімі деңгейін анықтау үшін ақпараттық іздестіру жүргізіледі;

мәлімделген шешімнің ақпараттық іздестіру нәтижесі негізінде патент қабілеттілігі шарттарына сәйкестігін тексері жүзеге асырылады.

125. Мәні бойынша сараптаманы жүргізу кезінде өнеркәсіптік үлгінің патент қабілеттілігін жаңалық және бірегейлік шарттарына сәйкестігіне тексеру жүзеге асырылады.

Егер өнеркәсіптік үлгілер тобы мәлімделген болса, патент қабілеттілігі оған кіретін әрбір өнеркәсіптік үлгіге қатысты тексеріледі. Өнеркәсіптік үлгілердің патент қабілеттілігі барлық өнеркәсіптік үлгілер тобы патент қабілетті болғанда ғана танылады.

126. Өнеркәсіптік үлгілер тобында мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің патент қабілеттілігі шарттарына сәйкес келмеген жағдайда сараптама ұйымы өнеркәсіптік үлгіге патент беруге ішінара бас тарту туралы сараптама қорытындысын шығарады.

127. Өнеркәсіптік үлгіге құқықтық қорғау беріледі, егер ол Заңның 8-бабы 1-тармағына сәйкес жаңа және бірегей болса.

Өнеркәсіптік үлгі жаңа болып танылады, егер оның бұйымдар бейнесінде көрініс тапқан елеулі белгілерінің жиынтығы өнеркәсіптік үлгінің басымдық датасына дейін әлемде жалпыға қолжетімді болған мәліметтерден белгісіз және жақын аналогтың елеулі белгілерінің жиынтығынан ерекшеленетін болса.

Жаңалықты тексеру формальды сараптама нәтижесі бойынша қарауға қабылданған бұйымдар бейнесінде көрініс тапқан өнеркәсіптік үлгі белгілерінің жиынтығына қатысты жүргізіледі.

128. Ақпарат көзінде қамтылған, кез келген тұлға таныса алатын мәліметтер жалпы қолжетімді болып саналады.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді жалпы қолжетімдіге жатқызу мүмкіндігін анықтау күні болып табылады:

өнеркәсіптік үлгілер туралы мәліметтерді жариялау күні - оларды жариялау күні;
басылымға қол қойылған күнін көрсетумен баспа басылымдары үшін - көрсетілген күн;

өзге баспа басылымдары үшін - жарыққа шыққан күні немесе, оны белгілеу мүмкін болмаған кезде, оны белгілеу, басылымда көрсетілген айдың соңғы күні;

мақалалардың, шолулардың, монографиялардың және басқа материалдардың қолжазбаларын сақтауға беру үшін - оларды сақтауға беру күні;

ғылыми-техникалық ақпарат органдарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары, тәжірибелік-құрастыру жұмыстарына түсіндірме жазбалар және басқа құрастыру, технологиялық және жобалау құжаттамасы туралы есептер үшін - олардың осы органдарға келіп түскен күні;

нормативтік-техникалық құжаттама үшін - оны уәкілетті органда тіркеу күні;

қолжазба құқығында шығарылған диссертациялар және диссертациялар авторефераттарының материалдары үшін - олардың кітапханаға келіп түскен күні;

көрмеге қойылған экспонаттар үшін - құжатпен расталған оларды көрсету күні;
теледидар бойынша хабарламалар үшін - осындай хабарлама берілген күн, егер ол тиісті ақпарат тасымалдаушыда тіркелген болса.

129. Өнеркәсіптік үлгі жаңалық шартына сәйкес болып танылмайды, егер ақпарат көздерінде қаралатын өтінімдегі бейнелерде берілген ұқсас барлық белгілерге көркем-құрастыру шешімі туралы мәліметтер анықталған болса.

130. Өнеркәсіптік үлгінің жаңалығын белгілеу кезінде Қазақстан Республикасында басқа тұлғалар берген өнеркәсіптік үлгілерге (қайтарып алынғандардан басқа) өтінімдер, Қазақстан Республикасында патенттелген өнеркәсіптік үлгілер мен Еуразиялық өтінімдер олардың неғұрлым ертерек басымдығы болған жағдайда да ескеріледі.

Қаралатын өнеркәсіптік үлгі туралы мәліметтер қамтылған ақпарат көзі басымдығы ерте өтінім болып табылған жағдайда, өтінімнің кері қайтарылып алынбағаны немесе кері қайтарылып алынбаған болып саналмайтыны белгіленеді.

Егер өтінім кері қайтарылып алынбаған және кері қайтарып алу мерзімі өтпеген болса, қаралатын өнеркәсіп үлгісін мәлімдеушіге осындай өтінімнің бар екендігін өтінім берушіні көрсетпестен және оның мазмұнын ашпастан және басымдығы ерте өтінім айқын болғанша өтінімді қарауды кейінге қалдыру мүмкіндігі туралы хабарланады.

Өтінім беруші өтінімді қарауды кейінге қалдырумен келіспеген кезде мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің жаңалық шартына сәйкес келмейтіндігі белгіленеді.

Ескерту. 130-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Ақпараттық іздестіру барысында ақпараттық іздестіру саласын нақтылау қажеттігі туындауы мүмкін, атап айтқанда, ақпараттық іздестіру саласының сипаттамасына МКПО жаңа классификациялық индексін енгізу немесе осындай индексті өзгерту есебінен, бұл ретте ақпараттық іздестіру МКПО барлық белгіленген индекстерін есепке алумен жүзеге асырылады.

132. Ақпараттық іздестіру мерзімді басылымдар сайттары, өндірушілер сайттары, ұқсас мақсаттағы бұйымдар туралы ақпарат қамтылған басқа сайттар бойынша "Интернет" (бұдан әрі - Интернет желісі) ақпараттық-телекоммуникация желісін пайдаланумен патенттік ведомстволардың деректер базасы бойынша жүргізіледі.

133. Интернет желісінде ақпараттық іздестіруді жүргізу нәтижесі бойынша мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің басымдығы күнінен ерте жарияланған ақпарат назарға алынады.

134. Егер Интернет желісінде табылған мәліметтерде жариялау күні қамтылмаған және оны электрондық ортаға орналастыру күнін белгілеу мүмкін болмаса, мұндай мәліметтер патент қабілеттілігін белгілеу кезінде ескерілмейді.

135. Ақпараттық іздестіру нәтижесі бойынша мәні бойынша өтінім сараптамасының нәтижесі бойынша шешім қабылданғанға дейін ақпараттық іздестіру туралы есеп жасалады, оған мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің басымдығы күніне дейін жалпы қолжетімді болған мәліметтерден белгілі сыртқы түрі мен мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің мақсатына ұқсас бұйымдардың жиынтығы бойынша елеулі белгілеріне қатысты жалпы қолжетімді мәліметтер қамтылған ақпарат көздері кіреді (бұдан әрі - ақпарат көздері).

136. Ақпараттық іздестіру туралы есепте көрсетіледі:

ақпараттық іздестіру жүргізілген өтінім нөмірі;

өтінімнің сараптама ұйымына берілген күні;

өнеркәсіптік үлгінің басымдығы күні;

мәлімделген өнеркәсіптік үлгіні классификациялау кезінде белгіленген МКПО айдарларының индекстері;

мемлекеттік тілге аударумен ақпараттық іздестіру жүргізілген өнеркәсіптік үлгінің атауы;

ақпараттық іздестіру саласын сипаттайтын МКПО айдарларының индекстері, іздестіру саласына қосу үшін қажетті елдердің патенттік құжаттама тізбесі, тиісті тақырып бойынша өзге әдебиет;

құжаттарға, олардың ақпараттық іздестіру мәніне жататын нақты бөліктеріне сілтемелердің библиографиялық деректері. Бұл ретте өтінімнің сараптама ұйымына берілген күнінен бұрын, бірақ басымдығы күнінен кейінірек жарияланған құжаттар белгіленеді, егер өтінім бойынша неғұрлым ерте басымдығы сұралатын болса.

137. Жаңалық шартына сәйкес келмеушілік белгіленген өнеркәсіптік үлгіге қатысты бірегейлігін тексеру жүргізілмейді.

138. Өнеркәсіптік үлгі бірегей болып танылады, егер оның елеулі белгілері бұйымның ерекшеліктерінің шығармашылық сипатын анықтайтын болса.

Мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің бірегейлігін тексеру жүргізіледі және оған кіреді: ең жақын аналогын анықтау;

мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің ең жақын аналогтан ерекшеленетін елеулі белгілерін анықтау (ерекше белгілерін);

қаралатын өнеркәсіптік үлгінің ерекше белгілеріне сәйкес келетін белгілерге ие болатын көркем-конструкторлық басымдығы күніне дейін әлемде жалпы қолжетімді болған мәліметтерді анықтау.

Өнеркәсіптік үлгі бірегейлік шартына сәйкес болып танылады, егер оның елеулі белгілерінің біріне осы белгі тән болатын көркем-конструкторлық шешімдері анықталмаған болса.

Өнеркәсіптік үлгі бірегейлік шартына сәйкес болып танылады, оның барлық елеулі ерекше белгілеріне осындай белгілерге ие болатын көркем-конструкторлық шешімдер анықталған жағдайда, алайда бұл белгілер қаралатын өнеркәсіптік үлгіде анықталған

көркем-конструкторлық шешімдерге тән емес эстетикалық және (немесе) эргономикалық ерекшеліктердің болуын қамтамасыз етеді.

Бұйымда нақты көрсетілген өнеркәсіптік үлгінің бірегейлік шартына сәйкестігі танылмайды:

жақын аналогтан бұйымның бейнелерінде көрініс тапқан белгімен (белгілермен) ғана ерекшеленетін, олар үшін осы бұйымның эстетикалық және (немесе) эргономикалық ерекшеліктеріне ықпал етуі расталмаған;

бұйымның белгілі бұйыммен салыстырғанда мөлшері ғана өзгертілген, элементтерінің саны ұлғайтылған немесе түсі өзгертілген (бірақ колористикалық шешімі емес);

жеке алынған қарапайым геометриялық көлем немесе жеке алынған қарапайым геометриялық фигура түрінде;

белгілі бір мақсаттағы бұйымдарға тән нысанды қайталайтын, бірақ басқа техникалық негізде орындалған;

ұқсас сыртқы түрі бар, әртүрлі мақсаттағы екі объектінің танымалдығында белгілі объекттерден алынған сыртқы түрі;

олардың сыртқы түрін өзгертпестен белгілі бөлек бұйымдардан жасалған жиынтықта.

139. Өтінімнің мәні бойынша сараптамасын жүргізу кезеңінде сараптама ұйымы өтінім берушіден оларсыз сараптама жүргізу мүмкін болмайтын қосымша материалдарды сұратуға құқылы.

Бейнеде көрініс тапқан елеулі белгіні сәйкестендіру мүмкін болмағанда сараптама ұйымы өтінім берушіден өнеркәсіптік үлгінің бейнелері мен сипаттамасы негізінде осындай белгінің түсініктемесін сұратады.

140. Сараптама ұйымының сұрау салуы бойынша қосымша материалдар сұрау салу жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпей ұсынылады.

Мерзім тиісті ақы төленген жағдайда ұзартылады, бірақ ол үш айдан аспауға тиіс.

Өтінімге сараптама жасау сұрау салуға жауап алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхатты өтініш беруші қосымша материалдармен немесе оларды ұсыну мерзімін ұзарту туралы өтінішхатпен бір мезгілде береді.

Ескерту. 140-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

141. Қосымша материалдар, өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлікте, өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды және өтінім берудің өзіндік өтінім ретінде ресімделеді, бұл туралы өтінім берушіге осы факті белгіленген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жолданады.

142. Сарапшының сұрақтары, ескертулері және дәлелді ұсыныстары сілтемелер бар сұрау салуда қалыптастырылады, қажет болғанда, көркем құрастыру мәселелері бойынша әдебиетке, ғылыми-техникалық әдебиетке, заңнама қағидаларына.

143. Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылған материалдарды немесе мерзімді ұзарту туралы өтінішхатты ұсынбаса, өтінім кері қайтарып алынған болып есептеледі және ол бойынша іс жүргізу Заңның 24-бабының 8-тармағына сәйкес жалғастырылады, бұл туралы өтінім берушіге белгіленген мерзімдер аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Сараптаманың мерзімі сараптаманың сұрау салуына қажетті жауап алынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144. Өтінімнің мәні бойынша сараптама нәтижесінде сараптама ұйымы мәлімделген ұсыныс өтінім берушінің бұйымның сыртқы түрінде көрініс тапқан өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілерінің жиынтығымен анықталатын, сұратылған құқықтық қорғау көлемі өнеркәсіптік үлгінің (егер өнеркәсіптік үлгілеп тобы мәлімделген болса, онда әрбір өнеркәсіптік үлгі тобы) патент қабілеттілігі шарттарына, нақтырақ айтқанда жаңалыққа және бірегейлікке, сәйкес келетінін белгілейтін болса, онда сараптама ұйымының белгіленген басымдығын көрсетумен патентке оң қорытындысы беріледі.

145. Заңның 24-бабы 5-тармағына сәйкес өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешім негізінде сараптама ұйымы шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінім берушіге сараптама ұйымының қорытындысын және қорғау құжатын бергені үшін баж салығын төлеу қажеттігі туралы хабарлама жолдайды.

Өтінім берушіге патент беру туралы шешімді жолдаған күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама ұйымына патентті беруге және жариялауға дайындау үшін тиісті ақыны төлеуді растайтын құжатты ұсынады.

Көрсетілген құжатты ұсынбаған кезде ақы төлеу мерзімі Заңның 24-бабы 5-тармағына сәйкес өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіруге ақы төлеу туралы құжатты ұсынған кезде үш ай ішінде қалпына келтіріледі.

146. Ондай болмаған жағдайда өтінім кері қайтарылып алынған болып есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтінім берушіге қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай ішінде хабарланады.

147. Мәлімделген өнеркәсіптік үлгінің өтінім беруші сұратқан құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіптік үлгінің патент қабілеттілігі шарттарына сәйкес келмейтіндігі белгіленген кезде өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

148. Патент беруден бас тарту туралы шешім сонымен қатар өтінім өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалмайтын объектке жатқызылатын немесе оларға қатысты қарау

Заңның 24-бабы 6-тармағына сәйкес өнеркәсіптік үлгінің бірлігі талаптарын бұзумен байланысты жүргізілмеген болса шығарылады.

149. Өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылғаннан кейін өтінім берушіге анықталған жақын аналогтың көшірмесін қоса берумен өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы сараптама қорытындысы жолданады.

150. Сараптама қорытындысының нысандарын сараптама ұйымы анықтайды.

4-тарау. Өнеркәсіптік меншік объектілерінің өтінімдерін қарастыру бойынша басқа да сұрақтар

151. Сараптама ұйымымен хат алмасы.

Өтініш беруші немесе уәкілетті өкіл әрбір өтінім бойынша хаталмасуды дербес жүзеге асырады.

Өтініш бергеннен кейін жіберілген материалдар оның нөмірін және өтініш берушінің қолын (егер өтініш берушілер бірнеше болса, онда олардың әрқайсысының қолы) немесе оның (олардың) өкілін қамтуға тиіс.

Егер өтініш беруші заңды тұлға болса, өтінішке ұйым басшысына немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген басқа тұлғаға оның лауазымын көрсете отырып қол қоюға, қол қою осы заңды тұлғаның мөрімен (ол болған жағдайда) расталады.

Өтінімнің нөмірі көрсетілмеген материалдар қараусыз қайтарылады.

Өтініште өндіріс процесінде жіберілген материалдар Заңда белгіленген мерзімде беріледі.

Сараптамалық ұйымның барлық шығыс хат-хабарлары тек бір мекенжайға жіберіледі, бұл ретте: егер өтінімнің "хат-хабар үшін" мекенжайы өтінім берушінің немесе өтініш берушілердің біреуінен басқа хат алмасу мекенжайын көрсетсе, егер олар бірнеше болса немесе өтініш берушінің (өтініш берушілердің) өкілінің мекенжайы, хат-хабар өтінім берушінің атына осы мекенжайға жіберіледі немесе өтініш берушінің атына бірінші рет өтініш берушінің атына бірнеше үміткер болса, ал егер де барлық өтініш берушілер Қазақстан Республикасының аумағында тұрса немесе орналасқан болса, содан кейін - бірінші болып көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе тұрып жатқан өтініш берушінің атына жолданады.

Өтініштің "хат алмасу үшін" мекенжайы толтырылмаса, егер барлық өтінім берушілер немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұрмаған жағдайда өтініш берушінің мекенжайына немесе егер өтініш берушілер бірнеше болған жағдайда бірінші үміткерге немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе аумағында болып табылатын бірінші өтініш берушіге жіберіледі.

Сараптама ұйымы өтінімдерді қазақ немесе орыс тілдерінде жүргізіледі. Өтінім берушінің басқа тілде ұсынған материалдарына олардың қазақ немесе орыс тіліне аудармасы қоса беріледі.

Басқа тілде ұсынылған материалдар аударуды белгіленген мерзімде ұсынғанға дейін өтінім берушіге құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарланатын болады.

Сараптама ұйымына оқылуы қиын, дұрыс рәсімделмей ұсынылған материалдар қарастырылмайды. Осындай материалдарды алған тұлғаға мұндай материалдарды алған күннен бастап бір ай ішінде тиісті хабарлама етіледі.

Факсимильді байланыспен жіберілген өтініштің материалдарының түпнұсқалары олар алған күннен бастап бір ай ішінде, бұрын алынған материалдарды анықтайтын жабық хатпен ұсынылады. Егер бұл шарт орындалса, материалдарды қабылдау күні - бұл факс арқылы алынған күн болып есептеледі.

Егер материалдардың түпнұсқалары белгіленген мерзімнен кейін немесе факспен алынған материалдармен сәйкес келмеген болса, материалдар түпнұсқаларының келіп түскен күннің алынған болып саналады, ал факспен жіберілген материалдардың мазмұны алдағы уақытта ескерілмейді.

Түпнұсқаларды ұсынғанға дейін факс арқылы жіберілген өтінімге қатысты материалдар алынбаған болып саналады. Егер факспен немесе оның бір бөлігімен түскен өтінімнің кез-келген материалы оқылмайтын немесе алынбаған болса, тиісті материалдар түпнұсқалардың келіп түскен күнімен саналады. Материалдардан өтінім беруші оқылмайтын бөлікті алып тастаған жағдайда, факспен алынған күн болып есептеледі.

151-1. Өтінімді электрондық форматта беру кезінде сараптама ұйымымен хат алмасуды жүргізу.

Өтінім электрондық түрде берілген жағдайда, өтінім бойынша хат алмасу сараптама ұйымының www.kazpatent.kz сайтындағы "Жеке кабинет" арқылы жүзеге асырылады. Жауаптар, өтінішхаттар, қосымша және өзге де материалдар өтінім беруші немесе оның өкілі тарапынан "Жеке кабинетте" электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат нысанында орналастырылады.

Сараптама ұйымының сұрау салуын, хабарламасын немесе шешімін жіберу күнінен бастап есептелетін мерзімдер олардың "Жеке кабинетте" орналастырылған күнінен бастап есептеледі. Сараптама ұйымының шешімдері, сұрау салулары, хабарламалары және өзге де құжаттары өтінім берушіге электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберілуі мүмкін.

Ескерту. 151-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

152. Өтініш берушінің бастамасы бойынша құжаттарды түзету.

Заңның 21-бабына сәйкес өтініш беруші өтінімге қатысты тиісті шешім қабылданғанға дейін өтінім құжаттарына түзетулер мен нақтылаулар енгізуге құқылы.

Өтінім құжаттарын түзету және нақтылау, ауыстыру парақтарын беру арқылы жүзеге асырылады. Ауыстыру парағы тиісті құжаттың әрбір көшірмесіне қазақ немесе орыс тілдерінде немесе құжаттың қазақ немесе орыс тіліне аударылуы үшін беріледі. Өзгерістер енгізілгеннен кейін, ауыстыру парағындағы мәтін толық емес бетті немесе бір бетті өз шегінен асатын мәтінді алады, сонымен қатар келесі парақтарды ауыстыруды қамтамасыз ету қажет.

Ауыстыру парақтарын ұсынған кезде ауыстыру парақтарына ұсынылған өзгерістер туралы қысқаша түсініктеме беріледі. Өтініш берушінің бастамасы бойынша өзгертулер енгізілсе, түсініктемелер өтініш берушінің хатында беріледі.

Заңның 21-бабының 1-тармағына сәйкес өтініш берушінің бастамасы бойынша өтінім келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде өзгертулер енгізілгені үшін комиссия алынбайды.

Егер түзетулер қателіктерге байланысты болса, библиографиялық деректерді көрсетудегі қателіктер және құжат түзету тікелей түзетуге қатысты айқындыққа қатысты теріс салдарларға әкеп соқтырмайды, түзету қажеттілігі өтініш берушінің хатында алмастыратын парақтар бермей көрсетіледі.

Өтініш берушінің өкілі, өтініш берушінің аты-жөні заңды тұлғаның және (немесе) өтініш берушінің мекенжайын қайта ұйымдастыру нәтижесінде туындаған адамның аты-жөніне қатысты өзгертулер, сондай-ақ патент беруге арналған өтінімде көрсетілген хат-хабарлар жөніндегі өтініш берушінің жазбаша өтініші бойынша өтініш берушінің тіркеу нөмірін көрсете отырып, өтініш берушінің және (немесе) оның мекенжайының атын немесе атауын өзгерткенін растайтын құжат және Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес төлем туралы құжат қоса беріледі

Өтініш берушінің атауын алу құқығын немесе өтініш берушінің атауын өзгерту нәтижесінде, сондай-ақ өтініш құжаттарында техникалық қателерді түзету кезінде өтінім берушінің нұсқауына қатысты өзгерістер Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес тиісті мемлекеттік тізілімде өнеркәсіптік меншік объектісін тіркеу күніне дейін жүргізіледі.

Түзетулер анық болып табылады, егер жалпыға мәлім білімнен маман үшін, яғни ұсынылған түзетулерден өзге ештеңе жасалмауы керек.

153. Авторлар құрамын өзгерту арқылы патент беру туралы өтінімде көрсетілген автордың құрамына кіру немесе құрамынан шығарылу түсінігі кіреді.

Авторлардың құрамындағы өзгерістер осы Қағиданың талаптарына сәйкес берілген патент беру туралы жаңа өтінім беру жолымен қабылданады.

Патент беру туралы жаңа өтініммен бір мезетте өтінімдерді берудің санын және күнін көрсете отырып, авторлардың құрамына ерікті нысанда тиісті өзгерістер енгізу туралы қолдау хат беріледі.

Қолдаухатқа өтініш беруші қол қояды, ал авторлар мен алып тасталған автордан (үкіметаралық келісімдерге сәйкес ұсынылған өтініштер бойынша ұлттық авторлар және өтінім бойынша авторлар үшін ғана) нотариат куәландырылған қолы болуы керек.

Шығарылған автордың келісімі өтінімді тіркеудің нөмірі мен күнін көрсете отырып, жеке хат түрінде рәсімделеді.

Егер авторлар патент беру туралы жаңа өтінім беру күніне авторлардың тізіміне енгізілген болса, бұрын берілген өтінімде көрсетілген автордың қолтаңбасын алуға болмайды, онда келесі қолдаухатпен қоса, жазбаша рәсімделген келісім қоса тіркеледі:

автор қайтыс болған немесе оны өлді деп таныған жағдайда, оның атынан өзгерістер енгізу туралы келісімге мұрагерлік құқығы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсыну арқылы мұрагерлік құқығын заңды түрде растауға тиіс мұрагер қол қояды;

автордың шетелге шығуы жағдайында оның атына өзгерістер енгізу туралы келісімге мұндай құқықты куәландыратын патенттік сенім білдірілген өкілдің атына сенімхаты бар сенім білдірілген тұлға қол қояды.

автордың тұрғылықты жері туралы ақпарат болмаған және оларды алу мүмкін еместігі туралы соттың оны 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық кодекс) 28-бабына сәйкес жоғалған деп тануы мүмкін, ал мүдделі тұлға авторды жоғалған деп тану туралы соттың шешімінің көшірмесін ұсынады;

егер автордың қабілеттігі шектеулі немесе қабілетсіз деп танылса, оның атынан өзгерістер енгізу туралы келісімге қамқоршы немесе қорғаншы қамқоршылық немесе қамқоршылық белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесімен қол қояды.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұратын азаматтар және шетелдік заңды тұлғалар патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы авторлардың құрамына өзгерістер енгізу туралы құжаттарды, ал патенттік сенім білдірілген өкілдің атына берілген сенімхат осы шараларды орындауды қамтиды.

Авторлардың құрамындағы өзгерістер -тінішті алған күннен бастап екі ай өткеннен кейін өзгерістер енгізу үшін төлемді растайтын құжат болған жағдайда жүргізіледі.

Егер құжаттар болмаса және (немесе) ұсынылған құжаттар осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда, өтініш берушіге хабарламаны жіберген күннен бастап үш ай ішінде жоғалған немесе түзетілген құжаттарды тапсыру ұсынылады.

Егер талап етілетін құжаттар ұсынылмаған болса, жаңа өтінім берілмеген болып есептеледі және өзгерістер енгізілмейді, бұл туралы өтініш берушіге қажетті материалдарды беру мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарланады.

154. Өтініш берушілердің құрамын өзгерту арқылы өтінім берушілердің құрамындағы қосымша тұлғаны енгізген жағдайда, өтініш берушілердің құрамынан

шығарылғаны, сондай-ақ патент алуға құқықты беру кезінде өтініш берушілерді көрсетумен байланысты өзгеріс түсініледі.

Заңның 21-бабының 1-тармағының негізінде өтініш берушілердің құрамына өзгертулер енгізу туралы қолдаухатты өтінім бойынша тиісті шешім қабылданғанға дейін, патент беру туралы жаңа өтініш беру арқылы, сондай-ақ өзгерістер енгізу үшін төлемді растайтын құжат табыс етіледі.

Патент беру туралы жаңа өтініммен бір мезгілде өтініш берушілердің құрамына өтінімді тіркеудің санын және күнін, сондай-ақ сұратылатын өзгерістердің себептерін және қолдаушы құжаттарды көрсете отырып, ерікті нысанда тиісті өзгерістер енгізу туралы қолдаухат беріледі.

Қолдаухатқа патент беруге бастапқы өтінімде көрсетілген (көрсетілген) өтініш беруші (лер) қол қояды. Заңды тұлғаның атынан қолдаухатқа ұйымның басшысы немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттары уәкілеттік берген өзге де тұлға те отырып қол қояды; қолы осы заңды тұлғаның мөрімен куәландырылады.

Өтініште патент алу құқығын тапсырған және алған үміткерлердің қолдары бар. Заңды тұлғаның атынан өтінішке заңды тұлғаның резиденті болып табылатын елінің заңнамасына сәйкес міндетті болған жағдайда ұйымның бірінші басшысымен немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген басқа тұлғаның оның лауазымын көрсете отырып, қолы мөрмен (егер бар болса) қол қойылады.

Алынып тасталған өтініш берушінің - жеке тұлғаның қолтаңбасы нотариалды расталуға тиіс.

Қайтыс болған өтініш берушіге патент беру туралы өтініште көрсетілген өтінішті ауыстырған кезде, қолдаухат бойынша мұрагердің мұрагерлікке құқығының куәлігінің нотариат куәландырған көшірмесін табыс ету арқылы мұрагерлік құқығын заңды түрде растауға тиіс аталған мұрагердің қол қоюы талап етіледі.

Егер патент беруге арналған жаңа өтінім болмаған жағдайда, бұрын берілген өтінімде көрсетілген өтініш берушінің қолын алу мүмкін болмаса, қолдаухатқа жазбаша келісім қоса беріледі.

Өтініш беруші қайтыс болса немесе оны өлді деп жариялаған жағдайда мұрагер оның мұрагерлік құқығына арналған куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін ұсыну арқылы өз атынан өзгерістер енгізуге келісім береді.

Өтініш берушінің шетелге кетуі жағдайында оның атынан өзгерістер енгізу туралы келісімге уәкілетті өкіл қол қояды, ол тиісті құқықты куәландыратын құжатты табыс етеді.

Мұндай құжат уәкілетті органда тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілдің атына немесе Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінде заңдастырылған өзге тұлғаға берілген сенімхат бойынша, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында немесе өзара қарым-қатынас жағдайында талап етілмесе, дәлелді көрсете отырып, сенімхат болып табылады.

Автордың тұрғылықты жері туралы ақпарат болмаған және оларды алу мүмкін емес, әрі Азаматтық кодексінің 28-бабына сәйкес сот арқылы хабар-ошарсыз жоқ деп танылса, және мүдделі тарап өтініш берушіні жоқ деп тану туралы сот шешімі көшірмесін ұсынады.

Егер өтініш беруші әрекетке қабілетсіз немесе әрекетсіз деп танылса, оның атынан өзгерістер енгізу туралы келісімге қамқоршы немесе қорғаншы қамқоршылық немесе қамқоршылық белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесімен қол қояды.

Заңды тұлғаны қайта құру (біріктіру, бөлу, бөліну, қайта құру) нәтижесінде өтініш берушілердің құрамына өзгертулер енгізген кезде қолдаухат пен жаңа өтінішке оның құқық мирасқоры құқықтардың осы түрінің (бөліну балансынан немесе аударым актісінен үзінді) сәйкестігін растайтын құжатты ұсынумен қол қояды.

Заңды тұлғаны жоюға байланысты өзгерістер енгізілген жағдайда, өтінішке және жаңа өтінішке құқықтарды беруді растайтын құжатты берген кезде тиісті құқықтар берілген тұлға қол қояды.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұратын азаматтар және шетелдік заңды тұлғалар уәкілетті органда тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы өзгерістер енгізу туралы құжаттарды, ал патенттік сенім білдірілген өкілдің атына берілген сенімхат осы іс-шараларды орындау жөніндегі нұсқаулықты қамтуы тиіс.

Егер өтінім берушілер құрамының өзгергені өтінімді алған күннен бастап екі ай өткен соң жасалса, патент беруге өтінімге төлем туралы құжат қоса беріледі.

Егер құжаттар және/немесе ұсынылған құжаттар осы тармақтың талаптарын қанағаттандырмаса, өтініш беруші хабарламаны жіберген күннен бастап үш ай ішінде жоғалған немесе түзетілген құжаттарды тапсыру ұсынылады.

Егер талап етілетін құжаттар ұсынылмаған болса, жаңа өтінім берілмеген болып есептеледі және өзгерістер енгізілмейді, ол туралы өтінім берушіге белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлама жолданады.

155. Өтініш беруші (оның өкілі) өзі ұсынған өтініммен және оған байланысты материалдармен тікелей сараптама ұйымыда сараптама жүргізудің күні мен уақыты туралы, сондай-ақ қолдаухат арқылы жолданған өтінімнің көшірмесі, оған байланысты материалдар немесе олардың бөліктері туралы өтініммен танысуға құқылы.

156. Заңның 22-бабының 12-тармағына және 24-бабының 7-тармағына сәйкес өтініш беруші сараптама ұйымынан қолдаухатта көрсетілген материалдардың көшірмелерін, сараптамалық ұйымның қорытындысын немесе ақпаратты іздеу туралы есепті сұрауға құқылы. Патенттік материалдардың көшірмелері өтініш берушінің қолдаухатын алған күннен бастап бір ай мерзімде жіберіледі.

157. Сұратылған құжаттарды және қосымша материалдарды тапсыру мерзімін ұзарту:

1) Заңның 22-бабының 13-тармағына сәйкес өтініш берушінің сұратылған құжаттарды және қосымша материалдарды тапсырудың соңғы мерзімі тиісті қолдаухат пен ұзарту үшін төлемдер берілгеннен кейін ұзартылады;

2) бұл мерзім сараптама ұйымымен оның қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылады;

3) мерзімін ұзарту туралы қолдаухат өтінім берушіге өтініш берген күннен бастап үш ай ішінде немесе өтінішке қарама-қарсы келіп түскен материалдардың көшірмелерін жіберген күннен бастап еркін нысанда Заңның 22-бабының 8-тармағына сәйкес өтініш беруші сараптама ұйымының өтінішін жіберген күннен бастап екі ай ішінде жолданады.

4) өтініш берушіге сұратылған құжаттарды және қосымша материалдарды беру мерзімі ұзартылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұзартуға тиісті хабарлама жіберіледі;

5) егер қолдаухат беру мерзімі сақталмаса және ұзарту үшін төлемді растайтын құжат табыс етілмеген жағдайда қолдаухат қанағаттандырылмайды, және ол туралы өтініш берушіге белгіленген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

158. Заңның 27-бабына сәйкес өтініш беруші Өнеркәсіптік меншік объектісін тіркеуге дейін ұсынылған өтінімді Қазақстан Республикасының тиісті Мемлекеттік тізілімінен алып тастайды.

Өтінімді еркін нысанда қайтарып алуға өтінім өнеркәсіптік меншік объектісін Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік тізіліміне тіркелген күннен кешіктірілмей табыс етіледі.

Егер мұндай өтінім белгіленген мерзімде берілсе, өтінім берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қайтарып алу туралы хабарлама жолданады.

Өтінішті қайтарып алу туралы хабарлама өтініш берушіге жіберілгеннен кейін, осы өтініш бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

Алынған арызда ешқандай құқықтық салдар болмайды, әрі оған заңдық жағынан маңызы жоқ іс-шаралар қабылданбайды және болашақта өтініш берушінің құқықтары осы өтінімге негізделмейді. Қайтарып алынған өтінім өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілігінің шарттарын сақтауға қатыспайды.

Өтініш берушінің өтінімін қайтарып алу туралы хабарлама түскеннен кейін өтінішті қайтарып алу туралы өтініштің күшін жою туралы өтініші қанағаттандырылмайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өнеркәсіптік меншік
объектілеріне арналған
өтінімдерге сараптама
жүргізу қағидаларына

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Келіп түскен күні	(85) Халықаралық өтінімді ұлттық фазаға ауыстыру күні	(21) Тіркеу №	(22) Берілген күні
<p>(86) алушы ведомство белгілеген халықаралық өтінімді тіркеу нөмірі және халықаралық өтінімді берген күні</p> <p>(87) халықаралық өтінімнің нөмірі және халықаралық жарияланған күні</p> <p>(96) алушы ведомство белгілеген еуразиялық өтінімнің нөмірі және өтінімді берген күні</p> <p>(97) еуразиялық өтінімнің нөмірі және жарияланған күні</p>			
Өнертабысқа Қазақстан Республикасының патентін беру туралы ӨТІНІШ			
Төменде көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, өтінім иесінің (иелерінің) атына өнертабысқа Қазақстан Республикасының патентін беруді сұраймын (сұраймыз)			Стандарт бойынша елдің коды ДЗМУ ST.3 (егер қондырылған болса)
(71) Өтінім иесі (иелері): (Толық аты немесе атауы және тұратын немесе болатын жері көрсетіледі. Өтінім иелері-авторлардың тұрғылықты жері (72) коды бар бағанның тұсындағы бағанда келтіріледі)			
Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер, БСН нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) немесе жеке кәсіпкер, ЖСН нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) (Қазақстан Республикасының өтініш берушілері үшін) Жеке басын куәландыратын құжаттан мәліметтер, ЖСН нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) – жеке тұлға үшін (Қазақстан Республикасының өтініш берушілері үшін)			
Өтінімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – "ҰЗМИ" РМК) берген күннен ертерек күн бойынша басымдық сұралған кезде ғана толтырылады Өнертабыстың басымдылығын күні бойынша белгілеуіңізді сұраймын (сұраймыз): Бірінші өтінімді (өтінімдерді) Париж конвенциясына қатысушы мемлекетке беру (Заңның 20-бабы 2-т.) Заңның 20-б. 4-т. сәйкес бұрынғы өтінімді "ҰЗМИ" РМК-на беру күні Заңның 20-б. 5-т. сәйкес бастапқы өтінімді "ҰЗМИ" РМК-на беру күні бастапқы өтінімнің басымдылығы(Заңның 20-б. 5-т.) (өтінімнің нөмірі _____, өтінімді берген күні _____) бұрынғы өтінімге қосымша материалдардың түсуі (Заңның 20-б. 3-т.)			
(31) Бірінші, бұрынғы, бастапқы өтінімнің №	(32) Басымдық сұралған күн	(33) ST.3 бойынша берген елдің коды (конвенциялық басымдылық сұралған жағдайда)	
(54) Өнертабыстың атауы			
Хат алмасу үшін мекен-жай (толық пошталық мекен- жай және адресаттың аты)			
Телефон:	Мобильдік телефон:	Факс:	Электрондық пошта адресі:
(74) Патенттік сенім білдірілген өкіл (толық аты, тіркеу нөмірі) немесе өтінім иесінің (иелерінің) өкілі (толық аты немесе атауы, мекен- жайы)			

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі	1 данадағы парақ саны	Дана саны	("ҰЗМИ" РМК мөртаңбасы орны)
өтінімге қосымша			
өнертабыстың сипаттамасы			
өнертабыстың формуласы			
сызулар және өзге материалдар			
реферат			
өтінім беруге төлем туралы құжат			
төлем мөлшерін азайтуға негіз барын растайтын құжат			
бірінші өтінімнің (өтінімдердің) көшірмелері (конвенциялық басымдылық сұралған жағдайда)			
өтінімнің шет тіліндегі құжаттары			
патенттік сенім білдірілген өкілдің немесе өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат			
басқа құжат (көрсетілсін)			
Формуламен жариялау үшін ұсынылатын сызбалар фигурасының № (рефератпен)			
(72)Автор(-лар) (толық аты көрсетіледі)	Елдің атауы және белгіленген болса, ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша оның кодын қоса алғанда тұратын жерінің толық пошталық мекен- жайы		
Мен (біз) _____ (аты- жөні , тегі)			
Патентті беру туралы мәліметтерді жариялау кезінде мені (бізді) автор (-лар) ретінде көрсетпеуді сұраймын (сұраймыз)			
Автордың (авторлардың) қолы (қолдары):			
Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.			
Қолы			
Өтінім иесінің (иелерінің) қолы (қолдары) (заңды тұлға атынан қол қойған жағдайда басшының қолы мөрмен бекітіледі)			

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өнеркәсіптік меншік
объектілеріне арналған
өтінімдерге сараптама
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Келіп түскен күні	(85) Халықаралық өтінімді ұлттық фазаға ауыстыру күні	(21) Тіркеу №	(22) Берілген күні
<p>(86) алушы ведомство белгілеген халықаралық өтінімді тіркеу нөмірі және халықаралық өтінімді берген күні</p> <p>(87) халықаралық өтінімнің нөмірі және халықаралық жарияланған күні</p> <p>(96) алушы ведомство белгілеген еуразиялық өтінімнің нөмірі және өтінімді берген күні</p> <p>(97) еуразиялық өтінімнің нөмірі және жарияланған күні</p>			
ӨТІНІШ Пайдалы модельге Қазақстан Республикасының патентін беру туралы			
Төменде көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, өтінім иесінің (иелерінің) атына пайдалы модельге Қазақстан Республикасының патентін беруді сұраймын (сұраймыз)		Стандарт бойынша елдің коды ДЗМҰ ST.3 (егер қондырылған болса)	
(71) Өтінім иесі (иелері): (Толық аты немесе атауы және тұратын немесе болатын жері көрсетіледі.			
Өтінім иелері-авторлардың тұрғылықты жері (72) коды бар бағанның тұсындағы бағанда келтіріледі)			
<p>Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер, БСН нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) немесе жеке кәсіпкер, ЖСН нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) (Қазақстан Республикасының өтініш берушілері үшін)</p> <p>Жеке басын қуәландыратын құжаттан мәліметтер, ЖСН нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) – жеке тұлға үшін (Қазақстан Республикасының өтініш берушілері үшін)</p>			
<p>Өтінімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынына (бұдан әрі – "ҰЗМИ" РМК) берген күннен ертерек күн бойынша басымдық сұралған кезде ғана толтырылады</p> <p>Пайдалы модельдің басымдылығын күні бойынша белгілеуіңізді сұраймын (сұраймыз):</p> <p>Бірінші өтінімді (өтінімдерді) Париж конвенциясына қатысушы мемлекетке беру (Қазақстан Республикасы Патент заңының 20 бабы 2 тармағы) (әрі қарай - Заң)</p> <p>Заңның 20 бабы 4 тармағы сәйкес бұрынғы өтінімді ҰЗМИ-ға беру күні</p> <p>Заңның 20 бабы 5 тармағы сәйкес бастапқы өтінімді ҰЗМИ-ға беру күні</p> <p>бастапқы өтінімнің басымдылығы (Заңның 20 бабы 5 тармағы)</p> <p>бұрынғы өтінімге қосымша материалдардың түсуі (Заңның 20 бабы 3 тармағы)</p>			
(31) Бірінші, бұрынғы, астапқы өтінімнің №	(32) Басымдық сұралған күн	(33) ST.3 бойынша берген елдің коды (конвенциялық басымдылық сұралған жағдайда)	
(54) Пайдалы модельдің атауы			
Хат алмасу үшін мекен- жай (толық пошталық мекен- жай және адресаттың аты)			

Телефон:	Мобильдік телефон:	Факс:	Электрондық пошта адресі:
----------	--------------------	-------	------------------------------

(74) Сенімді патент өкілі (толық аты, тіркеу нөмірі, мекен-жайы) немесе өтінім иесінің (иелерінің) өкілі (толық аты немесе атауы, мекен-жайы)

Қосымша берілетін құжаттардың тізбесі	1 данадағы парақ саны	Дана саны	("ҰЗМИ" РМК мөртанбасы орны)
өтінімге қосымша			
пайдалы модель сипаттамасы			
пайдалы модель формуласы			
сызулар және өзге материалдар			
реферат			
өтінім беруге төлем туралы құжат			
төлем мөлшерін азайтуға негіз барын растайтын құжат			
бірінші өтінімнің (өтінімдердің) көшірмелері (конвенциялық басымдылық сұралған жағдайда)			
өтінімнің шет тіліндегі құжаттары			
патенттік сенім білдірілген өкілдің немесе өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат			
басқа құжат (көрсетілсін)			

Формуламен жариялау үшін ұсынылатын сызбалар фигурасының № (рефератпен)

(72)Автор(-лар) (толық аты көрсетіледі)	Елдің атауы және белгіленген болса, ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша оның кодын қоса алғанда тұратын жерінің толық пошталық мекен-жайы
---	---

Мен (біз) _____ (аты- жөні, тегі)
пайдалы модельге патент беру туралы мәліметтерді жариялау кезінде мені (бізді) автор (-лар) ретінде көрсетпеуді сұраймын (сұраймыз)
Автордың (авторлардың) қолы (қолдары):

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қолы

Өтінім иесінің (иелерінің) қолы (қолдары) (заңды тұлға атынан қол қойған жағдайда басшының қолы мөрмен бекітіледі)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өнеркәсіптік меншік
объектілеріне арналған
өтінімдерге сараптама
жүргізу қағидаларына
3-қосымша
Нысан № 1-ӨҮ

Кіріс нөмірі №	(21) Тіркеу №	(22) Берілген күні
Түскен күні		Басымдығы
Өнеркәсіптік үлгіге Қазақстан Республикасының патентін беру туралы ӨТІНІШ		Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің " Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК-на Корғалжын тас жолы, 3Б ғимараты, Астана қ., 010000
Төменде көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, өтінім берушінің (берушілердің) атына Қазақстан Республикасының патентін беруді сұраймын (сұраймыз). (71) Өтінім беруші (берушілер) (Толық аты немесе атауы және тұрғылықты жері немесе орналасқан жері көрсетіледі. Өтінім иелері-авторлардың тұрғылықты мекенжайы туралы деректер 97 коды бар бағанда көрсетіледі)		ДЗМҮ ST.3 стандарты бойынша елдің коды (егер ол белгіленген болса)
<p>"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК өтінім берілген күннен ертерек басымдық сұралған кезде ғана толтырылады.</p> <p>Өнеркәсіптік үлгінің басымдығын күні бойынша белгілеуіңізді сұраймын (сұраймыз).</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>Париж конвенциясына қатысушы мемлекетке бірінші өтінімді (өтінімдерді) беру (Заңның 20-бабы 2-тармағы)</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>Заңның 20-бабының 4-тармағына сәйкес "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК неғұрлым ерте берілген өтінімді беру</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК бастапқы өтінімді беру</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>(өтінім нөмірі _____, берген күні _____)Неғұрлым ерте берілген өтінімдерге қосымша материалдардың түсуі (Заңның 20-бабы тармағы)</p>		
Бірінші, неғұрлым ерте берілген, бастапқы өтінімнің №	басымдық сұралған күн	(33) ST.3 бойынша берген елдің коды (конвенциялық басымдық

			сұралған кезде)
(54) Өнеркәсіптік үлгінің атауы			
(98) Хат-хабар алмасуға арналған мекенжай (толық пошталық мекенжайы және адресаттың аты-жөні) Телефон: Ұялы телефон: Факс:			
(74) Патенттік сенім білдірілген өкіл (толық атауы, тіркеу нөмірі, мекенжайы) немесе өтінім берушінің (берушілердің) өкілі (толық аты немесе атауы, мекенжайы)			
Қоса берілетін құжаттар тізбесі	1 данадағы парак саны	Дана саны	Өтінім беруге және патент алуға құқықтың туындау негізі (құжатты ұсынусыз): заңның 10-бабының 2-тармақтарының талаптары сақталған және өтінім иесі жұмыс беруші болып табылады жұмыс берушінің немесе оның құқықтық мирасқорының құқықтарды беруі автордың немесе оның құқықтық мирасқорының құқықты қайта беруі мирасқорлық құқық ("Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК мөртаңбасының орны)
өтінішке қосымша			
өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасы			
бұйым кескіндемесінің жиынтығы			
сызба (лар) және өзге де материалдар			
өтінімді берудің төлемі туралы құжат			
төлем мөлшерін азайтуға негіздің бар-жоғын растайтын құжат			
бірінші өтінімнің (өтінімдер) көшірмесі (көшірмелері) (конвенциялық басымдық сұралған кезде)			
өтінімнің шетел тіліндегі құжаттары			
патент сенім білдірілген өкілдің немесе өкілдің уәкілеттілігін растайтын сенімхат			
басқа да құжат (көрсетілсін)			
(72) Автор (лары) (толық аты көрсетіледі)	(97) Елдің атауы және егер ол белгіленген болса, ДЗМҰ ST .3 стандарты бойынша оның кодын қоса алғанда, тұрғылықты жерінің толық пошталық мекенжайы		Патентті алу құқығын қайтадан берген автор (лар) - өтінім беруші (лер) және /

немесеавтор (лардың) қол (дар)ы

Мен (біз) _____

(Тегі Аты Әжесінің (бар болса)

патент беру туралы мәліметтерді жариялау кезінде мені (бізді) автор (лар)ы ретінде көрсетпеді сұраймын(мыз).

Автор (лар) дың қол (дар) ы: _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қолы

Автор (лар) болып табылмайтын өтінім иесінің (иелерінің) қолы (қолдары), қол қойылған күні (заңды тұлғаның атынан қол қойған кезде басшының қолы мөрмен бекітіледі)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылдың 29 тамыздағы
№ 1349 бұйрығының
3-қосымшасы

Тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауар шығарылған жерлердің атауларына өтінімдерге сараптама жүргізу қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауар шығарылған жерлердің атауларына өтінімдерге сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 3-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының бірінші абзацына сәйкес әзірленді және алдын ала сараптаманы, толық сараптаманы және сараптаманы қамтитын тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Париж конвенциясы - Өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау жөніндегі 1883 жылдың 20 наурызында қабылданған және әрі қарай енгізілген өзгерістер мен толықтырулары бар Париж конвенциясы;

2) Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының Халықаралық бюросы - зияткерлік меншік саласында халықаралық саясатты және мемлекеттердің ынтымақтасуын қамтамасыз етіп, реттейтін халықаралық ұйым;

3) қорғаудан шығарылған элементтер (дискламация) - тауар таңбасына белгінің қорғауға жатпайтын элементтерін қорғаудан шығара отырып қорғауды ұсыну;

4) дәрілік заттардың халықаралық патенттелмейтін атаулары (бұдан әрі - ХПА) - Дүниежүзілік халықаралық денсаулық сақтау ұйымымен ұсынылған және ХПА тізіміне енгізілген, дүние жүзінде қабылданып, қоғамдық меншікке айналған қолданыстағы дәрілік заттың заттегінің ерекше атауы;

5) сараптама ұйымы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйым;

6) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

7) Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныптамасы (бұдан әрі - ТКҚХС) - 1957 жылғы 15 маусымда Ницце келісімімен қабылданған, кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген сыныптама;

8) бюллетень - тауар таңбалары мен тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым.

Осы Қағидалардағы тауар таңбасы ұғымына Заңның 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес қызмет таңбасы ұғымы қарайды.

2-тарау. Тауар таңбасына өтінім беру тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Өтінім сараптама ұйымының кеңсесі, сараптама ұйымының ресми сайты www.kazpatent.kz (бұдан әрі – сараптама ұйымының сайты) немесе "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы беріледі.

Өтінім:

өтініш берушіні, сондай-ақ оның орналасқан немесе тұратын мекен-жайын көрсете отырып, белгіге сараптама жүргізу туралы өтініш. Өтінім шетелдік өтінім берушілер тарапынан берілген жағдайда, өтінім берушінің атауы мен мекенжайының транслитерациясы қазақ немесе орыс тілінде толтырылады;

белгіге сараптама жүргізу туралы өтініш, онда өтінім беруші, сондай-ақ оның орналасқан жері немесе тұрғылықты жері көрсетіледі;

мәлімделетін белгі;

ТКҚХС-ға сәйкес тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің тізбесі.

Өтінімге:

сараптама жасау бойынша қызметі үшін төлемді растайтын құжат көшірмесі;
іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда сенімхаттың көшірмесі;

ұжымдық тауар таңбасын өз атына тіркеуге уәкілетті ұйымның атауын, бұл таңбаны тіркеу мақсатын, осы таңбаны пайдалануға құқылы субъектілер тізбесін, ұжымдық тауар таңбасымен белгіленетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен бірыңғай сапасын немесе өзге де сипаттамаларын, оны пайдалану шарттарын, оны пайдалануды бақылау тәртібін, ұжымдық тауар таңбасы жарғысының ережелерін бұзғаны үшін жауаптылықты қамтитын ұжымдық тауар таңбасы жарғысы (ұжымдық тауар таңбасына өтінім берілген жағдайда) қоса берілу тиіс;

жеделдетілген сараптама жүргізу туралы өтінішхат (сұраған кезде).

Өтінім осы Қағидаларға 1-қосымшаға тиісті түрде берілуі тиіс. Қағаз жүзіндегі өтінім екі данада беріледі.

Өтінім беруші сараптаманың кез келген кезеңінде өтінім берілген күннен бастап бес айдан кешіктірмей жеделдетілген сараптама жүргізу туралы өтінішхат жіберуге құқылы.

Өтінішпен бір мезгілде өтінімді жеделдетілген түрде қарау үшін белгіленген төлемді растайтын құжат ұсынылады. Белгіленген төлем болмаған кезде өтінішхат берілмеген болып есептеледі, ол туралы өтінім берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Өтініммен бір мезгілде жеделдетілген сараптама жүргізу туралы өтінішхат берген кезде алдын ала сараптама он жұмыс күні ішінде, толық сараптама өтінім берілген күннен бастап үш ай ішінде жүргізіледі.

Өтінім бергеннен кейін өтініш келіп түскен кезде алдын ала сараптама жеті жұмыс күні ішінде, толық сараптама – өтінішхат берілген және жеделдетілген сараптама жүргізгені үшін ақы төленген күннен бастап бір ай ішінде, сондай-ақ белгіні тауар белгісі ретінде тіркеуге қарсылық беру мерзімі өткен кезде жүргізіледі.

Өтінімнің жеделдетілген сараптамасын есептеу мерзімі сараптаманың сұрау салуы бойынша өтініш берушіден қажетті мәліметтерді алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Өтініш беруші Заңның 13-бабының 4), 5), 7) тармақшаларында көзделген құқықтарды пайдаланған жағдайда жеделдетілген алдын ала және толық сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Белгі бір тауар таңбасына беріледі.

Тауар таңбасы ретінде бейнелеу, сөз, әріп, цифр, көлем белгілері және өзге де белгілер немесе бір тұлғалардың тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғалардың біртектес тауарларынан немесе қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін олардың аралас үлгілері тіркелуі мүмкін.

Тауар таңбасы кез келген бояулы түсте немесе бояулы түстер үйлесімінде тіркелуі мүмкін.

Сөздік белгілерге сөздер, сөздік сипаты бар әріптер тіркесі, сөз тіркестері, сөйлемдер, тілдің өзге бірліктері, сондай-ақ олардың тіркестері жатады.

Әріптік белгілерге әріптер мен әріптер тіркестері, сөздік сипаты жоқ аббревиатуралар жатады.

Цифрлық белгілерге араб, рим цифрлары және олардың тіркестері жатады.

Бейнелеу белгілеріне жазықтықтағы бейнелеу, соның ішінде түрлі тірі тіршілік иелері, өзге объектілер, фигуралар, көркемдік тұрғыдан орындалған қәріптер, сонымен қатар аталған элементтердің түрлі композициялары жатады.

Көлемді белгілерге өзіндік пішіндегі үш өлшемді, пішіндері тек тауарлар функциясымен байланысты емес нысандар жатады.

Аралас белгілерге әртүрлі ауызша, әріптік, цифрлық, графикалық, көлемді және басқа элементтердің комбинациясы жатады.

Заңның 5-бабымен көзделген өзге белгілерге голографиялық, дыбыстық және иіс сезгіш белгілері жатады.

Берілетін белгі 8x8 см форматында тапсырылады. Қағаз жүзіндегі өтінімдегі белгі үш данада тапсырылады.

Егер өтінім электрондық құжат ретінде сараптама ұйымының сайты немесе Портал арқылы берілсе, тапсырылған белгінің суреті оны орнатылған формата басып шығаруға болатындай берілу тиіс.

Сурет нақты, кереғар, көшірме құралдарын пайдалана отырып репродукциялауға болатындай берілу тиіс.

Белгі тауар таңбасы тіркелуге қажет түс немесе түстер үйлесімінде беріледі.

Этикеткалар мен тауар таңбаларының ерекше түрлері 20x20 см-ден аспайтын көлемде берілу тиіс. Аталған көлемнен асса, сурет кішірейтілген түрде беріледі. Қағаз жүзінде этикеткалар үш дана көлемінде беріледі.

Көлемді тауар таңбасына тіркеу сұрастырылса, бұл белгінің жалпы түрінің суретінен (схематикалық, фотографиялық немесе компьютерлік техниканы пайдаланып, графикалық редакторда орындалған) басқа, тапсырылған белгі турал елестердің толықтығын қамтамасыз ететін, белгінің түрлі ракурсындағы суреттері беріледі.

Егер голографиялық тауар таңбасын тіркеу сұрастырылса, өтінімге голографиялық әсерді (суреттердің шағылуын бақылау, жарықтылығы мен кереғарлығының өзгеруі), голографиялық белгіні түрлі бағыттары жағынан, соның ішінде перпендикуляр түрінде және перпендикуляр бағытында жоғары және төмен бұрышы жағынан, нақты ашатын бірнеше суреттер беріледі.

Еге голографиялық белгіде объектілер суреттері өзгертін болса, әр объектінің суреті беріледі.

Егер дыбыстық тауар таңбасын тіркеу сұрастырылса, өтінімге оның цифрлық нұсқада оның ноталық жазбасы мен фонограммасы беріледі. Егер тіркеуге музыкалық шығарманың бөлігі берілсе, оның атауы мен авторын, сондай-ақ зияткерлік меншігін қолдануға автордың рұқсатын растайтын құжат берілу қажет.

Егер иіс сезгіш тауар таңбасын тіркеу сұрастырылса, заттегі құрамының сипаты, химиялық қосылыстың формуласы және иіс көзін сипаттайтын өзге мәліметтер, сондай-ақ берілген белгінің үлгісі тапсырылады.

Өтінім бланкісінде келтіруге келмейтін белгілер қосымша ретінде тапсырылады.

Егер өзгеретін таңбаны теркеу сұрастырылса, өзгермейтін бір суреттен немесе өзгермейтін суреттер қатарынан немесе өзгерісті көрсететін өзгеретін суреттерден тұратын белгі беріледі.

Егер берілген сурет немесе суреттер өзгерісті көрсетпесе, қосымша суреттер және (немесе) оның өзгерісті сипаттайтын сөздік сипаты беріледі.

Егер түсті таңбаны тіркеу сұрастырылса, қоршалған контурлар қолданылмаған, түс немесе түстер тіркесі болып табылатын белгі беріледі. Ондай белгі суреті түс немесе түстер нысандарынан тұру қажет.

Егер позициялық таңбаны тіркеу сұрастырылса, өтінімге қоса тауарда орналасуын көрсететін бір таңбадан тұратын белгі суреті берілу қажет.

Қажет болған жағдайда, қорғау сұрастырылмайтын объект және оның тауарда орналасуын көрсететін сипат беріледі. Суреттің қорғалмайтын бөлігі нүкте сызықпен белгіленеді.

Егер жарықтық таңбаның тіркелуі сұрастырылса, өтінімге белгінің жалпы түрі және сипаттамалары белгіленген сигналдардың және (немесе) жарық символдарының жарықтық ұзақтығы мен ретінің сипаттауы беріледі.

Тапсырылатын белгінің сипаттамасы белгідегі барлық элементтердің сипаты, олардың мағынасы, сондай-ақ мағынасы жоқ сөздердің құрылу тәсілі көрсетілген жағдайда ғана беріледі.

Сипаттама тапсырылатын белгінің заттегін түсіндіру және оны идентификациялау мақсатында қызмет етеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 26.12.2018 № 1630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Тауар таңбасын тіркеуге сұрастырылған тауарлар ТКҚХС-ның сыныптары бойынша классификацияланып, бөлімделеді. ТКҚХС-ның әр сыныбы айдардан тұрады және қажетті түсіндірмемен ілестіріледі.

Айдарда сынып тауарлары мен қызметтері жататын саласы көрсетіледі. Айдар сыныптың қысқаша мазмұндамасы ретінде қарастырыла алады.

Айдар сыныптағы тауарлар тізімінің баламалы ауыстырымына жатпайды.

Егер тауар атауы ТКҚХС-да жоқ болса, оны функциясы, тағайындауы, дайындалған материалы немесе әрекет ету қағидасы бойынша таңдалған сыныпқа қатыстығына сәйкес классификациялау қажет.

Егер қызмет атауы ТКҚХС-да жоқ болса, оны қызмет бағыты бойынша таңдалған сыныпқа қатыстығына сәйкес классификациялау қажет.

Тауарлар мен қызметтерді сипаттау кезінде сыныпты неғұрлым нақты бағалау мақсатында белгісіз ұғымдарды, аббревиатураларды, тауарлар үлгілері мен маркаларының атауларын, сондай-ақ "тағы сондай", "өзге де", "сол сияқты" сөздерді қолданбай, ТКҚХС-ның нақты терминологиясын басышылыққа алған дұрыс.

Тауарлар мен қызметтер қайталанбау қажет.

Тауарлар мен қызметтер тізімі сыныптар нумерациясының өсуі бойынша көрсетіледі.

6. Заңның 10-бабының 3-тармағына сәйкес көрмелік басымдылықты растайтын құжаттың расталған көшірмесін тапсыру кезінде келесі шарттар сақталады:

1) көрменің лауазымы, өткізілген уақыты мен өткізу жері, тауар таңбасы ретінде берліген белгі қолданылған көрме объектісі көрсетіледі;

2) құжат көрменің әкімшілігімен немесе өткізу комитетімен тапсырылады, құжат көрменің лауазымын, өткізілген уақыты мен өткізу жерін, тауар таңбасы ретінде берліген белгі қолданылған көрме объектісінің атауын растайтын мәліметтен тұру қажет.

3-тарау. Тауар таңбасына өтінімге сараптама жасау тәртібі

1-параграф. Тауар таңбасына өтінімге алдын-ала сараптама жасау тәртібі

7. Өтінімді алдын ала сараптау өтінім берілген күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі.

Алдын ала сараптама барысында өтінімнің мазмұны, сараптама жүргізу үшін қажетті материалдардың болуы, басымдық күні, ТКҚХС-ның қолданыстағы редакциясына сәйкес тауарлар мен қызметтердің тізбесі тексеріледі.

Сараптама ұйымы алдын-ала сараптама жүргізу мүмкін болмайтын қосымша немесе нақтылайтын мәліметтерді мынадай жағдайларда сұратады:

- 1) осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттар жинағын толық ұсынбаса;
- 2) өтініште қажетті мәліметтер, деректемелер, қолдары болмаса, сондай-ақ өтініште келтірілген мәліметтерді нақтылау қажет болған жағдайда;
- 3) құжаттарды ресімдеуде олардың тікелей репродукциялауға кедергі келтіретін кемшіліктері анықталса (өтінім материалдарын оқуды қиындататын баспа сапасы);
- 4) егер өтініш беруші көлемді, голографиялық, дыбыстық немесе иісті белгіні және (немесе) оның сипаттамасын беру қажеттілігін және ұсынған материалдар мәлімделген белгінің ерекшеліктерін жеткілікті түрде көрсетпесе;

5) тауарлар және (немесе) көрсетілетін қызметтер тізбесінің осы Қағидалардың 5-тармағының талаптарына сәйкес келмесе.

Сарапшының сұрақтары, ескертулері және дәлелді ұсыныстары заңнама ережелеріне сілтемелермен бірге сұрау салу кезінде қалыптастырылады.

Сұрау салу өтініш берушіге жіберілген кезде алдын ала сараптама жүргізу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айға ұзартылады.

Сұрау салуға жауап беру немесе өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру үшін белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішхатқа сұрау салуға жауап беру мерзімін ұзартқаны үшін немесе өткізіп алған мерзімді қалпына келтіргені үшін төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

Сұрау салуға жауап немесе белгіленген мерзімдер өткеннен кейін сұрау салуға жауап беру мерзімін ұзарту туралы өтініш болмаған кезде өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтініш берушіге белгіленген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 10.02.2022 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Өтініш берушінің өтініші негізінде сараптама ұйымы Париж конвенциясының мүше мемлекетінде конвенциялық басымдықты орнату мақсатында берілетін өтінімнің расталған көшірмесін (басымдық құжат) береді. Өтінішке сараптама ұйымының қызметі үшін төлем ақыны растайтын құжат көшірмесі қоса тапсырылады.

Төлем ақыны растайтын құжат есеп шот жіберілген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде беріледі. Төлем ақыны растайтын құжат берілмеген жағдайда, тауар таңбасына өтінімнің расталған көшірмесін (басымдық құжат) беру туралы өтініш қарастырылмайды, тиісті хабарлама хат өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

2-параграф. Алдынала сараптама нәтижелері. Тауар таңбасына өтінім туралы мәліметті жариялау тәртібі

11. Алдын ала сараптама нәтижелері бойынша өтінім берушіге өтінім берілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей өтінімнің қарауға қабылданғаны туралы немесе іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберіледі.

Өтінімді қарастыруға қабылдау туралы хабарлама хат келесі мәліметтерден тұрады:

- 1) өтінімді тіркеу нөмірі;
- 2) өтінімді беру күні;
- 3) берілген белгі;
- 4) өтініш берушінің толық аты (атауы) және мекен-жайы;
- 5) Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының стандартына сәйкес өтініш беруші мемлекеттің коды (бұдан әрі -ДЗМҰСТ.3);
- 6) хат-хбар алмасу мекенжайы;
- 7) конвенциялық немесе көрмелік басымдық сұрастырылған жағдайда, басымдық күні;
- 8) тауарлар және (немесе) қызметтер тізімі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қарастыруға қабылданған өтінім бойынша мәлімет алдын ала сараптама аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бюллетенде жарияланады.

Бюллетенде өтінім бойынша мәліметтер осы Қағидалардың 11-тармағымен белгіленген көлемде жарияланады.

Кез-келген мүдделі тұлға жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Заңның 11-2 бабының 1-тармағына сәйкес Заңның 6 және 7-баптарында көзделген негіздер бойынша мәлімделген белгіні тауар белгісі ретінде тіркеуге қарсылық білдіруге сараптама ұйымына беруге құқылы.

Түпкілікті шешім шығарылғаннан кейін сараптама ұйымы 5 жұмыс күні ішінде Заңның 11-2 бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен қабылданған шешім туралы қарсылық берген өтініш берушіге хабарлама жібереді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Тауар таңбасына өтінімге толық сараптама жасау тәртібі

13. Толық сараптама өтінім берілген күннен бастап жеті ай ішінде жүргізіледі.

Сараптама ұйымы толық сараптаманың кез келген сатысында толық сараптама жүргізу мүмкін болмайтын қосымша немесе нақтылаушы мәліметтерді сұратады.

Сұрау салу өтініш берушіге жіберілген кезде толық сараптама жүргізу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Өтінімнің сараптамасын есептеу мерзімі сараптаманың сұрау салуына жауап алынғанға дейін тоқтатыла тұрады. Өтініш беруші белгіленген мерзімде қосымша материалдарды не көрсетілген мерзімді ұзарту туралы өтінішті ұсынбаған жағдайда іс жүргізу тоқтатылады және өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі.

Толық сараптаманың сұрау салуына жауап немесе алдын ала сараптаманың сұрау салуына жауап беру мерзімін ұзарту туралы өтініш болмаған кезде белгіленген мерзімдер өткеннен кейін өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтініш берушіге белгіленген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Толық сараптама жүргізу барысында мәлімделетін белгінің Заңның 6, 7-баптарында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.

Ажыратылатын реңкі жоқ белгілер тауар белгілері ретінде тіркелмейді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Тек келесі элементтерден тұратын белгілердің ажыратылатын реңкі жоқ:

Тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) белгілі бір түрін белгілеу үшін жалпыға ортақ қолданысқа енген;

жалпыға бірдей пайдалануға енгізілген белгі бұл әртүрлі өндірушілердің сол тауар (қызмет) немесе сол түрдегі тауар (қызмет) үшін ұзақ уақыт пайдалануы нәтижесінде белгілі бір тауар (қызмет) түрін, яғни түр түсінігін көрсететін белгі.

жалпыға ортақ қабылданған рәміздер мен терминдер болып табылатын;

жалпыға ортақ қабылданған рәміздер мемлекетті, әрекет ету немесе шаруашылық саласын символмен көрсететін белгілер болып табылады.

Жалпыға ортақ қабылданған терминдерге сонымен қатар белгілі ғылым мен техника саласына сәйкес түрлі лексикалық белгілер жатады.

Жалпыға ортақ қабылданған терминнің мағынасы тұтынушылардың кең ауқымына мәлім болуы міндетті емес. Термин тауар таңбасы тіркеуге берілген тауарлар өндіру мен қызметтерді ұсынуға байланысты нақты ғылым және техника саласындағы мамандардың белгілі ауқымына орнатылған болып табылады.

Терминді анықтаудың негізгі көздері болып терминологиялық сөздіктер, мамандандырылған әдебиет болып табылады.

Тауарлардың түрін, сапасын, санын, қасиетін, мақсатын, құндылығын, оларды өндіру немесе өткізу орны мен уақытын, сондай-ақ қызмет көрсету орнын көрсететін белгілер жатады.

Ондай белгілерге атап айтқанда келесі категориядағы белгілер жатады:

тауар сапасы;
тауар қасиетін көрсететін;
материал немесе шикізат құрамын көрсететін;
тауар салмағын, көлемін, бағасын көрсететін;
тауар дайындау мерзімін көрсету;
өндірісті басту тарихы туралы мәліметтер;

тауар өндірушінің орналасқан жері болып қабылдана алатын толық немесе ішінара географиялық атаулардан тұратын белгілер.

Тауар (қызмет) түрі – жеке тағайындау және белгілермен ерекшеленетін тауарлар жиынтығы.

Тауар сапасы – тағайындауына сәйкес нақты және алдағы сұранысты қанағаттандыруға қолжетімділігін шарттайтын тауардың тұтынушылық белгілерінің жиынтығы.

Тауар ерекшелігі – иелену және қолдану барысында өзінің нақты тағайындауына байланысты көрініс табатын, сатып алушыға әсер ететін физикалық және физикалық емес ерекшеліктер.

Тауар құндылығы – тауардың тұтынушыға қатысты маңыздылығы мен пайдалығын көрсететін сипаттама.

Саны – мөлшері, салмағы, көлемі, саны жағынан сипаттау категориясы.

Тауарды өндіру мен сату уақыты – белгіде тауарды өндіруді, өндірушіден тұтынушыға берілу уақытын жалпы көрсететін жылды, айды, күнді қолдану.

ПХА-ны болатын дәрілік заттар немесе олардың негіздері;

Қызмет көрсету орны – қызмет көрсетілетін аумақты көрсететін географиялық атау.

Тауар таңбасы ретінде дәрілік заттарға берілген белігіге сараптама жүргізу барысында Дүниежүзілік халықаралық денсаулық сақтау ұйымымен қалыптастырылатын ПХА ескеріледі.

тауарларды немесе көрсетілген қызметтерді белгілеу үшін пайдаланылатын олармен тікелей сипаттық байланысы бар белгілер;

Сипаттық белгілерге тауарды немесе қызметті жалпы немесе олардың қандайд да бір ерекшеліктерін сипаттайтын белгілер жатады.

Белгілеудің айырым қабілетін белгілеу үшін энциклопедияларды, анықтамалықтарды, түсіндірме және басқа да сөздіктерді, Интернет желісінен алынған мәліметтерді қоса алғанда, ақпарат пайдаланылады.

Сипаттық белгі ретінде тану үшін энциклопедиялардағы, анықтамалардағы, сөздіктердегі, сонымен қатар Интернет желісіндегі мәліметтер қолданылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Заңның 6-бабының 1-тармағында көрсетілген белгілер, олар тауар белгісінде үстем жағдайға ие болмаса, қорғалмайтын элементтер ретінде пайдаланылады. Өтінім берілген күні белгі пайдалану нәтижесінде айырым қабілетіне ие болса, көрсетілген белгілер тауар белгісі ретінде тіркеледі.

Белгілеуді пайдалану нәтижесінде айыру қабілетін иемденуді тұтынушы белгілеуді нақты дайындаушының немесе мәлімделген тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге қатысты өтінім беру күніне дейін қызмет көрсететін тұлғаның тауарларын белгілеу ретінде қабылдайтынын куәландыратын құжаттарды ұсыну арқылы өтініш беруші растайды.

Белгілеу оны пайдалану нәтижесінде белгілеудің айыру қабілетін иемдену расталатын тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге қатысты ғана тіркеледі.

Айыру қабілеті деп бір жеке және (немесе) заңды тұлғалардың тауарларын (көрсетілетін қызметтерін) басқа жеке және (немесе) заңды тұлғалардың біртекті тауарларынан (көрсетілетін қызметтерінен) ажыратуға мүмкіндік беретін белгілердің сипаттамалары түсініледі.

Тауар белгісіне сөз, әріп және (немесе) бейнелеу элементтерін, символдарды қорғау астынан шығара отырып, тұтастай құқықтық қорғау беріледі, тауар белгісі түпнұсқа қаріптік мәнерде орындалған белгіні қамтыса немесе білдіретін болса, бірақ өзінің мағыналық мәні бойынша қорғауға қабілетсіз белгілерге (элементтерге) жатқызылады.

Белгілеу белгісі немесе элементі (элементтері), егер біріктірілген, немесе соншалықты біріктірілген болса, оларды бөлек қарау мүмкін болмаса, "бірыңғай" болып саналады. Бұл жағдайда сөздік элементтерді тек сақталмайтын сөздік элементтерден біріктіру сөздің тұтастай қорғалуына әкеп соқпайды.

Мәлімделген белгілеуде қорғануға қабілетсіз элементтің үстем жағдайын анықтау кезінде, белгілеудің мағыналық мәнін, кеңістіктік жағдайын (мөлшері, композициядағы орналасуы), орындау ерекшеліктерін (түпнұсқа қаріптік графиканы және басқа да бейнелеу құралдары мен тәсілдерін пайдалану, түпнұсқа түстік орындалуы) бағалау, осы композициядағы қорғануға қабілетсіз элементтің рөлін ескере отырып, белгілеудің бүкіл композициясын тұтастай қарау қажет және ол композицияның басқа элементтерімен бірге қабылдау (Жаңа семантикалық мағынаның пайда болу мүмкіндігі), мәлімделген белгілеудің әрбір элементінің жалпы белгілеудің айырым қабілетіне әсер ету дәрежесі болу керек.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Тауар таңбасы ретінде келесіні бейнелейтін белгілер тіркелмейді:

- мемлекеттік елтаңбалар, тулар, эмблемалар және олардың элементтері;

- халықаралық ұйымдардың қысқартылған немесе толық атаулары, олардың елтаңбалары, тулар, эмблемалар және олардың элементтері;
- ресми бақылау, кепілдік және сынамалық таңбалар, мөрлер, олимпиадалық символика, наградалар және басқа да айырым белгілері, сондай-ақ олардың элементтері ;
- сертификаттау белгілері және олардың элементтері;
- жоғарыда аталған белгілермен шатастыру дәрежесіне дейін ұқсас белгілер.

Мемлекеттік елтаңбаларын, туларын және эмблемаларын бейнелейтін белгілеріне сарапатама жасалғанда Париж конвенциясының 6-бабына сәйкес қорғалатын белгілердің халықаралық базасында іздеу жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Жалған тауарға немесе оны дайындаушыға, көрсетілетін қызметке немесе көрсетілетін қызметті беруші тұлғаға қатысты жаңылыстыруға қабілетті болып табылатын белгілер, сондай-ақ тауар шығарылған жерге қатысты жаңылыстыруға қабілетті географиялық объектілердің атаулары тауар белгілері немесе олардың элементтері ретінде тіркелмейді.

Мәлімделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты жалған немесе жаңылыстыруға қабілетті болып табылатын белгілерге өзінде мәлімделгенге сәйкес келмейтін тауардың немесе көрсетілетін қызметтің атаулары бар, сондай-ақ тұтынушылардың санасында тауардың және (немесе) көрсетілетін қызметтің белгілі бір түрі, оның қасиеттері, ерекшеліктері, сапасы және (немесе) мақсаты туралы түсінік туғызуға қабілетті белгілер жатады.

Жалған немесе дайындаушыға қатысты жаңылыстыруға қабілетті болып табылатын белгілерге тұтынушының санасында шындыққа сәйкес келмейтін тауарды (көрсетілетін қызметті) дайындаушы немесе тауарды (көрсетілетін қызметті) дайындаушымен байланыс туралы түсінік туғызуы мүмкін белгілер жатады.

Тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) дайындаушыға қатысты тұтынушыны жаңылыстыруға қабілетті белгілерге тұтынушылар үшін белгілі белгілердің имитациялары жатқызылады.

Белгілеудің тұтынушыны тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) дайындаушыға қатысты жаңылыстыру қабілетін іздеу барысында азаматтық айналымда тұтынушыларға әртүрлі көздер арқылы белгілі болуы мүмкін тіркеуге мәлімделген біртекті тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) дараландыру үшін белгіні пайдаланатын дайындаушы туралы мәліметтерді анықтау нәтижесінде айқындалады.

Тауардың өндірілген орны мен қызметтердің көрсетілу орнына қатысты жалған немесе жаңылыстыруы мүмкін белгілерге тұтынушыны өтініш берушінің орналасқан

жері туралы жаңылыстыруы мүмкін географиялық атауларды қамтитын белгілер жатады.

Тауар өндірілетін жерге қатысты жалған немесе жаңылыстыруға қабілетті болып табылатын белгілерге өтінім берушінің орналасқан жеріне қатысты тұтынушыны жаңылыстыруға қабілетті географиялық нұсқамаларды қамтитын белгілер жатады.

Егер тауар белгісі жалған немесе жаңылыстыруға қабілетті элементтерден тұрса немесе оларды қамтыса, белгі жалған немесе жаңылыстыратын болып танылады.

Белгілердің осы тармақтың талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізу кезінде Интернет желісінен алынған мәліметтер пайдаланылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Тауар таңбалары ретінде тұтынушыны тауар жасаушысының орналасқан жеріне қатысты жаңылыстыратын географиялық атаулар немесе құрамында сондай географиялық атаулары бар белгілерді тіркеуге, тіркеу бір құқық иеленушінің атына өзге тұлғалардың құқықтарын бұзған жағдайда да жол берілмейді.

Тауар жасалған немесе сатылған және тауар жасаушысы орналасқан жер атауы болып көрінетін географиялық атаулардан ғана тұратын белгілерді тіркеуге жол берілмейді.

20. Тауар таңбасы ретінде берілген географиялық атауға тауар жасалған немесе сатылған және тауар жасаушысы орналасқан аса танымал емес жер атауы болса да, ақпарат көздерінде географиялық атауға қатысты, сол жерде тіркеуге берілген тауарды өндіретін кәсіптің бар болуы туралы мәлімет болмаған жағдайда, белгі фантазиялық болып табылады да, құқықтық қорғау беріледі.

Құрамында географиялық атаулары бар және бейнелі сөйлемше болып табылатын географиялық атауларға тауар таңбалары, қызмет таңбалары ретінде, берілген тауарлар мен қызметтерге қатысты сол географиялық атаумен ассоциациялар болмай, тұтынушыны тауар жасаушысына немесе қызмет көрсетушіге қатысты жаңылыстырмаса, құқықтық қорғау беріледі.

21. Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті игілігін жаңғыртатын белгілемені тауар таңбасы ретінде пайдалануға рұқсат екенін растау үшін сараптама ұйымы тауар таңбаларын, қызмет таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы уәкілетті органға мәдениет саласындағы уәкілетті органмен келісу мақсатында хат жолдайды.

Өтініш берушіге берілген белгі немесе оның элементтері келесілерді бейнелемейтіні туралы сұраныс жолданады:

өтінім берілген күні авторлық құқықтарды бұзушылықпен Қазақстан Республикасында белгілі әдебиет, ғылым және өнер туындыларының атауларын, белгілі өнер туындыларын мен олардың фрагменттерін;

осы адамдардың, олардың мұрагерлерінің немесе құқық мирасқорларының жеке мүліктік емес құқықтарын бұза отырып, олардың тектерін, есімдерін, бүркеншік аттарын және солардан таралатын есімдерді, портреттері мен факсимилелерін.

Сұранысқа жауап келмеген жағдайда тауар таңбасын, қызмет таңбасын тіркеуден бас тарту туралы сараптама қорытындысы шығарылады.

Авторлық және сабақтас құқық объектілері, аттар, тектер, бүркеншік аттар, портреттер тек сол тұлғалардың немесе олардың мирасқорларының рұқсатымен ғана тауар таңбаларында қолданылады.

4-параграф. Бегілерге бірдей және айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болуына іздеу мен тексеріс жүргізу

22. Толық сараптама сатысында араласу дәрежесіне дейін сәйкестік пен ұқсастықты іздеу жеделдетілген түрде қаралатын өтінімдерді қоспағанда, Заңның 10-бабында белгіленген басымдықты белгілеу мерзімін ескере отырып басталады.

Бідей және ұқсас болуға тексеріс жүргізгенде келесі әрекеттер жасалады:

бірдей және айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас тауар таңбаларына және тіркеуге берілген өтінімдерге іздеу жүргізіледі;

іздеу барысында берілген белгінің анықталған тауар таңбалары мен тіркеуге берілген белгілермен ұқсастық дәрежесі анықталады;

берілген тауарлардың анықталған тауар таңбалары тіркелген немесе берілген белгілердің тауарларымен біртектесігі анықталады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 08.02.2024 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Іздеу ұлттық және халықаралық деректер қорында келесі тауар таңбалары және тіркеуге берілген белгілер арасында жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасында тіркелген тауар таңбалары және ертерек басымдығы бар тіркеуге берілген белгілер;

2) Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар таңбалары;

3) бұрын географиялық нұсқамалар және тауарлардың шыққан жерлерінің атаулары ретінде тіркелген және тіркеуге өтініш берілген, бұрынғы басымдығы бар тауарлардың арасында;

4) олардың неғұрлым ертерек басымдығы болған жағдайда басқа тұлғалардың атындағы қорғалатын немесе тіркеуге берілген өнеркәсіпті үлгілер.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Іздеу кезінде өзге тұлғалардың атына Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес қорғалатын тауар таңбалары ескеріледі.

Сонымен қатар іздеу кезінде Заңның 17 бабына сәйкес тіркеудің қолданылуы тоқтатылғаннан бастап бір жыл өтпеген, сондай-ақ бас тартылып, шешімге қарсылық беру мерзімі өтпеген тауар таңбалары ескеріледі.

25. Сөздік белгілердің ұқсастығы салыстыру арқылы анықталады:

стандартты шрифтпен де, арнайы графикалық нұсқада да жасалған сөздік белгілермен;

сөздік элементтерді қамтитын аралас белгілермен;

сөздік белгілердің ұқсастығы мынадай критерийлер негізінде айқындалады: фонетика (дыбыстық ұқсастық), графика (визуалды ұқсастық) және семантика (мағынасы бойынша ұқсастық);

Аталған критерийлер комбинацияларда ескерілуі мүмкін.

Егер ауызша элементтер екі немесе одан да көп сөзден тұрса, сараптама әрбір сөзді жеке-жеке және оның жалпы белгілеуге әсерін ескереді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Дыбыстық (фонетикалық) ұқсастық келесі сипатаммалар негізінде анықталады:

салыстырылатын белгілерде жақын және сәйкес келетін дыбыстардың болуы;

белгілерді құрастыратын дыбыстар жақындығы;

жақын дыбыстар мен дыбыстар үйлестерінің бір-біріне қатысты орналасуы;

сәйкес келетін буындардың болуы және орналасуы;

белгілердегі буындардың саны;

сәйкес келетін дыбыс үйлестерінің белгідердегі орналасуы;

дауыстылар құрамының жақындығы;

дауыссыздар құрамының жақындығы;

белгілердің сәйкес келетін бөліктерінің сипатаммасы;

бір белгінің екінші белгінің құрамына кіруі;

екпін.

27. Ұқсастықты анықталған кезде дыбыстың ұқсастығын білдіретін әріптерді ескеру қажет.

Осы қағиданың 2-қосымшасына сәйкес әріптер және олардың үйлестері ұқсас деп танылады.

Бұл сипаттамалар дыбысты түрде жасалған кезде және тұтынушы қабылдауына байланысты олардың анықталған мәніне қарай бөлек және түрлі үйлестер ретінде ескерілуі мүмкін.

28. Графикалық (көзбе-көз) ұқсастық келесі сипаттамалардың негізінде анықталады :

жалпы көркемдік әсер;

шрифт түрі;

әріптердің сипатын ескере отырып графикалық жазу (мысалы, басылған немесе жазылған, бас әріппен немесе кіші әріппен);

бір-біріне қатысты әріптердің орналасуы;

сөз жазылған әріптердің алфавиті;

әріптердің саңы;

жолда сөздердің орналасуы;

түс немесе түстердің үйлестері.

29. Мағыналық ұқсастық келесі ерекшеліктер негізінде анықталады:

ұғымдардың, идеялардың ұқсастығы (мысалы, әртүрлі тілдердегі мағыналарды сәйкестендіру);

логикалық кернеу түсетін және тәуелсіз мағынасы бар белгілер элементтердің ішінде біреуінің сәйкестігі;

белгілерде жазылған ұғымдардың, идеялардың қарама-қайшылығы.

30. Қазақстан Республикасында тіркелген тауар шығарылған жерлердің атауларымен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсасбелгілер тауарлардың кез-келген санатына қатысты тіркелмейді.

31. Белгілердің ұқсастығын бағалау қорғалмайтын элементтерге қатысты қалыптасқан жалпы әсердің негізінде жасалады. Бұл жағдайда жалпы әсер қалыптастыру белгілердің кез келген ерекшеліктерінің, соның ішінде үстем ауызша немесе графикалық элементтердің, олардың композициялық және түсті орындалуымен әсер етілуі мүмкін.

32. Әріптік және цифрлық элементтердің ұқсастығын анықтағанда, сөздік белгілердің дыбыстық ұқсастығы қолданылмайды.

Әріптердің және цифрлық элементтердің ұқсастығы келесі сипаттамаларға негізделген графикалық (көрнекі) көрсеткіштер бойынша анықталады:

жалпы көркемдік әсер;

шрифт түрі;

әріптердің сипатын ескере отырып графикалық жазу (мысалы, басылған немесе жазылған, бас әріппен немесе кіші әріппен);

бір-біріне қатысты әріптердің орналасуы;

алфавит;

түс немесе түстер үйлестері.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Бейнелеу немесе көлемді белгілер:

бейнелеу белгілерімен;

құрамында бейнелеу және (немесе) көлемдік элементтер бар аралас белгілерімен; көлемдік белгілерімен салыстырылады.

34. Бейнелеу немесе көлемдік белгілердің ұқсастығы келесі сипаттамалардың негізінде айқындалады:

сыртқы нысаны;

симметрияның болуы немесе болмауы;

түсіндірмелік мағынасы;

суреттердің түрі мен сипаты (натуралист, сәнді, карикатура);

түстері және реңі;

Аталған сипаттамаларды жекелей және әр түрлі комбинацияларда ескеруге болады.

35. Аралас белгілер:

аралас белгілермен;

элементтер ретінде тексерілетін аралас белгінің құрамына кіретін белгілердің түрлерімен салыстырылады.

Құрамдастырылған белгілердің ұқсастығын айқындау кезінде осы Қағиданың 26-29, 32, 34-тармақтарының ережелері пайдаланылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Жеке элементтерді бірдей немесе ұқсас араластыру деңгейіне сәйкестендіру кезінде жиынтық белгілеу тұтастай тіркелуден бас тартады.

37. Өнеркәсіптік үлгі болып табылатын белгілер, егерде Қазақстан Республикасында үшінші тұлғалардың атына өнеркәсіптік белгі ретінде тіркелген болса, не сараптамалық ұйымға үшінші тұлғаның атынан өнеркәсіптік үлгіге ертерек басымдықпен ұқсас өтінім берілсе тауар таңбасы ретінде тіркеле алмайды.

38. Тауарлардың біртектілігін анықтау тұтынушының тауарлардың бір өндірушіге жататындығы туралы ой болу мүмкіндігін анықтау мақсатында іске асырылады.

Тауарлардың біркелкілігін белгілеу үшін келесі сипаттамалар ескеріледі:

тауарлар тегі (түрі);

олардың тұтынушылық сипаттамалары мен функционалды анықтамасы (көлем мен қолдану мақсаты);

жасалған материал түрі;

өзара толықтыру мен алмастыру;

сату шарттары (жалпы сату орны, бөлшек немесе көтерме сауда желісі арқылы сату)

тұтынушылар ауқымы, тауарларды қолданудың дәстүрлі және айрықша тәртібі, ауқымды қолдануға арналған және өндірістік-техникалық мақсатындағы тауарлар; қолдану саласы; қызметтің тағайындалуы.

Біртекестік белгілері жекелеп және аралас түрде қарастырылуы мүмкін.

39. Біртектестігі анықталғанда өтінімдегі тауарлардың бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас тауар таңбалары мен берілген белгілер тауарларымен салыстырылады.

40. Тауарлар тек қана ТКҚХС-ның бір сыныбына қатыстығына байланысты біртектес деп таныла алмайды, ал тауарлардың әр түрлі сыныптарға жатуы біртектес емес деп танудың айғағы емес.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 26.12.2018 № 1630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Бір түрге жататын, алайда әр түрлі салада көрсетілетін қызметтер біртектес деп танылмайды.

42. Өзара біртектес болып тауарлар мен қызметтер танылады.

43. Біртектестігі туралы қорытынды аталған белгілердің жиынтығы нәтижесі болып, табиғаты мен тағайындалуы себебінен тұтынушылармен бір шығу көзі болып қарастырылса, шығарылады.

44. Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген тауар белгісімен араласу дәрежесіне дейін ұқсас белгіні тіркеуге иесінің жазбаша келісімімен жол беріледі, ұқсас тауар белгісі иесінің жазбаша келісімі қабылданбайды.

Иесінің жазбаша рұқсаты әр өтінім бойынша жеке беріледі.

Рұқсат-хатта рұқсат беріп отырған тұлға, рұқсат беріліп отырған тұлға туралы толық мәлімет, тауар таңбасы иесінің белгіні тіркеуге берілген өтінімнің, бар болған жағдайда, нөмірін көрсете отырып, тіркеуге қарсы еместігі, толтыру күні мен уәкілетті тұлғаның қолы болу керек.

Рұқсат-хат қазақ немесе орыс тілінде тапсырылады. Егер құжаттар өзге тілде берілсе, өтініш беруші немесе оның өкілі бір ай ішінде олардың қазақ немесе орыс тіліне аудармасын ұсынады.

Ескерту. 44-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Толық сараптама нәтижесінде қабылданатын сараптама қорытындылар мен шешімдер

45. Егер берілген белгі Заңның 6, 7-баптарымен белгіленген талаптарға қарама-қайшы келмесе, сараптама ұйымы тауар таңбасын барлық тауарлар және (немесе) қызметтерге қатысты тіркеу туралы сараптама қорытындысын шығарады.

45-1. Егер жеделдетілген тәртіппен тіркеуге берілген мәлімделген белгі Заңның 6, 7-баптарында белгіленген талаптарға қайшы келмесе, сараптама ұйымы мәлімделген барлық тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге қатысты тауар таңбасын тіркеу туралы шешім шығарады.

Ескерту. 45-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Әділет министрінің 08.02.2024 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Тауар таңбасын тіркеу туралы сараптама қорытындысында келесі мәліметтер болады:

тауар таңбасы ретінде тіркеліп отырған бегі;

тауар таңбаның түрі;

хат алмасу мекен-жайы;

өтініш берушінің атауы немесе тегі, аты, бар болған жағдайда, әкесінің тегі;

ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша мемлекет коды;

өтінім нөмірі;

өтінім беру күні;

конвенциялық басымдық күні, сондай-ақ конвенциялық басымдық талап етілген жағдайда, басымдық орнатылған өтінім нөмірі, берілу күні мен мемлекет коды;

көрмелік басымдық талап етілген жағдайда, көрмелік басымдық күні;

ТКҚХС-на сәйкес сыныпталған тауарлар мен қызметтер тізімі;

ұжымдық тауар таңбасы тіркелген жағдайда, ұжымдық тауар таңбасы екенін көрсету;

түсті тауар таңбасы болған жағдайда, түсті немесе түс үйлесін көрсету.

Тауар таңбасын тіркеу туралы сараптама қорытындысын шығарғаннан кейін өтінім берушіге бес жұмыс күні ішінде берілген өтінімнің тіркелгендігі туралы хабарлама хат тіркеу туралы шешіммен, сараптама қорытындысымен және тіркеу үшін есеп шотпен қоса жіберіледі.

47. Егер өтінімде көрсетілген белгі Заңның 6 және 7-баптарында белгіленген талаптарға толық немесе ішінара сәйкес келмесе, өтінімдегі тауарлар мен (немесе) қызметтерге қатысты, сараптама ұйымы алдын ала кері қайтару немесе ішінара тіркеу туралы сараптама қорытындысын шығарады.

Егер тауар белгісінде Заңның 6-бабының 1 2-тармақтарында көрсетілген белгілер болса, және олар осы Қағиданың 16-тармағына сәйкес доминантты орын алмайтын болса, алдын ала ішінара тіркеу туралы сараптама қорытындысы шығарылады, оған тәуелсіз құқықтық қорғау берілмейтін элементтер (дискламация) көрсетіледі.

Алдын ала кері қайтару немесе ішінара тіркеу туралы сараптама қорытындысында келесі мәліметтер қамтылады:

өтінімде көрсетілген белгі;

өтінімдегі белгі түрі;

хат-хабар алмасу мекен-жайы;

өтінім берушінің атауы немесе аты-жөні (бар болса, әкесінің аты);

ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша ел коды;

өтінім нөмірі;

өтінім берілген күн;

конвенциялық преференция күні, сонымен қатар өтінімнің негізінде белгіленген өтінім нөмірі, күні және ел коды, егер конвенциялық преференция сұралса;

көрме преференция күні, егер көрме преференция сұралса;

ТКҚХС бойынша сыныптарға бөлінген тауарлар мен қызметтер тізімі;

құқықтық қорғауға жатпайтын элементтер;

өтінімде көрсетілген белгі коллективті тауар белгісі ретінде тіркелетінін көрсету;

тауар белгісі түсті тіркеуге жатса, түс немесе түстер комбинациясын көрсету;

толық немесе ішінара кері қайтару себебі, оның негіздемесі және Заң нормаларына сілтемелер.

Алдын ала ішінара тіркеу туралы қорытынды шығарылғаннан кейін, өтінім берушіге немесе оның өкіліне алдын ала ішінара тіркеу туралы сараптама қорытындысы жіберіледі.

Егер өтінім беруші ішінара тіркеу туралы алдын ала сараптама қорытындысына келісетін болса, тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде өтінім берушіге немесе оның өкіліне тіркеу туралы хабарлама жіберіледі, оған ішінара тіркеу шешімі және тауар белгісін тіркеуге арналған төлем шоты қосылады.

Егер өтінім беруші ішінара тіркеу туралы алдын ала сараптама қорытындысына келісетінін жазбаша түрде ұсынбаса, сараптама қорытындысы жолданған күннен бастап бес ай өткеннен кейін сараптама ұйымы соңғы қорытынды шығарады және тауар белгісінің ішінара тіркеу туралы шешім қабылданады. Бұл қорытынды және шешім бес жұмыс күні ішінде өтінім берушіге немесе оның өкіліне тіркеу туралы хабарлама және тауар белгісін тіркеуге арналған төлем шоты қосылып жіберіледі.

Егер өтінім беруші алдын ала сараптама қорытындысына келіспесе, тіркеуден бас тарту немесе ішінара тіркеу туралы алдын ала сараптама қорытындысы жолданған күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші негізделген қарсылық және қарсылықты қарау үшін төлемді растайтын құжат ұсынуға құқылы.

Қарсылық қаралғаннан кейін сараптама ұйымы оның түскен күнінен бастап үш ай ішінде соңғы қорытынды шығарады, ал жедел қарау жағдайында қарсылық түскен күннен бастап бір ай ішінде болады.

Егер бір ай ішінде төлемді растайтын құжат ұсынылмаса, қарсылық ұсынылмаған болып есептеледі, бұл туралы өтінім берушіге белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Тауар таңбаларының өтінімдеріне сараптама жүргізу бойынша бөлек сұрақтар

1-параграф. Ұжымдық тауар белгісінің өтінімін тауар белгісінің өтініміне тауар белгісінің өтінімін ұжымдық тауар белгісінің өтініміне қайта өзгерту

48. Өтініш беруші өз бастамасы бойынша ұжымдық тауар белгісінің өтінімін тауар белгісінің өтініміне тауар белгісінің өтінімін ұжымдық тауар белгісінің өтініміне қайта өзгертуге өтінім бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін өтініш жасауға құқылы.

49. Тауар таңбасына өтінімді ұжымдық тауар белгісіне өтінімге айналдыру туралы өтініш ұжымдық тауар белгісіне, оның атына ұжымдық тауар таңбасын тіркеуге уәкілетті ұйымның атауын, осы белгісін тіркеу мақсатын, осы белгісін пайдалануға құқығы бар субъектілердің тізімін қамтитын жарлыққа қоса беріледі, ұжымдық тауар таңбасында көрсетілетін тауарлар мен қызметтердің тізбесі және бірдей қасиеттері немесе өзге де сипаттамалары, оны пайдалану шарттары, оны пайдалану тәртібі, ұжымдық тауар таңбасының жарғысы ережелерін бұзғаны үшін жауаптылықта болады.

50. Ұжымдық тауар белгісінің өтінімін тауар белгісінің өтініміне тауар белгісінің өтінімін ұжымдық тауар белгісінің өтініміне қайта өзгерту туралы қолдаухат тауар таңбасының өтінімі бойынша өтініш берушімен немесе уәкілетті тұлғамен қол қойылады.

51. Ұжымдық тауар белгісінің өтінімін тауар белгісінің өтініміне тауар белгісінің өтінімін ұжымдық тауар белгісінің өтініміне қайта өзгерту туралы қолдаухатына ұжымдық тауар белгісінің өтінімін тауар белгісінің өтініміне тауар белгісінің өтінімін ұжымдық тауар белгісінің өтініміне қайта өзгерту туралы қайта өзгерту үшін төленгені туралы құжат ұсынылады.

Төлемді растайтын құжат болмаған жағдайда сараптама жасау ұйымы төлем үшін есеп шот ұсынады. Төлем құжаты есеп шот жіберген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей беріледі.

Төлемді растайтын құжат болмаған кезде, ұжымдық тауар белгісінің өтінімін тауар белгісінің өтініміне тауар белгісінің өтінімін ұжымдық тауар белгісінің өтініміне қайта өзгерту туралы қолдаухат қабылданбайды, ол туралы өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде хабарланады.

52. Сараптама жасау ұйымы ұжымдық тауар белгісінің өтінімін тауар белгісінің өтініміне тауар белгісінің өтінімін ұжымдық тауар белгісінің өтініміне қайта өзгерту туралы қолдаухатты қарауға қажетті қосымша материалдарды сұратуға құқылы.

53. Өтініш берушіге төлемді растайтын құжатты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұжымдық тауар белгісінің өтінімін тауар белгісінің өтініміне тауар белгісінің өтінімін ұжымдық тауар белгісінің өтініміне қайта өзгерту туралы хабарлама жіберіледі, сондай-ақ тауар таңбасына өтінім беру үшін жаңа өтініш берушінің атауы, тауар таңбасы ретінде тіркеу үшін тіркелген ТКҚХС сыныптары тізбесі, оның атауы, өтінім нөмірі, өтінім беру күні, тіркеуге құқылы қауымдастықтың атауы көрсетіледі.

2-параграф.Өтінімді бөлу тәртібі

54. Өтініш беруші өз бастамасы бойынша өтінімді қараудың кез-келген кезеңінде түпкілікті сараптама қорытындысы шығарылғанға дейін бастапқы өтінімде көрсетілген тауарлар мен қызметтерді бөлінген өтініштер арасында бөлуге өтініш беру құқығына ие.

Егер өтінім бөлінген болса, өтінімдердің әрқайсысы үшін басымдық бірінші өтінімнің басым күнімен анықталады.

Бөлінген өтінімдердің басымдығы бір өтініш берушінің бастапқы өтінішінің басталу күнімен айқындалады, ал егер бастапқы өтінім үшін неғұрлым ертерек басымдығы белгілеуге құқылы болса, бұл өтінім берілген күнге бастапқы өтінішті қайтарып алынбаған болса және өтінім қайтарып алынды деп есептелмесе, бастапқы өтінім бойынша шешім қабылданғанға дейін жүзеге асырылады.

55. Өтінішті бөлу туралы қолдаухатқа өтініш берушінің бастамасы бойынша сыныпқа өтінімнің бөлінуіне төлем туралы құжат қоса беріледі.

Төлемді растайтын құжат болмаған жағдайда сараптама жасау ұйымы төлем үшін есеп шотты береді. Төлем құжаты төлем есеп шотын жіберген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей беріледі.Егер төлем туралы құжат табыс етілмесе, тауар таңбасына өтінімді бөлу туралы өтініш қарауға қабылданбайды, бұл туралы өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде хабарлама жіберіледі.

56. Бөлінген өтінімге әріптік индексті қосу арқылы бастапқы өтінім нөмірі енгізіледі.

57. Өтініш берушіге тауар белгісіне өтінім беру туралы өтінім беріліп, ол тағайындалған мекенжайы, бөлінген өтінімнің нөмірі, өтініш беру күні, өтініш берушінің аты, тауар таңбасы ретінде тіркелген ТКҚХС сыныптар тізімі туралы хабарланады.

3-параграф.Өтінім материалдарына өзгертулер, толықтырулар, түсіндірмелер мен түзетулер енгізу тәртібі

58. Өтініш беруші өз бастамасы бойынша өтінімді қараудың кез-келген кезеңінде толық сараптама аяқталғанға дейін, оларды мәні бойынша өзгертпей, толтыруға, нақтылауға немесе түзетуге құқылы.

59. Өтінім материалдарына өзгерістер, толықтырулар, нақтылаулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш жазбаша нысанда жасалады және өтініш берушінің немесе оның өкілінің атынан ұсынылады және өтінім нөмірін, өтінім берушінің атауын, тауар белгісіне өтінім бойынша өзгертін мәліметтерді қамтиды.

Өтінім беруші алдын ала ішінара тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы қорытынды берілгеннен кейін өтінім материалына өзгерістер, толықтырулар, нақтылаулар немесе түзетулер енгізсе, және аталған өзгерістер бас тарту негіздерін жойса, өтінім беруші жазбаша түрде қарсылық білдіре алады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Өтініш берілген белгіге қатысты толықтырулар, түсіндірмелер немесе түзетулер, егер олар тағайындауды мәні бойынша өзгертпесе және белгінің көрнекі және (немесе) фонетикалық әсерін өзгертпесе, сараптама ұйымы қабылдайды.

61. Егер олар жаңа тауарлармен және/немесе қызметтермен толықтырылуына әкелмесе және бастапқыда ұсынылған тауарлар және/немесе қызметтер тізімімен салыстырғанда құқықтың көлемін кеңейте алмаса, тізімге өзгерістер мен түзетулер енгізуге рұқсат етіледі

62. Өтінім берушінің бастамасымен берілген өтінімге сәйкес өтінім материалына өзгерістер, толықтырулар, нақтылаулар және түзетулер енгізу үшін тауар белгісін тіркеу өтінім материалына өзгерістер енгізуге арналған төлем құжаты қоса беріледі.

Егер өтінім берілген сәтте төлем құжаты болмаған жағдайда, сараптама ұйымы өтінім берушіге шот қоса берілген ескерту хат жібереді.

Төлем жасау мерзімі ескерту хат жіберілген күннен бастап бір айды құрайды.

Төлемді растайтын құжат ұсынылмаған жағдайда, өзгерістерді енгізу туралы өтінім қарауға қабылданбайды, бұл туралы өтінім берушіге бес жұмыс күні ішінде хабарланады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Өтініш беруші өтінімнің материалдарында, тауар таңбасына тіркеу үшін талап етілетін тауар таңбасына өтінім бойынша өтініш берушінің атын және өтініш берушінің атауын, өтінім нөмірі, өтінім беру күні, өзгертілген ақпарат өзгерістер туралы хабардар етіледі.

64. Сараптама жасау ұйымы өтінім материалдарын өзгертуге, толықтыруға, түсіндіруге және түзетуге өтінімді қарастыру үшін қажетті қосымша материалдарды сұратуға құқылы.

65. Тауар таңбасын тіркеуден немесе ішінара тіркеуден алдын ала бас тарту туралы сараптама қорытындысына қарсылықты қарау кезінде өтінім берілген белгілерді тауартаңбасы ретінде тіркеуге жол бермейтін себептерді жою үшін мәні бойынша мәлімделген өтінімді өзгертпейтін өтініш материалдарына және белгілеріне өзгерістер енгізуге жол беріледі.

66. Өтініш берушінің атауын және/немесе мекенжайын өзгерту туралы өтінімге өзгерістер енгізу туралы қолдаухат тауар белгісін тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне тіркелгенге дейін сараптама жасау ұйымына жіберілуі мүмкін.

Қолдаухатқа келесілер:

жеке тұлғаның және/немесе оның тұрғылықты жерінің тегі, аты немесе әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның және/немесе оның орналасқан жерінің өзгергенін растайтын құжат;

өзгерістер енгізу туралы сараптама ұйымының қызметтері үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

өкілдік арқылы өтінім бойынша жұмыс істеген жағдайда сенімхаттың көшірмесі ұсынылады.

67. Өтінім нысанындағы қатені (қателерді) түзету, нақтылау және өтінімге түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы қолдаухат сараптама жасау ұйымына сараптама аяқталғанға дейін жіберіледі.

Қолдаухатқа келесілер:

Енгізілген нақтылауларымен жаңа өтінім нысаны;

өзгерістер енгізу туралы сараптама ұйымының қызметтері үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

өкілдік арқылы жұмыс істеген жағдайда сенімхаттың көшірмесі ұсынылады.

68. Өзгерістер енгізу туралы қолдаухатты сараптама жасау ұйымы өтінімді алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды. Барлық талаптарды қанағаттандыратын өтінімді қарастырудың нәтижелері бойынша өтініш берушіге өтініштің материалдарында өзгерістер енгізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде хабарлама жолданады.

4-параграф. Тауар таңбасына ие болу құқығына байланысты өтініш берушінің аты-жөні, тегі, әкесінің аты өзгергенде

69. Тауар таңбасын алу құқығын басқаға беру туралы өтініш жазбаша нысанда жасалады. Өтінішхат өтініш берушінің немесе оның өкілінің атынан ұсынылады және онда тауар белгісін алу құқығын басқа тұлғаға беру туралы өтініш берушінің келісімі, тауар белгісін алу құқығы берілетін тұлға туралы толық мәліметтер қамтылады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Қолдаухатқа тауар таңбасын тіркеуге өтінімнің материалдарына өзгерістер енгізу үшін төлемді растайтын құжат қоса беріледі, Төлемді растайтын құжат болмаған жағдайда, тауар белгісін алу құқығын беру туралы өтініш қарауға қабылданбайды, және ол туралы өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде хабарлама жолданады.

71. Өзгерістер енгізу туралы қолдаухатты сараптама жасау ұйымы өтінімді алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды. Өтінішті қараудың нәтижелері бойынша өтініш берушіге немесе өкілге құқықтарының басқаға беруіне байланысты өтініш берушінің атауындағы өзгерістер туралы бес жұмыс күні ішінде хабарланады.

72. Сараптама жасау ұйымы тауар таңбасын алуға құқықты басқаға беру туралы қолдаухатты қарау үшін қажетті қосымша материалдарды сұратуға құқылы.

5-тарау. Географиялық нұсқаманы, тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге атауын және/немесе тауар шығарылған жердің географиялық нұсқамасын пайдалану құқығын беруге өтінім беру және сараптама жүргізу

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Географиялық нұсқамаға және тауар шығарылған жер атауына өтінім беру тәртібі

Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Өтінім сараптама ұйымының кеңсесі, сараптама ұйымының сайты немесе Портал арқылы беріледі. Географиялық нұсқамаға арналған өтінімде қамтылған құжаттардың тізбесі, тауар шығарылған жердің атауы Заңның 29-бабында белгіленген.

Тауардың географиялық шығу тегімен едәуір дәрежеде айқындалатын оның сапасының, беделінің және (немесе) өзге де сипаттамаларының сипаттамасын растайтын құжатты немесе құжаттарды Заңның 29-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар береді.

Географиялық нұсқаманы, тауар шығарылған жердің атауын және (немесе) географиялық нұсқаманы тіркеуге, тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруге өтінім осы Қағидалардың 3, 4-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша ұсынылады. Қағаз тасығыштағы өтінім екі данада беріледі.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 18.06.2024 № 514 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73-1. Географиялық нұсқамаға, тауардың шыққан жерінің атауына өтінімде қамтылатын құжаттарға қойылатын талаптар.

Географиялық нұсқамаға өтінім бір ғана географиялық нұсқамаға қатысты болуы тиіс және Заңның 29-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді қамтуы қажет.

Тауардың шыққан жерінің атауына өтінім бір ғана тауар шыққан жерінің атауына қатысты болуы тиіс және Заңның 29-бабының 2 және 4-тармақтарында көрсетілген мәліметтерді қамтуы қажет.

Мемлекеттік тіркеуге өтініште келесі мәліметтер болуы тиіс:

өтінім берушінің (өтінім берушілердің) толық атауы, ел кодын ДЗМҰ стандарты st.3 бойынша көрсету;

заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгендігі туралы мәліметтер (Қазақстан Республикасының өтінім берушілері үшін);

өтінім берушінің (өтінім берушілердің) нақты орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы;

өкіл арқылы іс жүргізу жүргізілген жағдайда өкіл туралы толық мәліметтер;

хат-хабар алмасу үшін толық мекен-жай.

Өтінімде ұсынылған белгі тауардың шыққан жерінің атауы ретінде сөздік болуы тиіс.

Географиялық нұсқама ретінде аралас белгіні беруге жол беріледі.

Құқықтық қорғау сұралған тауар түрі бір нақты тауар ретінде көрсетілуі тиіс, жалпы немесе топтық ұғымдарды қолдануға жол берілмейді.

Тауардың белгілі бір сапасы, беделі немесе басқа сипаттамаларын сипаттау кезінде оның өндірісінде қолданылған бастапқы шикізат, сондай-ақ физикалық (форма, сыртқы көрініс, салмақ, көлем), химиялық (органикалық және бейорганикалық заттардың құрамы, элементтік құрам), микробиологиялық (ферменттердің қолданылуы, микроорганизмдердің болуы), органолептикалық (иіс, консистенция, түс, тактильдік сипаттамалар, хош иіс, дәм) немесе басқа қасиеттері туралы толық мәліметтер берілулері тиіс. Сипаттамада осы қасиеттердің қайсысы тауардың географиялық шығу тегіне, соның ішінде табиғи жағдайлардың, жергілікті орта ерекшеліктерінің, дәстүрлі өндіріс әдістерінің немесе сәйкес аймаққа тән басқа факторлардың әсерінен айтарлықтай қалыптасатыны ашық көрсетілуі қажет.

"Тауардың шығарылған (өндірілген) орнын (географиялық объектінің шекараларын) көрсету" бағанында тауарды тікелей өндіру жүзеге асырылатын шекараларды нақты көрсету қамтылуға тиіс. Географиялық объектінің шекаралары координаттар, жергілікті жердің табиғи шекаралары – өзендер, таулар, көлдер; әкімшілік шекаралар немесе басқа тәсілдермен сипатталуы мүмкін.

Өтінімге қоса берілетін құжаттар.

Тауар сипаттамаларының шығарылған (өндірілген) жерімен байланысына қатысты мәліметтер географиялық жағдайлардың, табиғи факторлардың және (немесе) тиісті аумаққа тән адами факторлардың тауардың белгілі бір қасиеттерін, беделін не өзге де сипаттамаларын қалай қалыптастыратынын немесе қамтамасыз ететінін егжей-тегжейлі сипаттауды қамтуға тиіс. Көрсетілген мәліметтер тауардың осы қасиеттері оның географиялық шығу тегіне тікелей байланысты екенін және белгіленген аумақтан тыс жерде қол жеткізуге болмайтынын растауға тиіс.

Тауарды өндіру тәсілін, оны сақтау және тасымалдау шарттарын сипаттау (егер бұл тауардың сипаттамаларын қалыптастыруға және сақтауға айтарлықтай әсер етсе) технологиялық процестің барлық кезеңдерін, қолданылатын әдістер мен операцияларды, қолданылатын жабдықты, сондай-ақ бастапқы шикізат пен материалдарға қойылатын талаптарды егжей-тегжейлі баяндауды қамтуы тиіс. Сипаттамада, егер олар оның белгілі бір қасиеттерінің, беделінің немесе өзге де сипаттамаларының қалыптасуына, сақталуына немесе тұрақтылығын қамтамасыз етуге елеулі әсер етсе, тауарды сақтау және тасымалдау шарттары мен режимдерін (температуралық, ылғалдылық, уақытша және өзге де параметрлер) көрсету қажет. Ұсынылған мәліметтер тауар айналымының өндірістік процестері мен шарттары оның географиялық шығу тегімен қалай байланысты екенін және мәлімделген қасиеттердің сақталуын қамтамасыз ететінін анықтауға мүмкіндік беруі тиіс.

Тауарды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын мәліметтерге: Егер тауарды өндіру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялануға немесе арнайы рұқсат етілуге жататын болса, лицензиялар, рұқсаттар немесе өзге де рұқсат беру құжаттары жатады.

Жергілікті атқарушы органның қорытындысы.

Егер атауы географиялық нұсқама ретінде мәлімделетін географиялық объект Қазақстан Республикасының аумағында болса, өтінімге жергілікті атқарушы органның осы географиялық объектінің шекарасында өтінім беруші тауардың ерекше қасиеттерін қалыптастыруға елеулі әсер ететін тауар өндірісінің ең болмағанда бір сатысын жүзеге асыратыны туралы қорытындысы қоса беріледі.

Егер атауы тауар шығарылған жердің атауы ретінде мәлімделетін географиялық объект Қазақстан Республикасының аумағында болса, өтінімге өтінім беруші мәлімделген тауарды осы географиялық объектінің шекарасында өндіретіні туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы қоса беріледі.

Географиялық нұсқамаға өтінім, тауардың шыққан жерінің атауына өтінім және оларға қоса берілген құжаттар қазақ немесе орыс тілінде ұсынылуы тиіс. Егер құжаттар басқа тілде берілсе, өтінім беруші өтінім берілген күннен бастап бір ай ішінде оларды қазақ немесе орыс тіліне аударып тапсыруы қажет.

Ескерту. 73-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Географиялық нұсқамаға, тауар шығарылған жердің атауына арналған өтінімге сараптама жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Географиялық нұсқама, тауардың шыққан жерінің атауына сараптама өтінім берілген күннен бастап үш ай ішінде жүргізіледі.

Сараптама ұйымы сараптама жүргізудің кез келген сатысында сараптама жүргізу үшін қажетті қосымша немесе нақтылаушы мәліметтерді сұратуға құқылы.

Өтінім берушіге сұрау салу жолданған жағдайда, сараптама жүргізу мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Өтінім берушінің өтініші бойынша, егер өтініш жауап беру үшін белгіленген мерзім аяқталғанға дейін келіп түскен жағдайда, сұрау салуға жауап беру мерзімі алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Сараптама сұрауына жауап немесе сұрау салуға жауап беру мерзімін ұзарту туралы өтініш белгіленген мерзімдер аяқталғаннан кейін келіп түспеген жағдайда, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтінім берушіге белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74-1. Сараптама жүргізу барысында өтінімде көрсетілген белгі Қазақстан Республикасының осы Заңының 26, 27, 29-баптарында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.

Ескерту. 74-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74-2. Географиялық нұсқамалар және тауарлардың шыққан жерінің атаулары ретінде мынадай белгілер тіркелмейді:

тауардың өндірілген орнына қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектілердің атауларын білдіретін белгілер.

Тауардың өндірілген орнына қатысты жаңылыстырушы белгі деп тауардың нақты өндірілген орнына байланысты емес географиялық объектіні көрсететін белгі танылады

Тауардың нақты өндірілген орнын формальды түрде көрсеткенімен, тауар басқа аумақтан шыққан деген қате түсінік қалыптастыратын белгілер.

Тауардың шыққан жері туралы қате түсінік беретін белгі деп формальды түрде нақты географиялық объектінің атауын қамтығанымен, тұтынушыда тауардың басқа жерде өндірілгені туралы әсер қалдыратын белгі танылады.

Тауарлардың өндірілген орнына байланысты емес географиялық объектілердің атауларын қамтитын белгілер.

Тауардың өндірілген орнына байланысты емес белгі деп географиялық объектінің атауын қамтығанымен, тіркеу сұралып отырған тауарлардың нақты өндірілген немесе шыққан орнына қатысы жоқ объектіні білдіретін белгі танылады.

осы тектес тауарларға қатысты бұрын географиялық нұсқама немесе тауардың шыққан жерінің атауы ретінде тіркелген белгілер.

Осы тектес тауарларға қатысты бұрын тіркелген белгі деп аталған тауар түрі үшін географиялық көрсеткіш немесе тауардың шыққан жерінің атауы ретінде құқықтық қорғауға ие болған белгі танылады, осыған байланысты оны қайта тіркеуге жол берілмейді.

егер мұндай географиялық нұсқаманы немесе тауардың шыққан жерінің атауын пайдалану тұтынушыны тауарға немесе оның өндірушісіне қатысты жаңылыстыруы мүмкін болса, басқа тұлғаның атына бұрын тіркелген белгімен бірдей немесе ұқсас белгілер.

Тұтынушыны жаңылыстыруы мүмкін белгі деп басқа тұлғаның атына бұрын тіркелген белгімен бірдей немесе ұқсас болып, тұтынушыда тауардың шығу тегі немесе оның өндірушісі туралы қате түсінік қалыптастыратын белгі танылады.

Ескерту. 74-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Сараптама ұйымының тауар шығарылған жердің географиялық нұсқамасын немесе атауын тіркеуден бас тарту және (немесе) географиялық нұсқаманы немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беру туралы шешіміне қарсылық берілген жағдайда, қарсылыққа қарсылықты қарау үшін ақы төленгені туралы құжат қоса беріледі. Ақы төленгенін растайтын құжат болмаған кезде сараптама ұйымы ақы төлеуге шот ұсынады. Төлем туралы құжат төлемге шот жіберілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей ұсынылады. Төлем туралы құжат ұсынылмаған кезде қарсылық қаралмайды.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Өтініш берушінің қолдаухаты бойынша қарсылық берудің соңғы мерзімі ұзартылады, бірақ алты айдан аспайды.

84. Өтініш берушінің қалауы бойынша қарсылық берудің мерзімі өтініш берушінің қолдаухаты бойынша осы мерзім аяқталған күннен бастап екі айдың ішінде беріледі, сондай-ақ қолдаухатта себептері мен өткізіп алған мерзімдері көрсетіледі.

85. Өтініш беруші өткізілген мерзімді қалпына келтіру туралы қолдаухатты қарсылық ретінде немесе оны беру мерзімін ұзарту туралы қолдаухатпен бір мезгілде береді.

86. Қарсылық беру мерзімін ұзарту туралы өтініш беруші өтпеген мерзімді қалпына келтіру туралы қолдаухатпен төлем туралы құжат қоса беріледі. Төлемді растайтын құжат болмаған кезде сараптама жасау ұйымы төлем үшін есеп шот ұсынады.

87. Тауар шығарылған жердің атауын немесе географиялық нұсқамасын тіркеуден бас тарту және/немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе географиялық нұсқамасын пайдалану құқығын беру туралы шешімге қарсылықты қарағаннан кейін сараптама ұйымы түпкілікті шешім қабылдайды.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Тауар шығарылған жердің атауына немесе географиялық нұсқамаға өтінімдері бойынша сараптаманың жекелеген мәселелері

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Тауар шығарылған жердің атауын немесе географиялық нұсқаманы тіркеуге және/немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын беруге арналған өтінімге сараптама жүргізу барысында өтінім беруші өтінім материалдарын мәні бойынша өзгертпей-ақ толықтыруға, нақтылауға немесе түзетуге құқылы.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Өтінім материалдарына өзгерістер, толықтырулар, нақтылаулар мен түзетулер енгізу туралы өтінішхат жазбаша нысанда жасалады. Өтініш өтінім берушінің немесе оның өкілінің атынан ұсынылады және өтінім нөмірін, өтінім берушінің атауын, өтінім бойынша өзгертін мәліметтерді қамтиды.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Өтінімге өтінім берушінің атауы мен мекенжайы, оның ішінде хат алмасу мекенжайы және өтінім берушінің өкілі туралы мәліметтер бөлігінде өзгерістер енгізу туралы өтінішхат тауар шығарылған жердің атауы немесе географиялық нұсқамасы тіркелгенге дейін және/немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе географиялық нұсқаманы мемлекеттік тізілімде пайдалану құқығы берілгенге дейін сараптама ұйымына ұсынылады.

Қолдаухатқа келесі:

жеке тұлғаның және (немесе) оның тұрғылықты жерінің атын, тегі мен / немесе әкесінің атын (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның және / немесе оның орналасқан жерінің өзгергенін растайтын құжат;

өзгерістер енгізу туралы сараптама ұйымының қызметтері үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

өкілдік арқылы өтінім бойынша жұмыс істеген жағдайда сенімхаттың көшірмесі ұсынылады.

Ескерту. 90-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Тауардың түрін көрсете отырып, өтінімге түзетулер мен толықтырулар енгізу, тауарлардың ерекше қасиеттерін, сапасын, беделін немесе өзге де сипаттамаларын, тауарлардың шыққан жерін (шығарылған жерін) (географиялық объектінің шекараларын) түзету туралы қателерді (қателерді) түзету туралы өтініштер сараптама аяқталғанға дейін ұсынылады.

Қолдаухатқа келесі:

Жаңа енгізілген нақтылаулармен өтініш;

өзгерістер енгізу туралы сараптама ұйымының қызметтері үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

өкілдік арқылы өтінім бойынша жұмыс істеген жағдайда сенімхаттың көшірмесі ұсынылады.

92. Егер қолдаухат осы талаптарға сәйкес келмесе, өзгерістер енгізу туралы өтініш қабылданбайды, ол өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарланады

Төлемді растайтын құжат болмаған жағдайда, өзгерістер енгізу туралы өтініш қабылданбайды, ол өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарланады

93. Өзгерістер енгізу туралы қолдаухатты сараптама жасау ұйымы өтінімді алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды. Барлық талаптарды қанағаттандыратын өтінімді қарастырудың нәтижелері бойынша өтініш беруші өтініштің материалдарында өзгерістер болғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде хабарлама жолданады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшасында оң жақ жоғары бұрыш жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Келіп түскен күні	Берілген күні	Өтінім №
Тауар таңбасын тіркеуге ӨТІНІМ	Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК-на Корғалжын тас жолы, 3Б ғимараты, Астана қ., 010000	

Осымен ұсынылған белгіні Қазақстан Республикасында тауар таңбасы (қызмет көрсету белгісі) ретінде тіркеу талап етіледі

Ұжымдық тауар таңбасы

Өтініш берушінің ұйымдық-құқықтық нысанын (өтініш берушінің жеке тұлға болған жағдайда, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса) көрсетіледі) толық атауы.

ДЗМҰСТ.3 стандарты бойынша ел коды (егер белгіленген болса)

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер, БСН нөмірі (салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі) немесе жеке кәсіпкер, ЖСН нөмірі (салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі) (Қазақстан Республикасының өтініш берушілер үшін)

Жеке басын куәландыратын құжат, ЖСН нөмірі (салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі) туралы ақпарат - жеке тұлғалар үшін (Қазақстан Республикасының өтініш берушілері үшін)

Өтініш берушінің мекенжайы, телефон, ұялы телефоны, телефакс, E-mail

Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе басқа өкіл:

Өтініш берушінің өкілі немесе патенттік сенім білдірілген өкілі болмаса

Өтініш берушінің өкілі немесе патенттік сенім білдірілген өкілі бар болса

Өкілеттілікті анықтау

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мекенжай (пошта индексі мен елдің атын қосқанда):

Хат алмасу үшін (адресаттың толық пошталық мекенжайы), телефон, ұялы телефон, телефакс, E-mail

Бұрын берілген өтінімде конвенциялық басымдылық сұралады, (өтінім)

Бірінші өтінімнің нөмірі

Сұралған басымдықтың күні

СТ.3 бойынша берілген елдің коды

Көрменің басымдығы сұралады

Ашық көрсетудің басталу күні

Өтініш берілген белгі:

орын үшін
сурет орналастыру
тауар белгісі

(8x8 сантиметр;

Жапсырмалар үшін 20x20
сантиметр)

Стандартты түрдегі тауар белгісі

Транслитерациясы

Қорғалмайтын элементтер

Аудармасы

Көлемді тауар белгісі

Голографиялық тауар белгісі

Иісті тауар таңбасы

Дыбысты тауар белгісі

Товарный знак в цветовом исполнении

Ұжымдық тауар белгісі

Түстерді көрсету

* Қазақстан Республикасының өтініш берушілері үшін Атаулары қазақ тілінде және/немесе орыс тілінде толтырылады

** Шет елдік өтініш берушілер үшін орыс тілінде толтырылады

Керегін белгілеу

Товары и услуги, для которых испрашивается охрана товарного знака, сгруппированные по классам МКТУ:

Тауар таңбасын қорғауды сұрайтын тауарлар мен қызметтер ТКҚХС сыныбы бойынша топтастырылған: Өтініш берілген белгі Қазақстан Республикасында бұрын №__ тіркелген.

Қосылған құжаттар тізімі:

Қағиданың 4-тармағына сәйкес, үш данада өтінім берілген белгілердің суреттері

Тауарлар / қызметтер тізімі (өтінімде жоқ тауарлардың / қызметтердің үлкен тізімі болған жағдайда)

Төлем құжатының көшірмесі: түбіртек / төлем тапсырмасы

Сенімхаттың көшірмесі

бұрын берілген өтінімнің қуәландырылған көшірмесі;

бұрын берілген өтінім аудармасының көшірмесі

ұжымдық тауар таңбасының жарғысы

Қағиданың 4-тармағында көрсетілгендерді қоса, басқа құжаттар (көрсетіңіз)

Парақтардың барлығы _____

Қосымша ұсынылған құжаттар тізбесін белгілеу

Осымен, өтінім берілген өтінімді тіркеуге өтінім беру басқа тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын бұзбағанын растаймын

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін Қолы

Уәкілетті тұлғаның лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Күні

Тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларына

Ұқсас әріптер және олардың сәйкестігі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақ транслитерациясы	Орыс транслитерациясы	Латын транслитерациясы
Һ-Ғ-Х	Ш=Ж	SH=SCH=J=G
Т-Д	Т=Д	T=D=GHT=TH
С-З-Ц	С=З=Ц	S=C=Z=SS
К-Г-Қ-Ғ	К=Г=Х	K= Q= G=H
В-Ф	В=Ф	V=F=PH=FF=W
П-Б	П=Б	P=B
Ш-Ч	Ч-Ш	CH=TCH=SH
У-Ү-Ұ	У=Ю	U=OO=YOU=OU
И-І	Е=И	E=Y=EE=EA=I
А- О-Ә	А=О=Я	A=O
О- А-Ө	О=А=У	
М-Н-Ң	М=Н	

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшасында оң жақ жоғары бұрыш жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Келіп түскен күні	Берілген күні	Өтінім №
Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚ-на Корғалжын тас жолы, 3Б ғимараты, Астана қ., 010000		
Тауар шығарылған жердің атауын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын ұсыну құқығын тіркеуге ӨТІНІШ		
<input type="checkbox"/>	Тауар шығарылған жер атауын және оны пайдалану құқығын тіркеу үшін	<input type="checkbox"/> бұрын тіркелген тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беру

Төменде көрсетілген құжаттарды тапсыру арқылы өтінімде көрсетілген белгілерді тауар шығарылған жердің атауы ретінде тіркеуді және оны пайдалану құқығын беруді сұраймын	Төменде көрсетілген құжаттарды тапсыру арқылы мен бұрын тіркелген тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруді сұраймын
Өтініш берушінің ұйымдық-құқықтық нысанын (өтініш берушінің жеке тұлға болған жағдайда, тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса) көрсетіледі) толық атауы.	ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша ел коды (егер белгіленген болса)
Заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат (Қазақстан Республикасының өтініш берушілері үшін)	
Өтініш берушінің мекенжайы, телефон, ұялы телефоны, телефакс, E-mail	
Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе басқа өкіл: <input type="checkbox"/>	
Өтініш берушінің өкілі немесе патенттік сенім білдірілген өкілі болмаса <input type="checkbox"/>	
Өтініш берушінің өкілі немесе патенттік сенім білдірілген өкілі бар болса Өкілеттілікті анықтау тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) Мекенжай (пошта индексі мен елдің атын қосқанда):	
Хат алмасу үшін (адресаттың толық пошталық мекенжайы), телефон, ұялы телефон, телефакс, E-mail	
Ұсынылған белгі (бас әріптермен басып шығару)	
Тауар түрі	
Өнімнің ерекше қасиеттерінің сипаттамасы немесе оның сапасы, беделі, басқа да сипаттамалары туралы ақпарат	
Тауарлардың шыққан жері (өнімі) (географиялық объектінің шекарасы)	
Қосымша ұсынылған құжаттар тізімі	Парақтар саны
<input type="checkbox"/> өтінімге сараптама жүргізу үшін төлем туралы құжат	
<input type="checkbox"/> жергілікті атқарушы органның қорытындысы	
<input type="checkbox"/> арнайы қасиеттердің, сапаның, беделдің және басқа да сипаттамалардың бар екендігін растайтын құжат	
<input type="checkbox"/> өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат	
<input type="checkbox"/> басқа құжаттар (көрсетіңіз)	
Қосымша ұсынылған құжаттар тізімін белгілеу <input type="checkbox"/> _____	
Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін	
Қолы	
Уәкілетті тұлғаның лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Күні	

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларына 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 18.06.2024 № 514 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Түскен күні	Ұсыну күні	Өтінім №
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны 010000, Нұр-сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57а		
Географиялық нұсқаманы тіркеуге немесе географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын беруге өтінім		
<input type="checkbox"/> географиялық нұсқаманы тіркеуге және оны пайдалану құқығын беруге Төменде көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, өтінімде көрсетілген белгіні географиялық нұсқама ретінде тіркеуді және оны пайдалану құқығын беруді сұраймын	<input type="checkbox"/> бұрын тіркелген географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын беруге Төменде көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, бұрын тіркелген географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын беруді сұраймын	
Ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып, өтініш берушінің толық атауы (Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), егер өтініш беруші жеке кәсіпкер болса)		Стандарт бойынша елдің коды 3 ДЗМҰ
Заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (Қазақстан Республикасының өтініш берушілері үшін)		
Өтініш берушінің мекенжайы, телефоны, ұялы телефоны, телефакс, E-mail		
Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл <input type="checkbox"/>		
Өкілді сәйкестендіру: Өкілдің атауы немесе Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) Мекенжайы (электрондық мекенжайды, почта индексі және елдің атауын қоса алғанда) Өтініш берушінің өкілі немесе патенттік сенім білдірілген өкілі болмаса <input type="checkbox"/>		

Хат-хабар алмасуға арналған мекенжай (адресатты көрсете отырып, толық почталық мекенжай), телефон, ұялы телефон, телефакс, E-mail	
Мәлімделетін белгі (бас әріптермен басып шығару)	
Тауар түрі	
Тауардың белгілі бір сапасын, беделін немесе басқа да сипаттамаларын сипаттау	
Тауардың шығарылған (өндірілген) орны (географиялық объектінің шекарасы)	
Қоса берілген құжаттардың тізбесі	Парақтар саны
<input type="checkbox"/>	
өтінімге сараптама жүргізгені үшін ақы төленгені туралы құжат	
<input type="checkbox"/>	
жергілікті атқарушы органның қорытындысы	
<input type="checkbox"/>	
тауардың белгілі бір сапасын, беделін немесе басқа да сипаттамаларын растайтын құжат	
<input type="checkbox"/>	
өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат	
<input type="checkbox"/>	
Басқа да құжаттар (көрсету)	
Қоса берілетін құжаттардың тізбесі беруші _____ Қолы Лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) күні	

Тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, географиялық нұсқамаларға және тауар шығарылған жерлердің атауларына арналған өтінімдерге сараптама жүргізу қағидаларына
5-қосымша

Тауар белгісіне, қызмет көрсету белгісіне жедел сараптама жүргізу туралы өтінішхат

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Әділет министрінің 08.02.2024 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгісіне, қызмет көрсету белгісіне мәлімделген белгіге жедел сараптама жүргізуді сұраймын

(жеделдетілген сараптама жүргізу үшін себептер мен негіздемелерді көрсету).

Осы арқылы конвенциялық, көрме және (немесе) өзге де басымдық бойынша өтінім болған жағдайда тауар таңбасын тіркеудің ықтимал күшін жою туралы хабардар екенімді растаймын.

Төлем жасалғанын растайтын құжат ұсынылады.

Күні _____ ТАӘ _____
Қолы _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 29 тамыздағы
№ 1349 бұйрығына
4-қосымша

Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізу қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 шілдедегі "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 4-бабының 2) тармақшасының екінші абзацына сәйкес әзірленді және интегралдық микросхема топологиясын тіркеу бойынша өтінімдерге сараптама жасау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) интегралдық микросхема - элементтері мен байланыстары оның негізінде бұйым жасалған материалдың көлемінде және немесе бетінде ажыратылмастан құрылған электрондық схеманың қызметін атқаруға арналған аяқталған немесе аралық нысандағы микроэлектрондық бұйым;

2) интегралдық микросхема топологиясы (бұдан әрі - топология) - интегралдық микросхема элементтерінің жиынтығы мен олардың арасындағы байланыстардың материалдық жеткізгіште бекітілген кеңістік - геометриялық орналасуы;

3) құқық иеленуші - автор, оның мұрагері, сондай-ақ заңға немесе шартқа байланысты алынған айрықша құқықты иеленуші кез келген жеке немесе заңды тұлға;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдер - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зияткерлік меншік саласында уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

5) сараптама ұйымы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы.

6) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

2-тарау. Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеуге сараптама жүргізу үшін өтінімдер беру тәртібі

3. Топология авторы немесе өзге де құқық иеленуші сараптама ұйымына интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге өтінім (бұдан әрі - өтінім) беру жолымен топологияны тіркеуге құқылы.

Егер жұмыс беруші мен автордың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, қызметтік міндеттерді немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған топологияға айрықша құқық жұмыс берушіге тиесілі болады.

Топология авторы мынадай жағдайларда өтінім тапсырады:

егер топология қызметтік міндеттерді немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау ретінде жасалған болып табылмаса;

егер топология қызметтік міндеттерді немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау ретінде жасалған, бірақ автор мен жұмыс беруші арасындағы шартпен автор тіркеуге өтінім беруге және топологияны тіркеу туралы куәлік алуға құқығы көзделген болса.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Өтінім сараптама ұйымына кеңсе арқылы, почта арқылы немесе сараптама ұйымының ресми www.qazpatent.kz сайты немесе электрондық үкіметтің www.egov.kz веб-порталы арқылы беріледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Өтінім өтініш берушімен тікелей немесе өкіл арқылы, оның ішінде уәкілетті органда тіркелген патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы беріледі.

Өкілдің өкілеттілігі сенімхатпен расталады.

Өтінім келесі құжаттармен қамтылған:

1) атына тіркеу сұралатын авторы (лары) және тұлға (лар), сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, топологияның бірінші пайдаланылған күні, егер ондай орын алған болса, көрсетіле отырып интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) рефератты қоса алғанда, топологияны сәйкестендіретін материалдар;

3) тіркеу туралы өтінім өкілдік арқылы берілсе, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - Азаматтық кодекс) талаптарына сәйкес берілген сенімхаттың көшірмесі.

Өтінімге интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеуге арналған өтінімді қабылдау және оған сараптама жүргізу үшін төлемнің жасалғанын растайтын құжат қоса беріледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Өтінім және оған қоса берілетін құжат қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Егер өтінімнің өзге құжаттары басқа тілде ұсынылса, өтінімге олардың аудармасы қоса беріледі.

Аударма өтініммен бір мезгілде немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде ұсынылуға тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Барлық құжаттар оларды тікелей көшірмелеуге жарамды болатындай етіп ресімделеді.

Әрбір парақтың жолдары сол парақтың ашық қалдырылған жиегіне қатарластыра орналастырылып, бір жағы ғана пайдаланылады.

8. Өтінімнің құжаттары берік, ақ, тегіс, селдір емес, жылтыр емес қағазда орындалады.

9. Өтінімнің әрбір құжатының екінші және одан кейінгі парақтары араб цифрларымен нөмірленеді.

Екі және одан да көп өтініш берушілер тіркеуге өтінім берген кезде өтінішке және оған толықтыруға (ларға) олардың әрқайсысының қолы қойылады.

10. Коммерциялық мақсаттарда пайдаланылмайтын топологияны тіркеуге өтінім келіп түскенге дейін сәйкестендіру материалдары, мыналарды қамтиды:

1) топологияның әрбір қабатын бейнелейтін, мынадай визуальды қабылданатын материалдардың әрбір түрлерінің толық жиынтығы;

2) құрама топологиялық сызба немесе қабатты топологиялық сызбалар;

4) кейіннен ресми бюллетеньде жариялауға арналған мынадай мәліметтерді қамтитын реферат:

өтініште және оған толықтыруда (ларда) көрсетілген әрбір автордың тегі, аты және әкесінің аты (егер ол болса);

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол болса) немесе әрбір құқық иеленушінің аты;

топологияның атауы;

интегралдық микросхеманы дайындау үшін қолданылатын технологияның түрі;

интегралдық микросхеманың қолданылу саласын, мақсатын, қызметін қамтитын аннотация көрсетілуі тиіс.

Аннотацияның көлемі - 700 баспалық белгіге дейін.

11. Өтінім тіркеуге келіп түскен күнге дейін коммерциялық мақсаттарда пайдаланылған топологияны сәйкестендіру мақсатында, топологияны сәйкестендіру материалдарында, осы топологияның коммерциялық мақсаттарда пайдаланылған түрін

қамтитын интегралдық микросхеманың үлгілері қосымша екі данада болуы тиіс, ал рефератта коммерциялық мақсатта бірінші пайдаланылған күн туралы және интегралдық микросхема үлгісінің негізгі техникалық сипаттамасы туралы мәліметтер қосымша қамтылуы тиіс.

12. Көзбен көріп қабылданатын материалдардың бейнесі кемінде 20:1 масштабта ұсынылуы тиіс.

Фотосуреттегі бейненің түсі қарама-қарсы болуы тиіс.

Сызбалар мен фотосуреттердің барлық даналарында бейненің масштабы көрсетілуі тиіс.

13. Егер топологияның қандай да бір қабаты көзбен көріп қабылданатын материалдарда құпиялық сипаттағы мәліметтерді қамтитын болса, бұл қабаттың тиісті бөлігі (немесе түгел қабаты) алынып тасталады да топологияны сәйкестендіретін материалдар құрамына кодталған түрде енгізіледі.

3-тарау. Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеуге арналған сараптама өтінімдері бойынша істерді жүргізу тәртібі

14. Өтінім бергеннен кейін ол бойынша хат жазысу және өтінімді қараған кезде өз мүддесін қорғау үшін өтініш беруші Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат бере отырып өкіл тағайындай алады.

15. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұратын жеке тұлға немесе шетелдік заңды тұлға топологияны тіркеу жөніндегі істі патенттік сенім білдіруші арқылы жүргізеді.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлға, хат жазысу үшін Қазақстан Республикасының шегіндегі мекенжайын көрсеткен жағдайда, топологияны тіркеуге байланысты істі патенттік сенім білдірушісіз жүргізе алады.

16. Өтінім берілгеннен кейін жіберілген материалдарда, өтініштің нөмірі мен өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы болуы тиіс, өзге жағдайда материалдар қараусыз қайтарылады.

17. Іс жүргізу мемлекеттік немесе орыс тілінде жүргізіледі. Оқуға келмейтін материалдар қаралмайды. Мұндай материалдарды ұсынған тұлғаға тиісті хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінде топология тіркелгенге дейін өтінім беруші өтінім материалдарын толықтыруға, нақтылауға және түзетуге құқылы.

Түзетілген материалдарды өтініш беруші алмастырушы парақтар түрінде ұсынады.

Егер түзету жаңсақ басылуға, библиографиялық деректерді көрсетудегі қателіктерге және тағы басқаларға қатысты болса және құжатты түзету тікелей көшірме жасаған кезде нақтылыққа қатысты теріс салдарларға апарып соқпаса, түзету енгізудің қажеттігі алмастырушы парақтарды ұсынбастан өтініш берушінің хатында білдірілуі мүмкін.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу туралы өтінімдерге сараптама жүргізу тәртібі

19. Егер өтініштің келіп түскен материалдарында өтініш және сызбалар немесе топологияның көшірмесі қамтылса, онда олардың келіп түскен күні қойылып тіркеледі. Өтінішке уәкілетті органның кіріс нөмірі беріледі.

Өтініш материалдарының келіп түсуі туралы өтініш берушіге уәкілетті орган қойған деректемелермен (кіріс нөмірі және келіп түскен күні) өтініштің бір данасын беру немесе жіберу жолымен хабарланады.

20. Сараптама ұйымымен бес жұмыс күні ішінде өтінімді қарастыру барысында: өтініште мазмұндалуға немесе оған қоса тіркелуге тиіс құжаттардың болуы;

өтініш құжаттарына қойылатын осы Қағиданың белгіленген талаптарының сақталуы тексеріледі.

Өтінішті қарау топологияның түпнұсқалылығы, өтініш берушінің өтініште көрсетілген мәліметтерді немесе олардың дұрыстығын қорғауға құқығы тексерілмей жүзеге асырылады. Сараптама сұрауына жауап алынғанға дейін өтінімге сараптама жүргізу мерзімінің есептелуі тоқтатыла тұрады. Сараптама нәтижесінде құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкес келетіні анықталған жағдайда, сараптамалық ұйым интегралдық микросхемалар топологиясын тіркеу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген құжаттар өтінімде болмаған жағдайда немесе құжаттарды тікелей қайта жаңғыртуға кедергі келтіретін ресімдеу кемшіліктері (парақтардың форматына, жиек өлшемдеріне қойылатын талаптардың бұзылуы, басып шығару сапасы) анықталған кезде, өтінім берушіге оларды түзету немесе жоқ құжаттарды ұсыну туралы ұсыныспен, жіберілген күнінен бастап бір ай мерзімде жауап беру үшін сұрау жіберіледі. Өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылған материалдарды ұсынбаған жағдайда, өтінім қайтарып алынған болып есептеледі және іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтінім беруші үш жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Интегралдық микросхемалар
топологияларын тіркеу туралы
өтініштерге сараптама
жүргізу қағидаларына
қосымша

КІРІС НӨМІРІ _____ Түскен күні: _____. _____. 20 _____	(21) ӨТІНІМІНІҢ ТІРКЕУ НӨМІРІ _____	(22) ҰСЫНУ КҮНІ _____
Интегралдық микросхематопологиясын тіркеу туралы ӨТІНІШ	ХАТ АЛМАСУ МЕКЕНЖАЙЫ (Пошталық индекс, Қазақстан Республикасының аумағында мекенжайы, фамилиясы, аты, әкесінің аты (соңғы болған жағдайда) немесе адресаттың аты) Тел: _____ Факс: _____ Электрондық пошта мекенжайы: _____	
Төменде көрсетілген құжаттарды тапсыру арқылы өтініш беруші тіркеуге ұсынылған объектіде мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтердің жоқтығын растайды және ҚР ӘМ "ҰЗМИ" РМК тіркелген объектіні сәйкестендіретін материалдарды қағаз жеткізгіште және электрондық жеткізгіште көшіріп алу, соның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін ЭЕМ ге жазу.		
1. ТІРКЕЛГЕН ТОПОЛОГИЯМЕН ИНТЕГРАЛДЫҚ МИКРОСХЕМА АТАУЫ: БАЛАМАЛЫ АТАУ: ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУ:		
2. ҚҰҚЫҚИЕЛЕНУШІ (ӨТІНІМ БЕРУШІ (ЖӘНЕ) БСН: _____ ЖСН: _____ _____ Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі: _____ (Жеке тұлғаның аты-жөні) және заңды тұлғаның атауы (құрылтай құжаттарына сәйкес) және орналасқан жері (заңды тұлға үшін), оның ішінде елдің атауы автор (лар) - автор (лар) тұратын жер туралы мәліметтер 5А бағанында келтірілген)		
3. ТІРКЕУ ТОПОЛОГИЯСЫНА ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ НЕГІЗІ (белгілеу [X]) (егер өтініш беруші заңды тұлға болса немесе өтініш берушілердің құрамы авторлардың құрамына сәйкес келмесе) <input type="checkbox"/> өтінім беруші жұмыс беруші болып табылады <input type="checkbox"/> автордың немесе оның құқықтық мирасқорының құқығын өтініш берушіге беру <input type="checkbox"/> құқық беруші өтінім берушіге жұмыс беруші <input type="checkbox"/> жанжақты мұрагерлік тәртібімен (мұрагерлік, қайта құру) <input type="checkbox"/> өтінім беруші автор болып табылады		



Басқаларды көрсету

4. МЕСТО И ДАТА ПЕРВОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ РЕГИСТРИРУЕМОЙ ТОПОЛОГИИ

Ел: _____ күні: айы: жылы:

5. АВТОРЛАР Барлық авторлар _____



авторлар осылай аталуға бас тартса

5А. АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Туған жылы: күні: айы: жылы: Азаматтығы:

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Телефон нөмірі мен мемлекетін көрсете отырып, тұрғылықты мекенжайын:

Тіркелген топологияны құруға автордың шығармашылық үлесінің қысқаша сипаттамасы:

6. ТОПОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ КҮНІ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚИЕЛЕНУШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Азаматтығы:

Мекенжайы: Телефоны:

6А. ҚОРҒАЛҒАН ТОПОЛОГИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (осы топологияны құру кезінде пайдаланылады)

7. "ҰЗМИ" РМК қызмет көрсету ақысы



төленген



төленбеген

ТӨЛЕУШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ (жеке тұлғаның аты-жөні (егер бар болса) немесе заңды тұлғаның атауы):



жеке тұлға үшін

Жеке басын куәландыратын құжаттың сериясы және нөмірі:

ЖСН:



заңды тұлға үшін

БСН:

БСК:

БСК:

8. ҮШІНШІ ТАРАПТАРҒА ЖЕТКІЗУ ҮШІН БАЙЛАНЫС РЕКВИЗИТТЕРІ (телефон, электронды пошта және т.б.):

9. ӨТІНІМ БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚ ИЕЛЕНУШІНІҢ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ӨКІЛІНІҢ ҚОЛЫ _____

(Заңды тұлғаның атынан өтінішке ұйым басшысына немесе оны уәкілеттік берген басқа тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің лауазымын көрсете отырып және мөрмен бекітілген жағдайда заңды тұлғаның мөрімен куәландырылады. Кез-келген тұлғаның қолы, аты-жөні мен аты-жөні және өтінішке қол қойылған күні көрсетілуге тиіс. Құқық иеленушілер-жеке тұлғалар, осы өтініште көрсетілген жеке деректерді мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мақсаттар мен көлемдерге, сондай-ақ тіркелген объектіге айрықша құқықтың қолданылу кезеңінде қолдануға келісетіндігін растайды)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК